



МЕЖДУНАРОДНАЯ АССОЦИАЦИЯ  
УНИВЕРСИТЕТОВ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА

КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА  
ОО «ОЛИМПИЙСКАЯ АКАДЕМИЯ»

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ПРОФЕССОР,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ  
**ЕРКІН КИНАЯТҰЛЫ УАНБАЕВТЫҢ**  
**70 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫНА** АРНАЛҒАН  
**«БІЛІМ БЕРУ, ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ,  
ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТТАҒЫ ИННОВАЦИЯ»**  
VII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
**МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

VII Международной научно-практической конференции  
**«ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ,  
ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ, СПОРТЕ И ТУРИЗМЕ»**  
ПОСВЯЩЕННУЮ **70-ЛЕТИЮ** КАНДИДАТА  
ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА, АКАДЕМИКА АКАДЕМИИ  
ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
**УАНБАЕВА ЕРКИНА КИНАЯТОВИЧА**

### **COLLECTION OF MATERIALS**

VII International Scientific and Practical Conference  
**“INNOVATIONS IN EDUCATION, PHYSICAL  
EDUCATION, SPORTS AND TOURISM”**  
DEDICATED TO THE **70TH ANNIVERSARY**  
OF CANDIDATE OF PEDAGOGICAL SCIENCES, PROFESSOR,  
ACADEMICIAN OF THE ACADEMY OF PEDAGOGICAL  
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
**UANBAYEV ERKIN KINAYATOVICH**

**04 қазан/октябрь/ October, 2024**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**МЕЖДУНАРОДНАЯ АССОЦИАЦИЯ  
УНИВЕРСИТЕТОВ ФИЗИЧЕСКОЙ  
КУЛЬТУРЫ И СПОРТА**



**КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И  
ТУРИЗМА**

**ОО «ОЛИМПИЙСКАЯ АКАДЕМИЯ»**

**ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ,  
ПРОФЕССОР, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ  
ЕРКІН КИНАЯТҰЛЫ УАНБАЕВТЫҢ 70 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫНА  
АРНАЛҒАН «БІЛІМ БЕРУ, ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ, ТУРИЗМ ЖӘНЕ  
СПОРТТАҒЫ ИННОВАЦИЯ» VII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференциясының  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

**VII Международной научно-практической конференции  
«ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ, ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ,  
СПОРТЕ И ТУРИЗМЕ» ПОСВЯЩЕННУЮ 70-ЛЕТИЮ КАНДИДАТА  
ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА, АКАДЕМИКА АКАДЕМИИ  
ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
УАНБАЕВА ЕРКИНА КИНАЯТОВИЧА**

**COLLECTION OF MATERIALS**

**VII International Scientific and Practical Conference  
“INNOVATIONS IN EDUCATION, PHYSICAL EDUCATION, SPORTS  
AND TOURISM” DEDICATED TO THE 70TH ANNIVERSARY OF  
CANDIDATE OF PEDAGOGICAL SCIENCES, PROFESSOR,  
ACADEMICIAN OF THE ACADEMY OF PEDAGOGICAL SCIENCES OF  
THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN UANBAYEV ERKIN  
KINAYATOVICH**

**04 қазан/октябрь/ october, 2024**

ӘОЖ 001  
КБЖ 72  
Б 82

**Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Еркін Кинаятұлы Уанбаевтың 70 жас мерейтойына арналған «Білім беру, дене мәдениеті, туризм және спорттағы инновация» VII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. 04 қазан 2024 ж. – Алматы: ҚазСТА, 2024. - 222 б.**

**ISBN 978-601-7964-90-20**

Жинаққа Қазақ спорт және туризм академиясында «Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Еркін Кинаятұлы Уанбаевтың 70 жас мерейтойына арналған «Білім беру, дене мәдениеті, туризм және спорттағы инновация» VII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар енгізілді.

Конференцияның мақсаты – қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ықпалдарын біріктіріп дене шынықтыру, спорт және туризм саласындағы өзекті мәселелерді талқылау және шешу болды. Бұл іс-шараларға Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Түрік жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері мен шебер-практиктері қатысты.

**Редакциялық кеңес**

- Дошыбеков А. Б.** Қазақ спорт және туризм академиясының ғылым және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, PhD докторы, қауымдастырылған профессор
- Кенжебекова Г.У.** Қазақ спорт және туризм академиясының ғылым және халықаралық байланыстар бөлімінің басшысы, техника ғылымдарының кандидаты
- Белегова А. А.** Қазақ спорт және туризм академиясы, PhD докторы, Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері кафедрасының меңгерушісі
- Балтина А.С.** Қазақ спорт және туризм академиясы, магистр, Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері кафедрасы
- Тазабек Е.** Қазақ спорт және туризм академиясы, магистр, Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері кафедрасы

**Редакционный совет**

- Дошыбеков А.Б.** Проректор по науке и стратегическому развитию Казахской академии спорта и туризма, доктор PhD, ассоциированный профессор
- Кенжебекова Г.У.** Руководитель отдела науки и международных связей Казахской академии спорта и туризма, кандидат технических наук
- Белегова А.А.** Казахская академия спорта и туризма, доктор PhD, заведующий кафедрой Теоретических основ физической культуры и спорта
- Балтина А.С.** Казахская академия спорта и туризма, магистр, кафедра Теоретических основ физической культуры и спорта
- Тазабек Е.** Казахская академия спорта и туризма, магистр, кафедра Теоретических основ физической культуры и спорта

**Editorial Board**

- Doshibekov A.B.** Vice-Rector for Science and Strategic Development of the Kazakh Academy of Sports and Tourism, PhD, Associate Professor
- Kenzhebekova G.U.** Head of the Department of Science and International Relations of the Kazakh Academy of Sport and Tourism, Candidate of Technical Sciences
- Belegova A.A.** Kazakh Academy of Sports and Tourism, PhD, Head of the Department of Theoretical Foundations of Physical Culture and Sports
- Baltina A.S.** Kazakh Academy of Sports and Tourism, Master's Degree, Department of Theoretical Foundations of Physical Culture and Sports
- Tazabek E.** Kazakh Academy of Sports and Tourism, Master's Degree, Department of Theoretical Foundations of Physical Culture and Sports

-----  
**МАЗМҰНЫ//СОДЕРЖАНИЕ**

<b>ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ PLENARY SESSION</b>	
<b>КУСАИНОВ А.К.</b> Білім сапасы – ол ел дамуының түп қазығы	14
<b>КУЛЬНАЗАРОВ А.К.</b> Атақты спортшы, зерделі математик – Әмин Тұяқовтың жұлдызды шақтары	17
<b>ТАЖИБАЕВА У.К.</b> Обучение профессиональным терминам национального конного спорта студентов физической культуры и спорта	20
<b>ГОНЧАРОВА М.С.</b> Алгоритм формирования оценочных средств контрольных испытаний по физической культуре студентов с ограниченными возможностями здоровья	23
<b>ЕСІРКЕПОВ Ж.М., ЕГІЗБАЕВ Ж., ИСКАКОВ Т.Б.</b> Париж олимпиадасы: Қазақстан спортшыларының жетістіктері мен кемшіліктері	27
<b>УАНБАЕВ Е.К.</b> Негізгі пән - дене мәдениетінің теориясы мен әдістемесін оқытудың заманауи технологиясы	34
<b>ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ, СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ МАМАНДАРЫН КӘСІБИ, САПАЛЫ ДАЯРЛАУ ЖОЛДАРЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ, КАЧЕСТВЕННАЯ ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ ПО ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ, СПОРТУ И ТУРИЗМУ PROFESSIONAL, HIGH-QUALITY TRAINING OF SPECIALISTS IN PHYSICAL CULTURE, SPORTS AND TOURISM</b>	
<b>МУРАТОВ А.М.</b> Жасөспірім кезіндегі волейбол ойыншыларының жаттығу ерекшеліктерін талдау	40
<b>АБДЕН А.Қ., САМАТҚЫЗЫ Н.</b> Особенности занятий физической культурой и спортом при бронхиальной астме	44
<b>БАЛТАБАЕВА Б.Ж.</b> Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қозғалыс ойындар арқылы дамыту	49
<b>СӘБИТОВ Ғ.Е., БАЙЗАКОВА Н.О., РАХИМБЕКОВА Ж.С., КУДЕРИЕВ Ж.К., ЗӘУРЕНБЕК Б.З.</b> Орта мектеп жасындағы балалардың дене қасиеттерінің даму динамикасы	53
<b>ДАЙРАБАЕВ С.Е., МУХИДИНОВ Е.М., САРСЕКЕЕВ Г.М., ТУЯКБАЕВА М.Ш.</b> Особенности воздействия объема и интенсивности физических нагрузок на умственную работоспособность студентов.	56

<b>ЖҮНІСБЕК Д.Н., КЕФЕР Н.Э., МУТЛАХУНОВ А., СИСЕМБАЙ А., БУБЕЕВ А.К.</b> Современные подходы к начальному обучению технике волейбола по программе «мини волейбол»	60
<b>АБУОВ Е.М., КУРМАНАЙ Ж.Ж.</b> Жасөспірімдердің дене қуатын жетілдірудегі дене тәрбиесінің маңызы	63
<b>ЖҮНІСБЕК Д.Н., ШАНКУЛОВ Е.Т., БАЙЗАКОВА Н.О., ИСКАКОВА А.М., СҮЛЕЙМЕН Е.О.</b> Баскетболды ойнау кезінде қозғалыс ойындарды қолдану арқылы үйрету	67
<b>САНАТБЕК Д.М., ӘЛЕНОВ Н.Ж., АХМЕТКАРИМ М., АБЕКОВ Р.Б., ЗӘУРЕНБЕК Б.</b> Дайындық кезеңіндегі дене жүктемелерінің баскетболшылардың функционалдық мүмкіндіктеріне әсер ету ерекшеліктері	70
<b>КӨКЕБАЕВА Р.С., СЕЙСЕНБЕКОВ Е.К., АЗІРБАЙЖАН Е.Н., САПАР Е.Т.</b> Білім алушылардың дене дайындығының деңгейі мен оқытушылардың кәсіби шеберлігін айқындайтын интегралды көрсеткіштер сипаттамасы	73
<b>ИСКАЛИЕВА Ж. Ж., БАХТИЯРОВА С.Ж.</b> Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың денсаулығы мен дене белсенділігінің жағдайы әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде	77
<b>АМРЕНОВА А.К., АМЕРЖАН А.М.</b> Жоғары сынып оқушылардың орта қашықтыққа жүгірудегі дене қуаты қасиетін төзімділік қабілетін дамыту	81
<b>БІЛІКТІ СПОРТШЫЛАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ. ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫ ЖӘНЕ КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА КОМАНДАСЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ КВАЛИФИЦИРОВАННЫХ СПОРТСМЕНОВ. ДОСТИЖЕНИЯ И НЕДОСТАТКИ СБОРНОЙ КАЗАХСТАНА НА ПАРИЖСКОЙ ОЛИМПИАДЕ И ИГРАХ КОЧЕВНИКОВ MODERN PROBLEMS OF TRAINING QUALIFIED ATHLETES. ACHIEVEMENTS AND SHORTCOMINGS OF THE KAZAKHSTAN NATIONAL TEAM AT THE PARIS OLYMPICS AND THE NOMAD GAMES</b>	
<b>БЕРЕЗОВСКАЯ А. А.</b> Определение уровня физической подготовленности гребцов с помощью тестирования	88
<b>ГОЛОХА Л.И.</b> Применение психомоторных тестов при отборе детей 11 – 13 лет в плавании	91
<b>САРСЕКЕЕВ Г.М., ДАЙРАБАЕВ С.Е., ТУЛЕГЕНОВ Е.К., ОТЕПОВ Б.Т.</b> Координационные способности, как одно из условий спортивных достижений в спортивной акробатике	94
<b>КОШЕРБАЕВА Г.Н., БЕЛЕГОВА А.А.</b> Управления эмоциями в спортивной деятельности	98

<b>МАТАКБАЙ Б.Н., ЖҮНІСБЕК Д.Н.</b> Әр түрлі ойын жағдайында, допты үйлестіру кезінде волейболшылардың техникалық-тактикалық дайындығын жетілдіру	102
<b>МӘСӘЛІМ Ш.Е., ҚОЖАҚАНОВ Ж.М.</b> Қазақтың аударыспақ және ат үсті ойындарының пайда болу және даму тарихы	106
<b>ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ, СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ, В СФЕРЕ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ, СПОРТА И ТУРИЗМА INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN EDUCATION, PHYSICAL EDUCATION, SPORTS AND TOURISM</b>	
<b>ДОСҚАРАЕВ Б.М., ЖОЛДАСБЕК Б.А.</b> Дене шынықтыру және спорт саласында жасанды интеллектіні қолдану туралы	111
<b>ШАҒАТАЕВА З.Е., КИІКБАЙ І.А</b> Эмпирикалық деректер негізіндегі спортшыларды дайындауда цифрлық технологияларды пайдаланудың тиімділігі	115
<b>ОЗЕНБАЕВ М.Р., АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ М.</b> Қазақтың ұлттық ойындарының дене тәрбиесі сабағындағы маңызы	120
<b>НАУРЗБАЕВ Н.Н.</b> Тренажерлік жүйе арқылы волейбол ойынының техникасын тиімді жетілдіру	125
<b>МҰХАМЕДЖАНОВ Б.Қ., ОМАРОВ Б.С.</b> Дене тәрбиесінің жеке тұлғаның дамуындағы маңыздылығы туралы	127
<b>БЕКТУРҒАНОВ О. Е., КОЖАМЖАРОВ Т. Т.</b> Казак курес как средство спортивно-ориентированного физического воспитания школьников	137
<b>САУЫҚТЫРУ ЖӘНЕ БЕЙІМДІК ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ (ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, ПЕРСПЕКТИВАЛАР) ОЗДОРОВИТЕЛЬНАЯ И АДАПТИВНАЯ ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА (ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ) WELLNESS AND ADAPTIVE PHYSICAL EDUCATION (EXPERIENCE, PROBLEMS, PROSPECTS)</b>	
<b>СУЛТАНОВ А.К., МОЛДАКАНОВА Ж.Е.</b> Влияние стресса на организм спортсмена	145
<b>БЕКЕНОВ А.Н., ТЕМИРГАЛИЕВА С.Е., АЙГУЖИНОВА Г.З., УСИНА Ж., БЕРКИНОВ Н.Р.</b> Влияние киберспорта и адаптивного спорта на студентов: шаг к инклюзии	148
<b>БОТАГАРИЕВ Т.А., КУБИЕВА С.С., ӨТЕГЕНОВ Н.Ө., АЗАМАНОВА Ж., КАЙНАЗАРОВ Н.Д.</b> Специфика методики адаптивного физического воспитания детей 7-9 лет с расстройством аутистического спектра	152



<b>УНТАЕВ Х.К., АХМЕТКАРИМ М., РАХЫМБАЕВ. Р.К., ТАСТАНОВ М.Ж.</b> Мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдерді қысқа қашықтыққа жүгіруге үйрету барысында дене қасиеттерін жан-жақты жетілдіру жолдары	158
<b>ТАСТАНОВ Ә.Ж., БАЙБАЛАЕВ А.Б., КАНАПЬЯНОВ З.С., ЖУПАРХАН Ж</b> 14-17 жастағы оқушыларының сыртқы дене бітімінің ерекшеліктеріне қарай дене даярлығын жетілдіру жолдары	162
<b>МОМОТОВА О.В.</b> Особенности организации занятий по физвоспитанию в колледже для студентов с ослабленным здоровьем	167
<b>ЗИКЕНОВ А.М., САХАЕВ Б.Т., ТАСТАНОВ А.Ж.</b> Влияние родителей в адаптивной физической культуре для детей с аутизмом	172
<b>ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СПОРТ САЛАСЫНДА БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ОРГАНИЗАЦИИ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И МАССОВОГО СПОРТА MODERN APPROACHES TO THE ORGANIZATION OF PHYSICAL CULTURE AND MASS SPORTS</b>	
<b>БЕКТУРҒАНОВ О. Е., КОЖАМЖАРОВ Т. Т.</b> Массовый спорт как фактор оздоровления и экономического развития	176
<b>БАРМАҒАМБЕТОВА С.М.</b> Дене жаттығуымен айналысудың тұлғаны әлеуметтендірудегі және заманауи оқыту үрдістеріндегі маңыздылығы	183
<b>ЕСИРКЕПОВ Ж.М., ӘБДІХАНОВ А.А., ОРЫНБАСАР П.О.</b> Қазіргі қазақ футболы: жетістіктер мен кемшіліктер	187
<b>ҚУАТБЕКОВ Ш.Н., БАЙЖАНОВ Е.Қ., КӨПЖАСАР Б.Ж., ЕСИРКЕПОВ Ж.М.</b> Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі дене мәдениеті мен спорттың дамуы және қалыптасу кезеңдері	191
<b>ТАСТАНОВ Ә.Ж., ҚАСЫМБЕКОВ М.А., АКАНБАЕВА Ж.С., ӘЛІМБЕК А.</b> Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасының мазмұндық ерекшеліктері мен сипаттамасы	197
<b>ЗАМАНБЕКОВ М.М., КАНАПИЯ А.С., ТУЛЕК Е.А., ТЫНЫШТЫКБЕК Ш.А.</b> Индивидуализация образовательных маршрутов в условиях кредитной технологии обучения и модульного построения образовательной программы «физическая культура и спорт»	204
<b>УТЕГЕНОВ Е.К., САУТБАЙ С.С., БОЛАТОВ А.Б.</b> Значение спортивного тестирования для оценки функционального состояния спортсменов высокого класса	209
<b>САХАЕВ Б.Т., ЗИКЕНОВ А.М., АСҚАРОВ Р.А., САҚАЕВ М.Н. ЕРМУРАТ М.</b> Студенттік ортада бұқаралық спортты және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру	214
<b>ЕРМАХАНОВ Б.Ө., ОМАРОВ Б.С., ЖОЛАЕВ Н.Н.</b> Жоғары оқу орны студенттерінің салауатты өмір салты мен өмір сүру сапасына қанағаттану деңгейін зерттеу	218



АЛҒЫ СӨЗ  
ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО  
WELCOME SPEECH

**Hazettepe Üniversitesi (Ankara, Türkiye) Pedagoji Bilimleri Doktoru Profesör Tahir Hazyr'ın tebrik konuşması:**

**Prof. Dr. TAHİR HAZİR – Yacettepe Üniversitesi (Ankara, Türkiye)**

Yıldönümünüz-70 yılınız şerefine düzenlenen VII Uluslararası Bilimsel ve Pratik Konferansı «Eğitim, Beden Eğitimi, Turizm ve Sporda Yenilikler» düzenlediğiniz için erkinin Kinayatoviç'i tebrik ediyoruz! Uluslararası konferansın üst düzeyde gerçekleşmesini diliyoruz!

Kazakistan'ın beden eğitimi alanında ve sporda yüksek öğrenim görmüş uzmanların eğitiminde başarılı bir şekilde çalıştınız. Temel disiplin olan beden eğitimi ve spor teorisi olan Kazak dili ile ilgili devlet eğitim kılavuzunuz Kazakistan'ın eğitim alanında özel bir yere sahiptir, Kazakistan'ın önde gelen bilim adamları olan doktora öğrencilerinden Türk topraklarında oturduklarını biliyoruz. Bilginizi sadece ülkenizdeki meslektaşlarınızla değil, Kırgızistan, Özbekistan, Türkiye'deki komşu üniversitelerden uzman öğretmenlerle de paylaşıyorsunuz. 10-13 Nisan 2024 tarihlerinde Kazak Spor ve Turizm Akademisi'nin 80. yıldönümüne adanmış II. Uluslararası Bilimsel ve Pratik Konferans çerçevesinde gerçekleştirilen »Beden eğitimi ve spor, eğitim ve bilimin geliştirilmesi alanında uzmanların eğitimi sürecinde devlet dilinde terimlerin doğru kullanımının özellikleri" Yuvarlak masa seminerine katıldık ve tanık olduk. Büyüyen gençleri, Tugan ülkesindeki sporcuları yetiştirme konusunda geniş deneyime sahip olduğunuza inanıyoruz. Büyüyen gençleri, Tugan ülkesindeki sporcuları yetiştirme konusunda geniş deneyime sahip olduğunuza inanıyoruz.

Çevrenizde, sevgili mesleğiniz alanında, en çok övgüye değer ruhlardan biri oldunuz. Geçmiş yaşamın tarihi, nesliniz, akrabalarınız ve sevdikleriniz, içinde çalıştığımız ortam için bir örnektir. Size sağlık, işinizde başarı, ailenizin refahı, izinizi takip eden torunlara refah diliyoruz! Size sağlık, yaratıcı başarılar, yorulmak bilmeyen Kayrat, ruhunuzla mutluluk dileriz!

**Ханжеттепе университеті (Анкара, Турция) профессор, педагогика ғылымдарының докторы Тахир Хазырдың құттықтау сөзі:**

**Prof. Dr. TAHİR HAZİR – Hacettepe University (Ankara, Turkey)**

Еркін Қинаятұлы сіздің мерейлі 70 жасыңыздың құрметіне өткізіліп жатқан «Білім беру, дене мәдениеті, туризм және спорттағы инновация» атты VII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның өтіп жатуымен құттықтаймыз! Халықаралық конференцияның жоғары деңгейде өтуіне тілектеспіз!

Сіз Қазақстанның дене мәдениеті және спорттағы жоғары білімді мамандар даярлау саласында табысты жұмыстар істедіңіз. Сіздің мемлекеттік қазақ тіліндегі, негізгі пән - дене мәдениеті және спорттың теориясы оқулығыңыз Қазақстанның білім саласында ерекше орын алатынын біз Түрік жерінде отырып Қазақстаннан келген докторанттардан, жетекші ғалымдардан біліп отырмыз. Өзіңіздің бар біліміңізді тек өз еліңіздегі әріптестермен ғана емес, көршілес Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия елінің жоғары оқу орындарының маман оқытушыларымен бөлісіп тұрады екенсіз. Білімге, соны ішінде дене мәдениеті мен спорт саласына сіңіріп жатқан еңбегіңіздің зор екенін, осы 2024 жылдың 10-13 сәуір айында Қазақ спорт және туризм академиясының 80-жылдығына орай II Халықаралық ғылыми-практикалық конференция аясындағы өткізілген «Дене мәдениеті және спорт саласында мамандар даярлау, білім мен ғылымды дамыту үдерісі кездерінде мемлекеттік тілдегі терминдерді дұрыс қолдану ерекшеліктері» атты дөңгелек стол-семинарға қатысып, куә

болдык. Туған жеріңіздің өсіп келе жатқан жастарын, спортшыларын тәрбиелеуде әліде берер тәжірибеңіз мол деп, санаймыз.

Өз ортаңызда, сүйген кәсібіңіз саласында жоғары мадақтауларға лайықты жанның бірі болдыңыз. Өткен өмір тарихыңыз ұрпағыңызға, туған-туыстарыңызға, еңбек еткен ортаңызға үлгі өнеге. Деніңізге саулық, еңбегіңізге толағай табыс, отбасыңызға береке, ізіңізден ерген ұрпақтың амандығын тілейміз! Сізге мықты денсаулық, шығармашылық табыс, қажымас қайрат, жануаңызбен бақытты болуыңызды тілейміз!

### **ЕРКІН УАНБАЕВ: ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ, БАПКЕР**

Тумысы бөлек, тұғыры биік тарихи тұлғаларды дәуірдің өзі туғызады, заманының дауылы мен жауыны, өрті мен дерті, селі мен сеңі шыңдап шынықтырады. Уақыт ұзақ толғатып, сирек туатын, сонадайдан көзге шалынатын, сондай жанға жақын, көңілге ыстық, бітімі бөлек бекзаттың бірі Уанбаев Еркін Қинаятұлы деп толықтай айта аламын.

Еркін Қинаятұлының дене мәдениеті мен спорт саласының дамуына сіңірген еңбегін бір-екі ауыз сөзбен немесе бір шағын мақаламен айтып тауысу мүмкін емес. Бұл кісінің дене мәдениеті мен спорт ілімін ілгерілету бағытында атқарған қызметтері бір кітапқа арқау боларлық дүние.

Еркін Уанбаев! Бұл есім - биік деңгейде әспеттеліп айтылатын айтулы тұлға. Шын мәніндегі білімі мен білігі, ой-өрісі мен пайым-парасаты биік, көзқарасы мығым, артық сөзден ада, барды місе тұтып, кемді кемелдігі жеңген, қазақ спорты мен дене мәдениеті саласының майталман маманы, кемел ақыл-парасат иесі.

Еркін Қинаятұлы 1954 жылы 4-қазанда Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Саржыра ауылында дүниеге келген. 1961-1971 жылдары Қарабұлақ ауылында Абай Құнанбаев атындағы орта мектепте оқыды. Әкесі Қинаят пен анасы Сапура сол мектепте мұғалім болып жұмыс істеген ұлағатты ұстаздар. Еркін аға саналы ғұмырының 50 жылын шуақты Шығыстың дене мәдениеті мен спорт саласын дамытуға, жастарды тәрбиелеуге арнап, елдің құрметіне бөленген тұғыры биік тұлға. Шағын ауылдан шығып, Қазақстан Республикасының құрметті профессоры, академик дәрежесіне дейін көтерілген кеменгер ғалым. Ерекенді мұндай абырой биігіне, атақ-даңқ шыңына шығарған ел деп аталатын қасиетке, халық деген күдіретке жасаған ерен еңбегі деп білеміз.

«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», - деген дана халқымыз. Осы қағиданы ұстанған әрбір есті азамат «атамекен - алтын бесігін» естен шығармай, оған өзін мәңгілік қарыздармын деп есептейтіні ақиқат. Осы тұрғыдан алғанда, ел ішінде туған өлкесінің өркендеп, дамуына өзіндік үлес қосып жүрген кәсіпкер азаматтар да жоқ емес. Бабаларымыздың «Туған жерге туыңды тік», - деп бекер айтпағаны белгілі. Патриотизм - кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталатыны даусыз. Сондай кіндігі елмен байланған дара тұлғаның бірі Еркін Қинаятұлы деп айта аламыз. Ол туған жерінен жырақта жүрсе де байланысты үзбей, елден шыққан білім-ғылымға, өнер мен спортқа құштар жастарды әрдайым қолдап, көмек қолын созып жүретін атымтай жомарт ретінде де ел азаматы екендігін танытып келеді. Ерекен шұғылалы Шығыстың шымыр жігіттерін шынайы қолдап, облыстық деңгейде өткізілетін дәстүрлі Халық ойындарында қазақ күресінен 10 салмақ дәрежесінде сынға түсіп, жүлде алған балуандарға өзінің жеке атынан бағалы сыйлықтар береді. Облыста күрес түрлерінің дамуына ерен еңбек сіңіріп, жас балуандарға үнемі қамқорлық көрсетеді. Қазақ күресінен көп жылдар облыстық деңгейдегі жарыстардың бас төрешісі қызметін атқарады. Елден шыққан талантты, дарынды балуандарды қолдап, бағыт-бағдар беріп, тәрбиелейді. Ерекеннің тағы бір азаматтығы, ауданның мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Бауыржан Құмарбековтың бастамасымен, оны қолдап көп жылдар бойы Зайсан ауданында туып-өскен балуандар туралы мәліметтер жинақтап, кітап шығарып, жас ұрпаққа елден шыққан ерлердің жеңісті жетістіктерін насихаттау, дәріптеу мақсатында жауапкершілік жүгін арқалап, тағылымды жұмысты қолға алады. Осы жұмысты жандандырып, аяғына дейін жеткізу мақсатында Алматы қаласында «Зайсанның жайсаң

балуандары» атты Республикалық ұйым құрылады. Ұйымның төрағасы болып, профессор Е.Қ. Уанбаев сайланады. «Зайсанның жайсаң балуандары» атты жинақ-кітапты жазушы Асқар Сабитовтың редакторлығымен «Үш қиян» баспасынан шыққаннан кейін оның тұсаукесері Алматы, Өскемен, Зайсан қаласында өткізіледі. Республиканың облыстарында, қалаларында тұрып жатқан балуандар, бизнес өкілдері, белсенді, мықты жігіттермен бірге, қаржы жиналады. 2022 жыл жаз айында Зайсан қаласында күрестің 3 түрінен облыстық, республикалық жарыстар өткізіледі. Зайсанда топырағында өмірге келіп, қайтыс болған балуандардың рухына арналып 300 адамға ас беріледі, аудан спорт мектебіне материалдық, қаржылай көмек көрсетіледі. «Зайсанның жайсандары» атты қор құрылады. Бұл Еркін Қинаятұлындай арда азаматтың туған еліне жасаған қызметтерінің бір парасы ғана...

Еркін Қинаятұлы білім саласында да талмай ізденіс жасап, аудиториядағы әрбір дәрісін тәрбиемен ұштастырып, ғұмырлық тәжірибесімен бөлісіп, әрдайым жастарға шынайы адалдықпен танылу жолын насихаттап, өзіне де, шәкірттеріне де адал, таза, иненің жасуындай болымсызға былғанбауға шақырып, сырынды бір алдырсаң сенімнен шығатынын үнемі ескертіп отыратын қасиеті абыздық жасқа кемел ақылмен, кемел біліммен келгенін көрсетеді.

«Ұлтқа қызмет ету - білімнен емес, мінезден», - деген алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлының сөзі Еркін Қинаятұлына арналып айтылғандай. Ұлт руханиятына терең тамыр жіберіп, елдік мүдде жолында азаматқа тән мінез көрсетіп келе жатқан арда азаматты халқымыз қашанда қадірлеген. Ғалым-ұстаз, тіл және руханият жанашыры Еркін Қинаятұлы «Қазақ тілін қазақ елінде өгейсітпеу, тіл мәселесін реттеу - кезек күттірмес мәселе» екенін алға тартып, қазақ тілді азаматтардың өз елінде Конституциялық құқығы тапталмауын табанды түрде қорғап, өз ойын қоғамда ашық білдіріп келеді. Бұл - ел тұтастығын, береке-бірлігін ойлаған тұлғаның азаматтық ұстанымы болса керек.

Ғабит Мүсірепов «Соқыр көретіндей, саңырау еститіндей етіп жаз... Зергер деген не? Егер сен сөзіңмен, сөздің құдіретімен қурап қалған ағашқа жан бітіре алсаң, - эне, сонда зергерсің. Егер сен сөз құдіретімен үмітсіз ауру адамды аяғынан тік тұрғыза алсаң, - эне сонда зергерсің. Егер әлдекімнің жүрегіне мұз қатып қалса, - сенің кітабың соны жібітер болсын, эне сол зергер - дей келіп, мазмұн неғұрлым эмоция арқылы берілсе, кітап соғұрлым бағалы», - деп қорытады.

Міне, Еркін Қинаятұлының жазбаларындағы оқшау ойлары осыған дәл, әрі сай келеді. Ерекеңмен бір сәтке сұхбаттасып қалсаң, таусылмайтын дария. Саумал ішкендей, мейірімінді қандырады. Еркін Қинаятұлының өмір жолына терең үңіле отырып, **ұстаздық, ғалымдық, банкерлерлік** қырларын жеке-жеке қарастыру қажеттілігін аңғардым. Өйткені, Ерекеңнің ғұмырына арқау болған бұл адами қырларын бір-бірінен бөліп қарауға келмейтінін сезіндім. Ерекеңнің болмыс-бітімі, пайым-парасаты, адамгершілік, еңбексүйгіштік қасиеттері, тағылымға толы ғұмыр жолын бөлшектемей, тұтас алып қарағанда ғана мәнді де сәнді болатындығына көз жеткіздім.

**Ұстаздығы.** Еркін Қинаятұлының өмір баспалдақтарына зер салсақ, 1978-2021 жылдар аралығында Өскемен педагогикалық институтында, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдістемесі» кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды. 2021 жылы Алматы қаласына қоныс аударып, Абай атындағы ҚазҰПУ-де ұстаздық қызметін жалғастырады. Еліміздегі ең көне оқу ордасында білімгерлер, магистрант мен докторанттарға дене тәрбиесі мен спорттың ілімі мен әдістемесі пәнінен дәріс беріп, өмірлік бай тәжірибесімен бөліседі. 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап қазақ спорты мен ғылымының қара шаңырағы Қазақтың Спорт және туризм академиясындағы «Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері» кафедрасына еліміздегі дене мәдениеті және спорт саласындағы жетекші ғалым ретінде шақыртылып, қызмет етіп келеді. Еркін Қинаятұлы ҚазСТА-на келгеннен кейін дене мәдениеті мен спорт саласындағы терминдердің қазақ тілінде дұрыс қолданылуы бағытында республикалық деңгейде жетекші мамандардың басын қосып, семинарлар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, өткізуіне үлкен мүмкіндіктер туады. Бұл ауқымды істерді өткізуге белгілі

спорт жанашыры, ҚазСТА-ның президенті, профессор Қ.Қ. Закирьяновтың қолдау көрсетуі үлкен маңызға ие. Дене мәдениеті мен спорт саласындағы терминдердің республиканың барлық аймағында бірдей, қазақша дұрыс айтылып, қолданылуына баса мән беріп, қозғау салуда Еркін ағаның еңбегі ерен деп санаймыз.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деген қағиданы өмірлік мұраты санаған Ерекең шәкірттеріне үйрете жүріп, өзі де үйренуге баса мән береді.

Еркін Қинаятұлы 70 жасқа келсе де өзін жас жігіттей сезінуі күнделікті күн тәртібін қатаң ұстанып, айналасына сергек қарауында деуімізге толық негіз бар. Өйткені, Ерекең дене жаттығуларын тек жақсы дене пішімі мен денсаулықты нығайту бағытында ғана емес, сонымен қатар, мидың жұмысын арттыру үшін де пайдаланады. Әрдайым оймен жұмыс барысында қандай да бір тығырыққа тап болса, миды тыныштандыру мақсатында серуендеуге немесе жаттығу жасауға белсене кірісіп кетеді. Күнделікті 15-20 минуттық жаттығудан кейін адамның есте сақтау қабілеті мен ойының анықтығы және ашықтығы жақсара түсетіндігін бір сәтте есінен шығарған емес. Оның «Мен білім алуда сыртқы көмекті барынша кеңінен пайдаланамын. Мысалы, білгің, үйренгің келетін материалға қызығушылық танытатын қандай да бір топ немесе ұжыммен, не болмаса жаныңа жақын адаммен бірлесіп оқып, бірге ізденсең, білімді санаға сіңіру жеңіл болады. Сонда өз ой-түйсігіңді бағалау арқылы алдағы атқаруға тиіс міндеттерге және мақсаттарға қол жеткізе аласың. Бұл өз кезегінде білім алу мен ойлау үдерісі үшін өте маңызды. Сонымен қатар, үнемі күлімсіреп жүру де жақсы қасиеттердің бірі. Күлкіден жаның жадырап, жүзің жасарады. Күлкі - шаршау мен эмоциялық күйзелістен аулақ болудың ең төте жолы. Күлкі шығармашылықты дамытуға және күрделі мәселелерді оңынан шешуге жәрдемдеседі», - деген құнды тұжырымының өмірлік мәні жоғалмайтыны сөзсіз. Мен Ерекеңнің бұл пайым-парасатын, сергек сезімін, өзіне сенімділігін 2017 жылы Алматы қаласында «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығында екі апта бір топта оқыған және қонақ үйдің бір бөлмесінде бірге тұрған кездерімде терең сезіндім.

Сонымен қатар, Ерекеңнің дене мәдениеті және спорттың ілімі мен әдістемесін жетілдіру бағытындағы келелі ой-пікірлері мен ұсыныстарына, қазіргі қоғамдағы қазақ тіліндегі спорт терминдерінің қолданысы жөніндегі өзінің азаматтық ұстанымына, сөз саптауы, қазақтың дархан даласындай кең жүрегі мен ініге деген ізетті көңіліне тәнті болғаным бар. Ерекеңмен екі апта бірге өткізген уақыттағы жанымға қатты әсер еткен мына бір азаматтық ұстанымына арнайы тоқталып өтуді жөн санап отырмын. Ерекең айтады: «Мен еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жеке кәсіппен айналыстым. Уақыт өте келе кәсібім дөңгеленіп, есепсіз қаржылар қалтама құйыла бастады. Шет елдерде іскерлік іс-сапарларда болып, кәсібімнің аясы кеңейе түсті. Бір күні өзімнен есеп алдым. Не істеп жүрмін, қайда барамын, маған осынша байлықтың қажеттілігі бар ма? - деген сұрақтар мазалай бастады. Соңында дөңгелетіп жатқан кәсібімді тоқтатып, өзімнің сүйікті мамандығымға қайта оралуды дұрыс деп таптым. Мамандығымға оралғаннан кейін жаным тынышталды. Өмірге қайта келгендей сезімде болдым. Қызметте де сатылап, кафедра меңгерушісі қызметін атқарып, көп жылғы ғылыми-зерттеу ізденістерімнің нәтижесінде «Нарық экономикасы жағдайында ауылдық жерлерде спорт, көпшілік спорт және сауықтыру дене тәрбиесі жұмыстарын ұйымдастыру» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, профессор, ҚР Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі ғылыми атақтарын алдым. Саған ақыры іштегі жан дүниемді ақтардым ғой, «Сауда жасаған жақсы. Бірақ адал жасау керек. Сауда жүрген жерде сенің бойыңнан әділетсіздіктер орын алмаса да, серіктестер тарапынан міндетті түрде алдау, жалған сөйлеу, арбау, қиянат жасау сияқты жағымсыз қасиеттер кездесіп тұрады. Мен мұндай ортада ұзақ жүре алмайтынымды сезіндім. Өйткені, менің отбасылық тәрбием, ар-намысым ондай жағымсыз әрекеттерге жол бермейді. Бір күн өмір сүрсем де, сол өмірді адал өткізуім керек», - деген өмірлік ұстанымым әрдайым жүрегімде тұрды. Сенде қолыңнан келгенше адалдық жағында бол», - деген ағалық өсиеті санамда жаңғырып тұр. Бұл Еркін Қинаятұлының бүгінгі күнін ойламай, ертеңгі болашаған ойлаған ұлылығы болса керек. Дәл қазіргі қоғамда өзінің нәпсісін тізгіндеп, мұндай ерлікке бару миллионның бірінің қолынан келе бермейтін батырлық деп білемін.

**Ғалымдығы.** Белгілі ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Досқараевтың «Еркін сен, қазақтың Матвеевісің», - деген сөзінің өзі ғалым ағаның мәртебесін биіктетіп тұрған жоқпа?! Л.П.Матвеев - дене мәдениеті және спорт теориясы бойынша кеңес мектебінің негізін қалаушы, дене мәдениеті және спорт саласында тұңғыш докторлық диссертация қорғаған ғұлама ғалым, профессор. Оның 1975 жылдары шыққан «Теория и методика физического воспитания» атты оқулығы сол кездегі бүкіл КСРО-ның дене мәдениеті және спорт институттарындағы негізгі пән ретінде оқытылды. Бауыржан ағамыздың осындай кемеңгер ғалымға Еркін Қинаятұлын теңеуі тегін емес деп санаймыз. Еркін ағамыз дене мәдениеті мен спорт ілімін сан мың мәрте парақтап, түсініктер мен ұғымдарды білім алушыларға ана тілінде жеткізу бағытында қажырлы еңбек етті. Аударма жұмыстарындағы еңбегі табысты болды. Қазіргі таңда еліміздегі 30-дан астам «Дене мәдениеті және спорт» мамандарын даярлайтын жоғарғы оқу орындарында Еркін Қинаятұлының «Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдістемесі» оқулығы мен «Дене тәрбиесінің негіздері» атты оқу құралы және т.б. 14 оқу, оқу-әдістемелік құралдары күнделікті дәрістерде пайдаланылып келеді. Бұл оқулық, оқу, оқу-әдістемелік құралдары ғалымның көп жылғы көз майын тауысып, инемен құдық қазғандай жанкешті еңбегінің нәтижесі. Ерекеннің мамандығына шын берілген, халқының асыл құндылықтарын бағалап, ана тілін шынайы құрметтейтін парасатты тұлға екендігін осындай қырынан да байқауымызға болады.

Адамның жасы ұлғайған сайын бұлшық еттері семіп, еңсесі түсіп, ойлау қабілеті әлсірейтін болса, ал, Ерекеннің жасы ұлғайған сайын өзін сергек сезініп, тың ойлар мен бастамаларды көтеріп, оның орындалуына арқау болып, бастаған ісінің аяғына жеткенше тыным таппайтын, ізденімпаз, ішкі жан дүниесінің биіктігіне сыртқы сыр-сипаты үйлескен, жастармен әзіл-қалжыңы жарасқан, адами асыл қасиеттерді тұла бойына жинақтаған ерекше жігіт ағасын көруімізге болады. Сонымен қатар, жастардың өзі толыққанды игермеген заманауи технологиялар мен жаңа бағдарламаларды меңгеріп, тың ақпараттарды оқу үдерісіне ендіру бағытында да жаңашылдықпен ізденіс жасап, жастарды шабыттандырып, бағыт-бағдар мен келелі кеңестер беріп отырады. Бұл да Ерекеннің өзіне тән ерекшелігі болса керек.

Еркін Қинаятұлының көп жылдар бойы жүргізген ғылыми-зерттеу нәтижелері табысты болып, 2011 жылы «Қазақстан Республикасының аудандарында бұқаралық спорт жұмыстарын ұйымдастыру», 2017 жылы «Аудандарда, ауылдық жерлерде дене тәрбиесі және спорт жұмыстарын ұйымдастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері» атты монографиясы жарық көріп, қазақ дене мәдениеті мен спорт ғылымының дамуына сүбелі үлесін қосты. Монографиялық және диссертациялық еңбектерінің атауынан Ерекеннің еліміздегі ауыл спортын, ауылдық жерлердегі дене тәрбиесі мен бұқаралық спортты дамыту бағытында көп ізденіп, еңбек еткенін көруімізге болады. Сонымен қатар, Халықаралық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен шетелдік, ҚР БҒССҚК-нің ғылыми журналдарына жүйелі түрде ғылыми мақалаларын жариялап келеді. Қазіргі таңда 187 тен астам ғылыми мақалалары еліміздің дене мәдениеті мен спорт саласы бойынша жас ғалымдарға ғылыми бағыт-бағдар беруде. Ерекен ғылыми-педагогикалық қызметінде жастарды ғылымға баулып, кеңес беруде де талмай қызмет етіп, PhD докторлары мен магистранттарға жетекшілік жасап келеді.

**Бапкерлігі.** Еркін Қинаятұлының оқушы кезінен бастау алған спортқа құмарлығы дзюдо күресімен шұғылдануға алып келді. Түрлі аудандық, облыстық жарыстарға қатысып, шеберлігін шыңдаған бала Еркін есейе келе республикалық жарыстарда олжалы орала бастады. Уақыт өте келе өзінің жеңісті жолын балуандыққа емес, бапкерлікке арнауды жөн көріп, жас дзюдошыларды жаттықтыруға кірісіп кетеді. Бапкерлік қызметі өзіне ұнағаны соншалық, дзюдо күресіндегі тәсілдер мен жаттығуларды жасаудың тиімді әдістерін ғылыми тұрғыдан негіздеп, шәкірттерінің шеберлігін шыңдауға уақытпен санаспай жұмыс жасайды. Бұл бастамалары өз нәтижесін беріп, көп ұзамай шәкірттері Бүкілодақтық, республикалық жарыстардың жеңімпазы мен жүлдегерлері атана бастайды. Ерекен баптаған балуандардың арасынан Еркін Әлімжанов пен Мұрат Қайролданов суырылып

шығып, әлемдік деңгейдегі додаларда топ жарады. Мұрат самбо, дзюдо, қазақ күресі түрлерінен ҚР СШ нормативін орындап, самбо күресінен Кипр елінде өткен әлем чемпионатында қола, Орал қаласында өткен әлемдік додада алтын жүлде алып, ұстазының мерейін асырып, мәртебесін тасытады. Ал, Еркін кейіннен қол күресімен шұғылданып, ХДСШ деңгейіне жетіп, әлемнің 7 дүркін жеңімпазы атанады. Бұл Еркін Қинаятұлының қатардағы бапкерлердің санатынан емес, шоқтығы биік жоғары дәрежедегі бапкерлердің шоғырынан екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, Ерекенің қол астында жаттыққан балуандардың арасынан 12 Бүкілодақтық және республикалық жарыстардың жеңімпазы, 100 ден астам разрядты дзюдошылар дайындалып, олар еліміздегі дзюдо күресінің дамуына елеулі үлестерін қосып келеді.

Еркін Қинаятұлының баптаған шәкірттері қазіргі таңда еліміздің әр өңірінде бұқаралық спорт пен дзюдо күресін дамыту бағытында абыройлы қызметтер атқарып, ұстаздың ұлы мұратын жалғастырып келеді. Бұл Ерекең үшін аса зор мәртебе, биік абырой деп білеміз. Еркін Қинаятұлы достыққа адал, уәдеге берік, тазалыққа жаны құмар, жаны таза, мәдениетті, көпшіл, адамгершілігі мол, жастарға ақылшы, тәрбиеші, жалған жағымпаздықты, сәуегейлікті жаны қаламайтын, жоғары эрудит, интеллект иесі, жігіттіктің туын түсірмей келе жатқан ардақты Әке. Қазіргі таңда Фарида жеңгемізбен Алла берген ұл-қыздарынан өрбіген немерелеріне ардақты ата, сүйікті әже атанып, тәлім-тәрбие беріп келеді.

Үлкен жүректі азамат бала-шаға, ағайын-туғандардың, өзін сыйлайтын елінің, достарының, шәкірттерінің ортасында адамгершілік асыл қасиеттерін жоғары ұстап, абыройлы өмір сүріп келе жатқан, бүгінде ел ағасы атанып, **70 жасқа** толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Өзіңіздей ақылшы аға, қолдаушы ұстаз, парасатты тұлғаға іні болғанымға Жасаған Жаратушыға мың мәрте алғыс айтамын. Ғасыр жасаңыз ұстаздардың ұстазы!

#### **Ағаға арнау!**

Бар ғұмыры ізгіліктің мектебі,  
Білім, ғылым - маңдай терін төккені.  
Болашаққа бағыт-бағдар сілтейтін,  
Ұстаз аға ұлылыққа беттеді.

Талай саңлақ, дарабозды баптаған,  
Әзиз ұлын халқы сүйіп мақтаған.  
Елі үшін еткен ісі өлшеусіз,  
Адалдықтың асыл сөзін сақтаған.

Алтын басты ағалар бар бағалы,  
Жақсы ағаның бәсі тіпті жоғары.  
Ұрпақтарға ұлағатын ұқтырған,  
Қасиетті қолындағы қаламы.

Ашық пікір, тура сөзді байламы,  
Кішілерге шын мейірбан жайдары.  
Марапаттар, кеудесінде медальдар,  
Ерен еңбек иесінің айғағы.  
Ардақты аға, Уанбаев Ераға!  
Жүзінен-ақ соғып тұрар жақсы леп,  
Қайсарлықтың символы боп жүз жаса,  
Құрметтейміз асыл аға, мықты деп!

**Есіркепов Жандос,**

п.ғ.к. қауымдастырылған профессор, Халықаралық туризм және  
меймандостық университеті, Түркістан қаласы.

**ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС  
ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ  
PLENARY SESSION**

УДК 373.1

**БІЛІМ САПАСЫ – ОЛ ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ**

**Құсайынов А. Қ. - педагогика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының президенті. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі.**

**Аңдатпа.** Автор өзінің мақаласында мектеп оқушыларының білімінің басқа салаларға қарағанда ең өзекті, керекті, мемлекет дамуына үлкен әсер ететінін, ел дамуының түп қазығы, іргетасы білім сапасы екенін баяндайды. Ол Жапон, Еуропа, Америка мемлекеттеріндегі білім сапасын, ерекшеліктерін тілге тиек етеді. Қазақстан мемлекетінде білімді, білікті ұрпақты қалай тәрбиелеу керек жолдарын көрсетеді. Мақаласында қазақтың біртуар дана Абайдың, оның философиясының өзегі – «Адам бол!» идеясын зерттеп, анықтайды, оны қалай іске асыру керектігін жазады.

**Кілт сөздер:** білім сапасы, бәсекеге қабылеттілік, ел дамуы, білім жүйесі.

**QUALITY OF EDUCATION IS THE KEY TO THE DEVELOPMENT OF THE  
COUNTRY**

**Kusayinov A. K. - doctor of pedagogy, professor, president of the Kazakhstan Academy of Pedagogical Sciences. Winner of the State Award of the Republic of Kazakhstan, Excellence in Education of the Republic of Kazakhstan.**

**Annotation.** In his article, the author notes that the education of schoolchildren is the most relevant, necessary and has a great impact on the development of the country compared to other fields, and the quality of education is the cornerstone and foundation of the country's development. It describes the quality and features of education in Japan, Europe, and America. Shows ways to raise an educated, qualified generation in the state of Kazakhstan. In his article, Abay, the wisest of Kazakhs, the core of his philosophy is "Be a man!" researches and defines the idea, writes down how to implement it.

**Keywords:** quality of education, competitiveness, country development, education system.

Мемлекеттің білім беру деңгейі – экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестің бастау көзі, мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі. Білім беру саласында кенжелеп қалу елдің бәсекеге қабылеттілігіне, ұлт болашағына және мемлекеттің қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Білім беру – кез келген мемлекетте ең алдымен ұлттық құндылықтарға негізделуі тиіс. Компаративист-ғалым ретінде жүргізген зерттеулердің нәтижесінде, әлемдегі даму қарқыны жоғары елдердің білім беру саясатының басты мақсаты ұлттық ерекшеліктерді, өздерінің дәстүрлі мәдениеті мен бағдарын сақтауға негізделетіндігі анықталып отыр.



Осы орайда, Жапон елін мысалға алуға болады. Бұл елдің үздіксіз білім беру жүйесі жапон қоғамының рухани-адамгершілік құндылықтарын көрсететін негізгі 3 өмірлік ұстанымды насихаттайды. Олар: 1. Ойланып үйрен, өз бетіңмен шешім қабылда, проблемаларды шешудің ең жақсы жолдарын ізде және тап; 2. Әдемілікті түсін, өзінде сұлулық сезімін тәрбиеле, жаның сұлу болсын, мейірімді бол, аяушылық білдіре біл; 3. Денің сау, төзімді, күшті бол [1].

Осы ұстанымдар өмірде, оқу үдерісінде, қоғамда нақты жүзеге асып отыр. Жапонияда білім беру, тәрбиелеу, адамды қалыптастыру философиялары өзара тығыз байланысты. Бұл елдегі білім беру әрқашан өзінің тектік сипаттамасын сақтады – кеңінен алынған әлеуметтік-мәдени мән мәтінде құндылық-мағыналық құрылыммен жұмыс істеді.

Біз Жапониядағы ғасырлық дәстүрі бар балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жүйесі мен сондайлық ғасырлық тарихы бар, тамыры тереңде жатқан қазақ халқының дәстүрлі халықтық тәрбиесі арасында көптеген ұқсастықтарды таба аламыз.

Қазіргі уақытта Америка мен Еуропа елдерінің ғалымдары жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беруде Шығыс елдерінің озық екенін мойындап, оның білімділіктің түп қазығы болатынын ескертіп, үлгі тұтып отыр. Саналы тәрбие негізінде алынған білім ғана сапалы білім болатыны хақ. Қазіргі таңда біз енді ғана Батыстан бас тартып, өзіміздің ұлттық тамырымызға бет бұра бастадық.

Қоғамның рухани жаңғыруы, әр адам санасының жаңғыруына қатысты бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, революциялық емес эволюциялық жолмен даму, сананың ашықтығы бағыттарын іске асыру мақсаттарында жүргізілуі қажет. Ел Президенті Қ-Ж. Тоқаев ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселе екендігін айтып, сананы жаңғырту арқылы XXI ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашатынымызды көрсетіп берді.

Абай мұрасындағы ағартушылық-адамгершілік тұжырымдар қашанда өзекті болған. Ғылым-білімге шақырып, интеллектуалды ұлт қалыптастыру әділетті қоғам құру идеяларын көтерген Хакімнің көзқарастары Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни сынды шығыс ойшылдары, Сократ, Платон, Аристотель секілді грек ойшылдары және Қытай философы Конфуцийдің идеяларымен үндеседі. Абай өзіне дейінгі Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи және Жалаладдин Румидің кемел адам жайлы ой-пікірлерін әділет пен ақылдың сын таразысына салып, тұжырымдар жасады [2].

Ежелгі қытай философы Конфуций адалдық, сыпайылық, ұқыптылық, аманатқа берілгендік, адамгершілік және қайырымдылық, ата-аналары мен үлкенді сыйлау, тәртіпке ұмтылу секілді этикалық нормалар мен ережелер жүйесін қалдырған болатын. Ол ілімге құмартып ұмтылу жеке тұлғаның негізгі қасиеті деп есептеді. Атап айтқанда, оқыту мен тәрбиелеуді адам қабілетін ашу және дамыту құралы ретінде қарастырды.

Конфуций қытайлардың көзқарасы мен ұлттық мінезін қалыптастыруда ерекше рөл атқарды. Сондай-ақ басқа елдердің халқына да үлкен әсер етті, әсіресе батыс әлемінің демократиялық идеялары туындағанға дейін анағұрлым ертерек халық билігін мойындауының арқасында жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесіне енді.

Конфуцийдің трактаттарындағы цзюнь-цзы – қайырымды адам туралы ілімі Әл-Фараби дүниетанымындағы адам мәселесінде жалғасын тауып, Абай көкसेген «толық адам» деп аталатын тұлғаның кемелдігі туралы идеясымен үндесетінін байқаймыз.

Абай өз шығармаларында рухани жұтандық, білімсіздік, надандық, имансыздық, тоғышарлық, енжарлық, жалқаулық, сөзуарлық, екіжүзділік, күншілдік, мақтан құмарлық, дүниеқоңыздық, мансапқорлық, көрсеқызарлық, менмендік, еңбексіздік, әділетсіздік, сатқындық және т.б. адам баласының бойындағы осы жаман қасиеттерімен күресуге ұмтылу керектігін түсіндіреді. Осылайша ғасырлар бойына адамзат баласының ақыл-ойында қалыптасып келе жатқан, діни-философиялық, моральдық-этикалық, интеллектуалдық, адамгершілік тұжырымдамасы – «толық адам» ілімін адамзат қоғамына мұра етіп қалдырды.

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», – деп, Абай толық адам ілімін айқындай түседі. Мұндағы «ыстық қайрат» физикалық дамуды, «нұрлы ақыл» – интеллектуалды дамуды, «жылы жүрек» – рухани жаңғыруды білдірсе керек.

Біз Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі білім берудің табыстылығы мен тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі, ұлттық құндылықтарын сақтап және оларды дамыта отырып, рухани бай тұлғаны тәрбиелеу болып табылатынын ескеруіміз керек. Ұлы Абай да осыны меңзеген.

Яғни балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ғасырлық тарихи тамыры бар дәстүрлі қазақ халық тәрбиесінің негізгі идеялары мен құндылықтарын қалпына келтіріп, кеңінен пайдалануымыз қажет.

Осы орайда, Қазақстандық білім беруде Абай ұсынған «толық адам» тұжырымдамасын негізге алып, ағартушы ақынның білім, ғылым, адамгершілік тәрбие жайындағы рухани тағылымын терең насихаттау арқылы интеллектуалды ұлт қалыптастыру бағытын ұстанғанымыз жөн.

«Тәрбие басы – тіл» дейді қазақ халқы. Хакім Абай жиырма бесінші қара сөзінде «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды» деп, тіл үйренуге шақырады.

Бұл жайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз мақаласында «Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз» деп тұжырымдайды. Сондай-ақ ағылшын тілін үйренуге басымдық беру керектігін, бірақ ана тілін білуге аса қатты назар аудару қажеттігін айтады.



Мен әлемнің озық 20 елінде (Жапония, Оңтүстік Корея, Германия, Франция және т.б. елдер) бастауыш сыныптарда, яғни, 1-6 сыныптарда қанша тіл оқытылатынын зерттедім. Сонда байқағаным, осы елдердің ішінде екі тіл 1-сыныптан бастап – 2 елде, 2-сыныптан бастап – 5 елде, 4 және 6-сыныптардан бастап – 13 елде оқытылады екен. Бірде-бір елде үш тіл бірдей оқытылмайды [3]. Ал біздің елімізде біраз жылдардан бері бірқатар мектептерде үш тіл қатар оқытылып келеді. Нәтижесі қандай? Қазіргі уақытта қалалық жерлерде қазақ балалары бір-бірімен орысша сөйлесетін болды. Тіпті қазақ мектептерінде оқып, қазақ отбасында тәрбиеленетін балалардың өзі орыс тілінде сөйлеседі.

Әлемдік тәжірибеде басқа тілдерді ана тілі негізінде оқудың тиімділігі ғылыми түрде дәлелденген. Аса көрнекті педагог К.Д. Ушинский мен белгілі психолог Л.С. Выготский

шетел тілін оқып-үйретуді бастамас бұрын, бала өз ана тілін жетік білу тиіс екенін ғылыми түрде дәлелдеген болатын.

Мемлекет басшысы тілдің мәртебесін көтеру жайындағы бір сұхбатында «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде.

В. Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады» дейді. Өз ана тілінің уызын қана ішіп, оны терең меңгеріп, сол тілде ұлттық тәрбие алған баланың бойында ұлттық патриоттық сезім жоғары болады деп ойлаймын.

Сөзімді қорыта келе айтарым, ұлтымыздың өркендеп, рухани тәрбие, сапалы білім беру мақсатында қастерлі құндылығымыз – Абай дүниетанымын терең тануымыз керек. Абай философиясының өзегі – «Адам бол!» идеясы. Адам болу – бұл ой-өрісі, сана-сезімі, дүниетанымы қалыптасқан тұлға болу. Адамды күштеп адам қыла алмайсың, оны зорлап оқытып, жақсы маман қыла алмайсың. Білім-ғылым да, өнер де – бәрі де талаппен, ынтамен, жігермен келеді. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек», - дейді Хакім Абай. Ұрпақ тағдыры – бәрімізге ортақ. Олай болса, ұлттық рухани қасиеті мол, тәрбиелі хәм білімді тұлға қалыптастырудағы, ел дамуының түп қазығы - білім сапасын дамытудағы еңбектеріміз табысты болғай!

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

1. Кусаинов А.К. Качество образования в мире и в Казахстане / А.К. Кусаинов – Алматы, 2013. – С. 32-53.
2. Кусаинов А.К. Кризис в системе среднего образования: пути выхода / А.К. Кусаинов. – Алматы: Изд.-во «Rond&A», 2016. – 64с.
3. OECD (2016), PISA 2015 Results (Volume I): Excellence and Equity in Education, PISA, OECD Publishing, Paris. <http://dx.doi.org/10.1787/9789264266490-en>

УДК 796.071.2

### **АТАҚТЫ СПОРТШЫ, ЗЕРДЕЛІ МАТЕМАТИК - ӘМИН ТҰЯҚОВТЫҢ ЖҰЛДЫЗДЫ ШАҚТАРЫ**

**А.К. Кульназаров – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Алматы қаласы, Қазақстан.**

**Андатпа.** Автор өзімен бір спорт интернатта 30 жыл бірге жұмыс істеген Әмин Елемесұлы Тұяқовтың жұлдызды шақтары мен спорттағы әттеген-айлары туралы сыр шертеді. Йоги Берра, тоғыз олимпиада медалін жеңіп алған ұзақ қашықтыққа жүгіруші финдік Пааво Нурмидің айтқандарын, өзінің математикалық ойлау қабілетін пайдаланған Әмин Тұяков қысқа қашықтыққа жүгіруден көптеген жоғары жетістіктерге қол жеткізген. Автор осы мақалада басқа адамдар біле бермейтін өмірдің көлеңкелі жақтарының спортшы жетістігіне тосқауыл болғанын оқырманмен бөліседі.

**Кілт сөздер:** олимпиада, психология, бұлшықет, ақылдылық, жүгіру техникасы.

### **STAR TIMES OF THE FAMOUS ATHLETE, INTELLIGENT MATHEMATICIAN - AMIN TUYAKOV**

**A. K. Kulnazarov - doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Almaty, Kazakhstan.**

**Annotation.** The author talks about the star days and achievements in sports of Amin Elemesuly Tuyakov, who worked with him in the same sports boarding school for 30 years. According to Yogi Berra, nine Olympic medalist long-distance runner Paavo Nurmi of Finland, Amin Tuyakov, who used his mathematical thinking skills, achieved many great achievements in short-distance running. In this article, the author shares with the reader how the shadow sides of life, unknown to other people, hindered the success of the athlete.

**Keywords:** Olympics, psychology, muscle, intelligence, running technique.

9) Дене тәрбиесі мұғалімдерін теориялық, ғылыми-шығармашылық деңгейіне қарай арнайы кастинг (конкурс) бағытында жұмысқа қабылданса. Спорт, дене тәрбиесі, дене шынықтыру бағытында арнайы теориялық, әдістемелік, базалық, ғылыми дайындығы жоқ, білімі саяз, шала сауатты мұғалімдер азаяр еді. Мектеп бағдарламасын меңгермеген, волейбол, баскетбол, футбол, жеңіл атлетика, жүзу, гимнастика және т.б. спорт түрлерінің әдіс-тәсілдерін, ережесін, гигиенасын және т.б. талаптарын, оқушылардың психофизиологиялық, анатомиялық ерекшеліктерін білмейтін мұғалім қалай толыққанды, сапалы сабақ жүргізе алмақ. Әрбір сабақ ғылыми-әдістемелік мазмұнда жүргізіліп, ұйымдастырылуы тиіс. Бастан аяқ қимыл-қозғалыстан тұратын дене тәрбиесі сабағында мұғалім әрбір тақырыптың теориялық-әдістемелік негізін білмесе, оны шала сауатты деуге болады. Нәтижесінде ондай мұғалімнен сабақ алған оқушы да әлжуаз, дене қуаты қасиеттері дамымаған болып келеді. Мектеп бітіргенде белтемір тартыла алмайтын оқушылар осының дәлелі (бәрі емес). Демек, үлкен спортқа құлшыныс, қызығушылықтың алғы шарттары мектептегі дене тәрбиесі сабағында алған дене дайындық деңгейіне тікелей қатысты, содан бастау алады. Осы мәселелерді қамтитын бір ғана мысал келтіруге болады. Соңғы мәліметтер бойынша Қызылорда, Түркістан және Шымкент қалаларындағы жоғары оқу орындарындағы «Дене шынықтыру және спорт» БББ-сын 2024 жылы 3000 мыңнан астам түлектер бітірді. Мұны жыл сайын қайталанатын үдеріс деуге болады. Бір жеке оқу орнынан 500-ге жуық бітіруші түлек дене тәрбиесі мұғалімі дипломын алып шығуда. Бұл мәселеге де құзырлы органдар тарапынан бақылау жасалмаса болашақта мектеп оқушыларына шала сауатты мұғалімдер сабақ бертіндігі сөзсіз.

10) Сенбі, демалыс күндері мектептердегі спорт залдар бос тұрмауы керек. Науқанды шаралардан арылу қажет. Сонда бұқаралық спорт бүкілхалықтық сипат алады. Қазір атаулы турнирлер өткізіліп жатады. Олардың демеушілері бар. Ал, мектеп оқушыларының, сала қызметкерлерінің (мұғалімдердің, дәрігерлердің және т.б.) командалық немесе дәстүрлі спартакиадасы жүйелі түрде өткізілуі керек. Тіпті, аудандық, облыстық мәслихат сессияларында спорт пен дене тәрбиесінің өзекті мәселелері дербес тақырып бойынша қаралып, қаулы қабылданып жаста дұрыс болар.

11) Аудан, қала, облыс әкімдіктері жанынан қоғамдық негізде «Дене мәдениеті және спорт» саласы бойынша кеңесшісі немесе қоғамдық кеңес құрамында осы саланың мамандары болса артық болмайды. Бұлай ету спорттың тәрбиелік, құқықтық, әлеуметтік, бұқаралық, насихаттаушылық тұстарын жандандыруға септігін тигізеді.

12) Қазақстан мектептері, оқу орындары үшін спорт киімдерін, құрал-саймандарын жасап шығаратын арнайы цехтер (зауыт) ашылса, шеттен әкелінетін қымбат тауарларға халық ұрынбас еді.

13) Елдің рухани-мәдени, ұлттың намыс-болмысын көтеретін жағдаяттарды ізденімпаздықпен қарастыру қажет. Атап айтқанда: ол балабақша мен мектеп жасынан бастау алуы керек. Үлкен спорттың болашақ ізбасарлары да сонда өсіп келеді. Жойылып кеткен салалық спорт қоғамдарының («Буревестник», «Спартак», «Динамо», «Қайрат», «Локомотив», «Еңбек» және т.б.) аттарын өзгертіп болса да қайта өмірге енгізу қажеттілігі байқалады. Бұл қоғамдардың спорттың бүкіл халықтық сипат алуына әсері мол. Сала қызметкерлерінің спортқа деген белсенділігі де артар еді;

14) Дене тәрбиесі мұғалімдері мен спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар үшін олардың қызметтік деңгейін белгілейтін, анықтайтын өлшемдер (критерий) болуы керек. Мысалы сабақты, жаттығуды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жүргізе алу, мамандығы бойынша жарияланған әртүрлі басылымдағы тәжірибе алмасу мақалалары, еңбектері, жаңалықтары, ізденістері және т.б. Сабақта жаттанды (бір сарынды/монотонды) емес жаңа инновациялық технологияларды қолдануы. Олимпиада құрамасына тағайындалған жаттығушыларда осы жағы мұқият ескерілуі тиіс. Демек, олар үнемі іздену үстінде болулары керек;

15) Спортты - тәрбие құралы ретінде қарастыру керек. Әрбір жаттығу дене тәрбиесі сабақтары ғылымға, тәрбиеге бағытталып жаттықтырушының, шәкірттерінің білімдері спорт іліміне негізделуі тиіс. Сонда тактикалық, техникалық, ерік-жігер, жалпы және арнайы дайындықтар сауатты жүргізіледі. Олар психо-физиологиялық жүктемелерді екшеп отыратын циклдік күнделік арқылы жүргізілуі тиіс. Бұл бағытта спорт медицинасын басшылыққа алған дұрыс;

16) Республикадағы, облыстағы, аудандағы спорт мекемелеріндегі лауазымды қызметтерге осы саланы жетік білетін, тәжірибесі мол, талдау жүргізе алатын, ғылыми ұйымдастырушылық бағытта сауатты мамандардың іріктеліп қойылуына көп мән беру қажет. Әсіресе, олардың 2-3 диплом алғаны емес, іскерлік, ұйымдастырушылық қабілеттерінің жоғары, спорт ғылымын жетік меңгерген, кәсіби өмірлік тәжірибесі мол мамандардың тартылғаны дұрыс. Бұл спорт саласына жаңа серпін берері сөзсіз. Қазақ спортына әлемдік деңгейге, бәсекеге ілесе алатын жаңа көзқарас, жаңа бағыт, жаңа бағдарлама, жаңа инновациялық әрекет керек.

Мен ұстазым п.ғ.д., профессор Қаражанов Бектілеу Қаражанұлының жанында бірнеше жыл жүргенімде, қазақ спортын өркендетуге бағытталған құнды ұсыныстары мен ой-толғаныстарын жеке күнделігіме жазып алған болатынмын.

Бектілеу Қаражанұлының 1992 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитетін құру мәселесі туралы өткен Үкіметтік деңгейдегі мәжілісте сөз алып, көтерген ұсынысы 32 жыл өтсе де әлде өзектілігін жоймай келеді.

«Уақыт пен өзгеріс атаулы біздің алдымызға аса ауыр міндеттер қойып отыр. Олимпиада, Азия ойындарына, әлем біріншіліктеріне жеке команда даярлап, жеке спортшылардың бабын, спорттық шеберлігін ойлау қажет. Бірақ осылармен бірге біздің алдымызда бұрын аса мән бермеген, бірақ маңызы таудай тағы бір мәселе тұр: ол - құрама жасақтаймыз-ау, бірақ солардың ішінде қазақ жастары жеткілікті дәрежеде бола ма деген сұрақ? Біз бұрын бұл мәселені жан ауыртып ойлаған жоқпыз. Ұлттық команда мүшелерінің арасында тұтас бір елге атын берген халықтың өкілдері болмаса, оның несі ел?! Егер спорттық командаға өз жастарын тәрбиелеп қоса алмаса оның несі халық?! Барлық халықаралық жарыстарда республика намысын негізінен сол республикаға атын берген

ұлттың өкілдері қорғауға тиіс. Ал, кімде-кім қазақ жастарының арасында ондай таланттар жоқ десе, ол қатты қателеседі. Міне, Ұлттық Олимпиадалық комитетке де, жаттықтырушыларға да осы жағын мықтап ойлайтын сәт туды. Қазір бұрынғыдай «өйтеміз-сүйтеміз», - деп ырғалып жүре берудің заманы емес. Тұтас бір халықты ұятқа қалдырмайық, күлкі қылмайық десек, бүгін-ақ тың қадамдар жасау қажет. Мемлекет тарапынан қолдау жасап, барлық облыс орталығында аса талантты қазақ жастарына арнап Олимпиадалық спорт интернаттарын ашу қажет», - деп, өз ұсынысын ашық білдіруі қазақ елінің, спортының болашағын ойлаған нағыз ұлтжанды азамат екендігін көрсетеді.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев Париж Олимпиадасының жүлдегерлерімен кездесуінде Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі түйткілді мәселелерге терең талдау жасай келе, олимпиадалық спорт түрлерінің резервін толықтыратын талантты балаларға қолдау көрсету, барлық өңірде олимпиада ізбасарларын дайындайтын мектеп-интернаттар мен колледждерді ашу қажеттілігін баса айтты. Бұл өзекті мәселені Б. Қаражанұлы 1992 жылы Қазақстан Үкіметіне айтып кеткен болатын.

Құзырлы органдар Мемлекет басшысы атап өткен кемшіліктерден қорытынды шығарып, парламент мәжілісінің депутаты, қазақтың даңқты балуаны, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Тұрлыханов Дәулет Болатұлының парламент мінберінен ҚР Үкіметіне қазақ спортының дамыту бағытында жолдаған депутаттық сауалы мен біздің жоғарыда айтылған ұсыныс-пікірлерді ескеріп, ҚР спорт федерациялары мен ҰОК басшылығы бірлесіп жұмыс жасаса, 2028 жылы Лос-Анжелесте өтетін Олимпиада ойындарында толағай табысқа жететінімізге сенім мол.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың ХХХІІІ жазғы Олимпиада ойындарының жүлдегерлерімен кездесуі. 27.08.2024 ж.

<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-hhhiii-zhazgy-olimpiada-oyyndarynyn-zhuldegerlerimen-kezdesti-2775554>

2. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 02.09.2024 ж. <https://www.akorda.kz/kz/addresses>.

3. Қазақ спорты газеті. Алматы, 2024. - №29, 30,31,32,33,34 сандары.

УДК 378.147

## **НЕГІЗГІ ПӘН – ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

**Е.К. Уанбаев – п.ғ.к., профессор, Қазақтың спорт және туризм академиясы,  
Алматы қ., Қазақстан**

**Аңдатпа.** Мақалада дене мәдениеті және спорт саласына кәсіби мамандар даярлау жүйесінде оқылатын негізгі пән дене мәдениетінің теориясы мен әдістемесін оқытудың заманауи технологиясы туралы жазылған. Автор өзінің осы пәнді оқытудағы 36 жылдық мол тәжірибесімен бөліседі. Студенттің сапалы білім алуына қолданылатын оқытудың заманауи технологиялары негізгі тоғыз түрлі талаптарға сай болуы қажет екені баяндалады. Негізгі материалдық талаптар - оқулық, оқу құралы, видеолекция, электрондық және мультимедиялық электрондық оқулықтардың болуы қажеттілігін дәлелдейді. Мақалада ұстаздың білімділігінің, студенттің саналылығының, ЖОО-ның басшыларының қолайлы педагогикалық жағдай ұйымдастыруының маңыздылығы жазылған.

**Кілт сөздер:** Теория, әдістеме, технология, электрондық, мультимедиялық оқулықтар.

## THE MAIN SUBJECT IS MODERN TECHNOLOGY FOR TEACHING THE THEORY AND METHODOLOGY OF PHYSICAL CULTURE

**E. K. Uanbayev -candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh Academy of sports and tourism, Almaty, Kazakhstan**

**Annotation.** The article describes the modern technology of teaching the theory and methodology of physical culture, the main subject studied in the system of training professionals in the field of physical culture and sports. The author shares his 36 years of extensive experience in teaching this subject. It is stated that the modern teaching technologies used for the quality education of the student should meet the main nine different requirements. The main material requirements are textbooks, teaching aids, video lectures, and prove the need for electronic and multimedia electronic textbooks. The article describes the importance of the education of the teacher, the awareness of the student, and the organization of a suitable pedagogical environment by the heads of universities.

**Keywords:** Theory, methodology, technology, electronic, multimedia readings.

Студент, магистрант ЖОО –дағы негізгі тұлға. Ата-аналар, мемлекет студенттің оқу ақысын қаржыландырады, сол қаржыны пайдалану, студентті оқыту арқылы ЖОО-ны негізгі жұмыстарын атқарады. Ал енді сол студентке беріліп жатқан білім сапасы – ол мемлекеттік стратегия, мемлекеттің, елдің, сол мемлекетте өмір сүріп жатқан ұлттың келешегі. Өйткені студент келешек маман жақсы сапалы білім алмаса ол дәрігер болса науқастар дұрыс ем алмағаны себепті қайғылы жағдайға душар болады, архитектор болса сапасыз салынған үйлер құлай бастайды, ұстаз болса, ол ұстаздан оқыған оқушылар өз ойларын дұрыс айта алмайтын, білімсіз, қабілетсіз, өмірге саналы бағыт ала алмайтын жастар болып шығады. Жалпы алғанда сапасыз білім елдің келешегіне үлкен әсер етіп, мемлекет әлсірейді.

Менің пікірім, 40 жыл ЖОО-да жұмыс істеген тәжірибем бойынша студенттің сапалы білім алуына қолданылатын оқытудың негізгі заманауи амалдары, әдістері, жолдары мен технологиялары төмендегідей талаптарға сай болуы қажет:

1 кесте - Студенттерге сапалы білім алуға қолданылатын заманауи технология

<b>Қолданылатын заманауи технологияның талаптары мен түрлері</b>		
Сауатты, білімді, тұрақты ізденістегі ұстаз	Саналы, білім алуға құштар студент	Пәннің оқу құралы, оқулығы
Пәннің видеолекциялары	Пәннің электрондық оқу құралы	Пәннің мультимедиалық электрондық оқулық
Заманауи интербелсенді әдістемені қолдану	Пәннің мемлекеттік тілге сай қолданылатын терминологиясы	ЖОО басшылығының пәнді оқытуға қолайлы жағдай ұйымдастыруы

**1. Сауатты, білімді, тұрақты ізденістегі ұстаз.** Білім беретін ұстаздың білімді, сауатты, ізденісте болуы. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы», «Біліміден шыққан сөз талаптыға болсын кез», «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға».

Қазір ұстаз білімді болуы үшін мүмкіншіліктер өте көп. Әртүрлі білім жоғарылату курстері өткізіледі, қашықтықтан оқу арқылы тіл білсең Әлемнің қандай түпкірімен хабарласып білімді жоғарылатуға болады. Жаныңда жүрген тәжірибелі маман әріптесіңмен сөйлесіп, ақылдасып, сабағына қатысып, білім, тәжірибе алмасудың да маңызы үлкен. Жақсыдан үйрен жаманнан жирен деген сөз бар.

**2. Студент саналы, білім алуға құштарлығы.** Біз студентпен бірінші курске түскеннен бастап жұмыс істеп оның білім алуға, ғылымменен айналысуға, келешек мамандығының құпияларын меңгеруге дайындығын, құштарлығын біліп алуымыз керек. Санасы төмен, ынтасы аз, құштарлығы жоқ болса, сол бағытта жұмыс істеп сана деңгейін көтеруіміз керек. Өйткені, негізгі мақсат, міндетін түсінбеген адаммен, ұмтылысы жоқ адаммен қалай жұмыс істеуге болады. «Жетелеп жүрген тазы - түлкі алмайды» - деген халық мақалы бар.

**Студенттердің сана сезімі деңгейін жоғарылату, олардың оқу білімге, ғылымға, салауатты өмір салтына деген құштарлығын, жағымды көзқарастарын қалыптастыру жұмыстары мынандай:**

1. Еліне, жеріне, отанына, жан-жағындағы адамдарға деген сүйіспеншілігін ояту, дамыту, инновациялық жана педагогикалық технологияларды қолдану (әңгімелер, диспуттар, әдебиеттер ұсыну, тұрақты тәрбие жұмыстарын жүргізу).

2. Таңдап алған мамандығына деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін ояту. (педагогикалық практика жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру, дөңгелек столдар, әңгімелер, мамандықта жоғарғы жетістікке жеткен адамдармен кездесулер, әдеби кітаптар ұсыну және т.б.)

3. Ғылымдар арасындағы байланысты, әрбір пәннің керектігі туралы, ғылым, білім туралы лекция, әңгімелер өткізу, магистратураға, докторантураға оқуға шақыру және т.б.

4. Мәдениет, жалпы мәдениет, мәдениеттілік туралы әңгімелер өткізу, әдеби кітаптар оқу, фильмдер көру.

5. Студенттің жан – дүниесін ұғынуға бағытталған топтың эдвайзері, кураторлары қатысқан жеке әңгімелер, немесе әртүрлі проблемаларға арналған ашық топтық әңгімелер, дөңгелек столдар өткізу.

Студенттердің сана сезімін, рухани байлық деңгейін жоғарылату, оларды шынайы тазалыққа, жақсылыққа, оқуға, білімге, ғылымға құштарлыққа ынталандыру, ұмтылдыру әрбір оқытушының, эдвайзерлердің, кураторлардың, әдіскерлердің, кафедра, факультет, университет басшыларының міндеті деп, ойлаймын [1].

**3. Әрбір ОБ-дағы пәннің оқу құралы, оқулығы болуы.** Біз оқытушылар студенттерге беретін пәндердің силлабусын, оқу кешенін, лекция тақырыптарын құрастырамыз. Енді осы негізгі пәндерден оқу құралдарын дайындау керек. Әсіресе мемлекеттік тілде. Бүкіл ҚР ЖОО орындары осы қазақ спортының қара шаңырағына қарап отыр. Біз ЖОО-ры ғана емес Республиканың мектептеріндегі дене тәрбиесі мұғалімдеріне арнап, олардың жұмыстарына ауадай қажет мектепте жүргізілетін спорт түрлерінен әдістемелік оқулықтар шығаруымыз қажет. Мен академия ғылым және стратегия проректоры Дошыбеков Айдын Бағдатұлына ұсыныс жасадым, шығармашылық топ құрып оқулықтар шығару жұмыстарын дұрыс жолға қояйық деп.

**Оқулық.** Еліміздегі мемлекеттік тілдегі алғашқы оқу құралы болып «Дене тәрбиесінің негіздері» атты оқу құралым 2000 жылы Алматының «Санат» баспасынан басылып шықты. «Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі» оқу құралым толық 3 бөліммен 2006 жылы Өскеменнің ШҚМУ баспасынан басылып шықты. Содан бері 2009, 2010, 2014 жылдары оқу құралы ретінде баспадан басылып шықты. 2017 жылы



оқулық ретінде, кейінгі 2019 жылы Алматының «Эвере» баспасынан 2 бөліммен, 2022 жылы Алматы қаласының «Үш Қиян» баспасынан 3 бөліммен басылып шықты. Спорт туризм Академиясының кітапханасында «Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі» оқулығымның 187 данасы бар екен [2].

**4. Видеолекциялар.** Өте қажетті қазіргі кезгі заманауи технология. Әсіресе біздің спортшыларға өте қажет. Қалада көлікте, транспортта келе жатыр, пойыз және ұшқышпен жарысқа бара жатыр видеолекция қосып қойып тындай беруге болады. Видеолекцияларды студенттерге уақытында беріп отыру керек. Мен тақырыпты өтіп лекциямды оқыған соң, видеолекцияларымды Уатсаптарына жіберіп қоямын.

2019 жылдан бастап мен бұрынғы істеген оқу орным С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-де 19-ден артық әр пәндерден видеолекцияларымды жаздым. Мультимедиалық электрондық оқулығымда 15 видеолекциям бар. Оларды өз жұмысымда 2019 жылдан бері тұрақты қолданып келемін.

Академияның оқу проректоры Нурмуханбетова Динара Кежеевна өте дұрыс шешім қабылдап, арнайы студия жасақтап Академия оқытушылары былтырғы 2023-2024 оқу жылы видеолекциялар жазды. Осы спорт және туризм Академиясының студиясында «Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі» пәнінен мен де 15 видеолекциямды жаздым.

**5. Электрондық оқу құралы.** Электрондық оқу құралдары ЖОО-да осы ғасырдың басынан құрастырылып қолданыла бастады. Мен өзімнің электрондық оқу құралымды 2006 жылы өзімнің қағаз түріндегі оқу құралымның тексттік мазмұнын қолдану арқылы шығардым. Мазмұнында «Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі» оқу құралының толық тестісі, әрбір тақырыпқа тест сұрақтары берілген. Студент өз білім сапасын тестер арқылы жауап беріп, ол жауаптарының балл санын қолма-қол біле алады. Электрондық оқу құралы оны қолма қол-қол есептеп береді.

**6. Мультимедиалық электрондық оқулық.** 2018 жылы Эвере баспасы менімен келісім шарт жасасты. Сол келісім шарт негізінде мен өзімнің «Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі» оқулық кітабымның электрондық мазмұнын, 225 сұрақ тестерді, 15 тақырыптарға тапсырмалар дайындадым. Алматы қаласы Эвере баспасының құрамындағы ТОО «Эпиграф» мекемесіндегі студияда кәсіби мамандармен біріге отырып мультимедиалық электрондық оқулықты жасап шығардық. Оқулықта 15 тақырыпта лекция, 15 тақырыпта 15 сұрақтан тест, 15 тапсырмалар бар. Мультимедиалық электрондық оқулықты тиімді қолданған ЖОО-ны студенттерінің оқу деңгейін өте биік жоғарылата алады. Өйткені ол мультимедиалық электрондық оқулық оқытушының барлық қызметтік әрекетін өз бетімен орындай алады.

**7. Сабақ кезінде қазіргі кезде қолданылып жатқан заманауи интербелсенді әдістемені қолдану.**

Теориялық сабақтар кезінде заманауи интербелсенді әдістемелердің бәрін қолдана береміз. Ал практикалық спорт залдағы сабақтар кезінде заманауи технологияны қолдану интерактивті тақтаға, оны қалай тиімді қолдануға байланысты болады. Интерактивті тақта бетінде негізгі жаттығулардың техникасының орындалуын, әртүрлі дене тәрбиесі әдістерін, әдістемелерін қалай қолдану жолдарын, спорт ойындарындағы әртүрлі техникo-тактикалық тәсілдер көрсетіледі.

2017 жылы осы мәселе бойынша ЖОО-ны оқытушыларымен бірге Алматы қаласында 240 сағаттық бір ай «Өрлеу» білім жоғарылату күрсіне қатыстым, шебер сынып сабағын өткіздім, мақтау грамотасын алдым. Асхат Әлімовтың «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» атты кітабы, менің үстел үсті кітабым. Оқып, ізденіп шамам келгенше

осы интербелсенді әдістерді: дәріс, семинар сабақтарында қолданып, сабақты қызықты өткізуге тырысамын [3].

### **8. Терминология мәселелері.**

Қазіргі ОБ кіргізілген пәндер, әрбір пәннің, саланың өзіндік терминдері бар. Ал мен сабақ беріп жүрген дене мәдениеті және спорт саласындағы негізгі пән – дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі пәнінде терминдер, негізгі ұғымдар дұрыс қолданылмаса ол дұрыс болмайды. Негізгі терминдер мен ұғымдар көп емес. Ол дене мәдениеті, дене тәрбиесі, дене шынықтыру, дене қасиеті терминдері. Негізгі терминдерді біз осы спорт және туризм академиясында 2012 жылы пәндік олимпиадаға жиналған кезде Республиканың барлық теориядан беретін ғалымдары жиналып талқылап бекіткен болатынбыз. 2014 жылы Мәдениет және спорт министрлігі, Педагогикалық ғылымдар академиясы, А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, ҚР Үкіметінің жанындағы терминологиялық комиссия мақұлдап, бекіткен қазақша-орысша, орысша-қазақша дене тәрбиесі және спорт терминологиялық сөздігі шығарылды. Сөздік жобасының ғылыми жетекшісі А.Қ. Кусаинов, сөздікті дайындауға қатысқан дене мәдениеті және спорт саласының 20 ғалымдарының, авторлар ұжымының жетекшісі Д.К. Нұрмуханбетова. Ол сөздікте «физическая культура» – дене мәдениеті, «физическое воспитание» – дене тәрбиесі, «физическая закалка» – дене шынықтыру, «физическая качества» – дене қасиеті деп жазылған. Сондықтан осы кейінгі шығарылған сөздікте жазылған терминдер бойыншы жұмыс істеуіміз керек.

Біздің мамандықтың атауын «Дене мәдениеті және спорт» деп, ал мектептің «дене шынықтыру» сабағын «дене тәрбиесі» деп, атаған дұрыс деп, ойлаймын.

Дене мәдениеті, дене тәрбиесі деп сөйлейтін болсақ онда біздің мәртебеміз көтеріледі, бізді қоғам сыйлай бастайды. Өйткені мәдениет театрдың киім ілгішінен басталатыны секілді, қоғам мәдениеті адамның сыртқы келбеті, дене тұлғасы, қимыл қозалысынан басталады. Сымбатты, сындарлы тұлға, әдемі қимыл қозғалыс сырттан қараған адамды өзіне тартады емес пе. Ал сол сыртқы мәдениетті, дене мәдениетін қалыптастыратын, тәрбиелейтін дене тәрбиесі және спорт, спорт жаттығулары. Шынықтыру емес мәдениеттендіру және тәрбиелеу.

### **9. ЖОО басшылығының пәнді оқытуға қолайлы жағдай ұйымдастыруы.**

Студенттердің оқуға деген ұмтылыстарына кері әсер ететін жағымсыз факторларды үш жақты қарастыру керек. Олар: студенттер, оқытушылар және әкімшілік-ұйымдастыру жағынан болатын факторлар. Әкімшілік жағынан әсер ететін факторлар: дұрыс ойластырылып, ұйымдастырылмаған оқу процесі, нашар материалды–техникалық база, білікті, білімді мамандардың аздығы т.с.с. Оқытушылар жағынан жағымсыз әсерлер: оқытушылардың студенттермен араларындағы дұрыс емес қарым қатынас, студенттің жандүниесін түсінбеуі, оқытушылар арасындағы кездейсоқ өз кәсібінің мән мағынасын дұрыс ұқпаған адамдардың болуы, өз пәніне жауапсыздығы, сый–сияпат дәметушілік, пара алушылық ж.т.б әртүрлі себептер. Студенттер жағынан: ол сана деңгейінің төмендігі, келешек мамандығының мән-мағынасын түсінбеуі, қызығушылық танытпауы, жақсы көрмеуі, білім алсам деп ынталанбады, құштарланбауы.

Спортшылармен, сабаққа келмеген студенттермен жұмыс. Жеке кесте (индивидуалды график) бойынша оқитын студент спортшылармен жұмыс күрделі. Студент спортшылар екі топқа бөлінеді: 1- спортшы робот, 2- білімді спортшы. Спортшы дайындығының бес жағының бірі (дене қуаты, техникалық, тактикалық, психологиялық) теориялық дайындық. Соның бір жағы теорияны білмейтін студент жаттықтырушысының басқаруын, айтқанын ғана орындай алатын робот-спортшы. Ал, білімді спортшы жаттығуды орындаумен қатар

спорттық жаттықтырудың амалы мен әдістерін, әдістемесін, қағидаларын, теориялық және ғылыми заңдылықтарын біліп, үйренуге құштарланады. Ол жоғары жетістіктегі спортшы қызметінен кейін, бапкер-жаттықтырушы жұмысына білім керек екенін санасымен түсінген студенттер.

Ал робот спортшы басқа мамандық иесі болса өкінішті. Ал біздің мамандық иесі келешек дене тәрбиесі маманы немесе спорт түрінің бапкері болса сұмдық қой. Ондай робот спортшы ертең өзі бапкер болғанда теория білмесе қандай спортшы дайындай алады.

Мақаланы қорыта келгенде айтарым, біздің дене мәдениеті және спорт саласында жоғары білімді мамандарды даярлау кезіндегі ОБ қолданылатын негізгі пән – дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі пәні жоғарыда көрсетілген 9 талаптарға сай болып оқытылуы қажет деп, ойлаймын. Білім екі жақты оқытушы оқытады, студент оқиды. Осы екі жақты оқыту, білім алу, білімді тәжірибеде қолдану үдерісі оқытушы мен студенттің бірігіп, бірін-бірі түсініп, біріге білім және ғылым шындарын бағындыруға ұмтылғанда, ЖОО-ның басшылары оларға жақсы педагогикалық жағдай жасағанда ғана жемісті болмақ.

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

1. Уанбаев Е.К. Студенттің саналылығының оқу үрдісіне әсері //«Аманжол оқулары - 2017» Сананың жаңа прагдимасын қалыптастыру, Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. -2017. -Б. 325-328.
2. Уанбаев Е.К. Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдістемесі. – Алматы, Үш Қиян баспасы. 2022. -368 б.
3. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. -448 б.

**ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ, СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ МАМАНДАРЫН КӘСІБИ,  
САПАЛЫ ДАЯРЛАУ ЖОЛДАРЫ  
ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ, КАЧЕСТВЕННАЯ ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ  
ПО ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ, СПОРТУ И ТУРИЗМУ  
PROFESSIONAL, HIGH-QUALITY TRAINING OF SPECIALISTS IN PHYSICAL  
CULTURE, SPORTS AND TOURISM**

УДК 796/799

**ЖАСӨСПІРІМ КЕЗІНДЕГІ ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНШЫЛАРЫНЫҢ ЖАТТЫҒУ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТАЛДАУ**

**А.М. Муратов – М.Өтемісов атындағы БҚУ 1-ші курс магистрі,  
Орал қ., Қазақстан**

**Аңдатпа.** Қазіргі уақытта жас спортшылардың физикалық дамуының өзгеруі туралы мәліметтер теориялық қызығушылыққа ие болып қана қоймай, спорт практикасы үшін де маңызды. Морфологиялық белгілер спортшының моторикасының материалдық негізі болып табылады және егер ол анықталмаса, спорттық шеберлікке қол жеткізуде көп ықпал етеді. Дененің өсуі мен дамуы динамикалық өзара әрекеттесудегі ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен, және ол - ең алдымен әлеуметтік әсер. Қоршаған орта тек шарт ретінде ғана емес, сонымен қатар адам ағзасының даму көзі ретінде де әрекет етеді, демек оның тұқым қуалайтын қасиеттерін жақсартуға немесе олардың жағымсыз көріністеріне кедергі келтіру және түзету.

**Кілт сөздер:** жыныстық жетілу; жас ерекшелік; физикалық даму.

**ANALYSIS OF THE TRAINING FEATURES OF VOLLEYBALL PLAYERS IN  
ADOLESCENCE**

**A.M. Muratov - first-year undergraduate student of the WKU named after  
M.Utemisov, Uralsk, Kazakhstan**

**Annotation.** Currently, data on changes in the physical development of young athletes are not only of theoretical interest, but also important for sports practice. Morphological traits are the material basis of an athlete's motor skills and, if not identified, contribute a lot in achieving sportsmanship. The growth and development of the body is under the influence of internal and external factors in dynamic interaction, and it is - primarily social influence. The environment acts not only as a condition, but also as a source of development of the human body, which means hindering and correcting the improvement of its hereditary properties or their negative manifestations.

**Keywords:** puberty; age; physical development.

Дене шынықтыру бойынша оқу-жаттығу процесін дұрыс жоспарлау және жүзеге асыру кезінде жасқа байланысты өзгерістердің негізінде жатқан механизмдерді түсіну маңызды және бұл өсіп келе жатқан әйел денесінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып ғана мүмкін болады [2, 4].

Әйел денесі күрделі нейрогуморальды реттеудің негізгі биологиялық ерекшелігіне ие - етеккір функциясы, оның циклдік сипаты бүкіл денеге, атап айтқанда оның жұмысына айтарлықтай әсер етеді.

Демек, волейболшылардың физикалық дамуы – бұл организмнің морфологиялық және функционалдық ерекшеліктерін өзгертудің заңды процесі, олардың жасымен және денсаулық жағдайымен, тұқым қуалайтын факторлармен, өмір сүру жағдайларымен, волейбол сабақтарының ерекше әсерімен тығыз байланысты деп айтуға болады [1, 3].

Физикалық қасиеттердің дамуын анықтайтын морфологиялық параметрлердің ішінде: дененің бойлық өлшемдері, дене салмағы, шеңбер өлшемдері және ендік өлшемдері. Сонымен қатар, доғаның жағдайы сәтті спорттық іс-әрекетке әсер етеді.

Дене ұзындығы 9-дан 18 жасқа дейін біркелкі емес өседі. Дене ұзындығының ең үлкен өсуі 10-13 жас аралығында байқалады. 14 жастан бастап дененің абсолютті өсуі айтарлықтай төмендейді, ал 16 жастан кейін ол іс жүзінде тоқтайды.

Жасы ұлғайған сайын дене салмағының жоғарылауы да біркелкі болмайды. Дене салмағының ең қарқынды өсуі волейболшыларда 10-нан 13 жасқа дейін байқалады, ал ең жоғарғысы 12-ден 13 жасқа дейін тіркелген. Бұлшықет жүйесі 10 жастан 14 жасқа дейін жылдам қарқынмен дамиды, бұлшықет компонентінің жылдық өсуі орта есеппен 14 жылды құрайды [16].

Сүйек компонентіне келетін болсақ, өсудің ең жоғары қарқыны 10 жастан 13 жасқа дейін байқалады. Жоғарғы және төменгі аяқтардың ұзын түтікшелі сүйектері әсіресе тез өседі, омыртқаның биіктігі тез өседі.

Шамадан тыс бұлшықет жүктемелерін қолдану оссификация процесін тездетеді және түтікшелі сүйектердің баяу өсуіне әкелуі мүмкін. Үш жамбас сүйегінің бірігуі 13-17 жаста болады, ал секіру кезінде қону кезінде қатты итеру, сол және оң аяққа біркелкі емес жүктеме жамбас сүйектерінің дұрыс орналаспауына және олардың дұрыс қосылмауына әкелуі мүмкін. Кеуде және бел қисықтарының қажетсіз ұлғаюының алдын алу үшін бастауыш және орта мектеп жасындағы волейболшыларда омыртқаның үлкен қозғалғыштығына байланысты шамадан тыс ауыр салмақты өте сақтықпен қолдану керек, сонымен қатар әртүрлі әрекеттерді орындау кезінде позаның дұрыстығын бақылау және арқа мен іш бұлшықеттерін күшейту қажет. Балалар мен жасөспірімдердің жас ерекшеліктері моториканы жетілдіру және моториканы қалыптастыру үшін қолайлы кезеңдердің болуымен сипатталады. Бұл кезеңдер әдетте сезімтал деп аталады, яғни сыртқы ортаның белгілі бір мақсатты әсеріне "сезімтал" [3, 7].

Осы кезеңдерде онтогенездің табиғи заңдылықтарына және бағытталған педагогикалық әсерге сүйене отырып, балалар мен жасөспірімдердің қозғалыс қабілеттерінің өсуінің ең жоғары қарқыны қамтамасыз етіледі, жоғары бейімделу мүмкіндіктері анықталады, моториканы қалыптастыру және белгілі бір формацияны игеру үшін қолайлы жағдайлар жасалады. Жаттығу әсерінің мөлшері мен мерзімі әр жас кезеңіндегі жас волейболшылардың бейімделу мүмкіндіктерімен өлшенуі керек.

Жаттығу әсеріне ерте назар аударған кезде бейімделу мүмкіндіктерінің ерте сарқылуы мүмкін және ең жоғары жетістіктер жасына қарай спортшының денесі генетикалық тұрғыдан сарқылуға жарайды.

Адамның дамуы-өмір бойы жалғасатын үздіксіз процесс. Әр үйде жеке даму кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің денесі осы жасқа тән ерекшеліктері бар гар - моникалық тұтастық болып табылады [7, 8, 9].

Жаттығу процесін ұтымды жоспарлау, волейболшыларды ұзақ жылдар бойы даярлау кезінде спорттық жаттығулардың құралдары мен әдістерін дұрыс пайдалану өсіп келе жатқан ағзаның анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып ғана мүмкін болады.

Қыздарда дене ұзындығының максималды өсуі (7 см-ден астам) жылына 11,5 жыл ДДҰ - ға келеді. 12 жастан кейін дененің абсолютті өсуі айтарлықтай төмендейді, ал 16 жастан кейін ол іс жүзінде тоқтайды.

Дене салмағының жасы ұлғайған сайын, ұзындығы да біркелкі болмайды. Қыздардағы дене салмағының ең қарқынды өсуі 10-11 жас пен 15-16 жас аралығында байқалады. Дене салмағының айтарлықтай өсуі жыныстық жетілу кезеңінде болады [8, 10].

Жыныстық жетілу кезеңінде бұлшықет жүйесі жылдам қарқынмен дамиды. 13 жастан бастап ол жалпы дене салмағының өсуіндегі күрт секірісті атап өтті. Сонымен, егер 8 жастағы балада бұлшықет дене салмағының 27% құрайды, 12 жастағы балада – шамамен 29%, ал 15 жастағы жасөспірімдерде – шамамен 33 %.

Бұлшықет массасының ұлғаюымен қатар бұлшықет талшықтарының диаметрі де өзгереді, ал бұлшықет салмағы негізінен бұлшықет талшықтарының қалыңдығын арттыру арқылы артады. Бұлшықет массасы әсіресе қыздарда 11-12 жаста қарқынды өседі. 14-15 жасқа қарай қыздар бұлшықеттері өздерінің қасиеттері бойынша ересек адамдардан аз ерекшеленеді.

14-15 жасқа дейін буын-байлам аппаратының, бұлшықеттер мен сіңірлердің дамуы және қаңқа бұлшық еттеріндегі тіндердің дифференциациясы жоғары деңгейге жетеді.

Бұлшықет күшінің ең қарқынды өсуі 13-14 жас аралығында болады. Бұл жағдайда бұлшықеттердің күші жыныстық жетілу дәрежесіне байланысты.

Жасөспірімдердің жұмыс қабілеттілігінің нақты Жас сипаттамасын алу үшін төрт элементті ескеру қажет:

- моториканың әртүрлі түрлерін дамыту;
- бұлшықет күшінің даму деңгейі;
- жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелерінің функцияларын дамыту;
- төзімділік пен қуаттың қысқа мерзімді даму қабілетін дамыту.

Балалық шақта анализаторлар қарқынды дамиды. Қазірдің өзінде 10-13 жаста қозғалыс, вестибулярлық және басқа анализаторлардың функциялары ересектердегі функциялардан аз ерекшеленеді. Осылайша, осы жаста волейболдың күрделі Үйлестірілген техникалық әдістері мен ойынның тактикалық әрекеттерін оқытудың барлық қажетті алғышарттары бар.

Биологиялық жас төлқұжатқа қарағанда балалар мен жасөспірімдердің морфо-функционалды көрсеткіштерінің даму сипатымен тығыз байланысты екені белгілі. Бұл балалардың, әсіресе спортпен шұғылданатындардың биологиялық жетілуіне үлкен қызығушылық тудырады [16, 17].

Екінші жыныстық сипаттамалардың дамуындағы құрдастарынан озып келе жатқан жасөспірімдерде жыл сайынғы өсудің үлкен бұлшықет мөлшері басталады.

Мұндай айырмашылықтар ертерек жыныстық жетілу алдыңғы жылдары дененің өсуімен қатар жүретіндігімен байланысты.

Биологиялық жетілу көрсеткіштері көбінесе жасөспірімдердің әртүрлі морфо-функционалды параметрлері мен жұмыс қабілеттілігінің деңгейін анықтайды, жас спортшыларды іріктеу сұрауларын шешуге, сондай-ақ жаттығу және бәсекелестік жүктемелерді жоспарлауға көмектеседі. Алайда, балалар денесінің жеке мүшелері мен жүйелерінің өсуі мен қалыптасуындағы біркелкілікті және волейболмен айналысу кезінде бір немесе басқа органға түсетін жүктеменің тең өстігін әрдайым есте ұстаған жөн [16, 17].

Бала ағзасының ерекшеліктерін білу жаттықтырушыға мақсатты, сараланған, жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиенің құралдары мен әдістерін қолдануға мүмкіндік береді-жас волейболшылардың физикалық қасиеттері жас спортшылармен оқу - жаттығу процесін одан әрі оңтайландыруға ықпал етеді [15, 16, 17].

Соңғы жылдары отандық волейболда ұзын бойлы ойыншылардың шеберлерін командаларға тарту үрдісі байқалды. Клубтан ұлттық құрамаға дейінгі әр түрлі деңгейдегі турнирлік мәселелерді ойдағыдай шешу үшін мамандардың алдында балалық шақтағы іріктеу кезеңінде ықтимал ұзын спортшыларды іздеу және оларды техникалық әдістерге үйрету және жетілдіру ерекшеліктерін анықтау мәселесі тұр [5,6,16].

Балаларды ойын техникасына үйрету-қиын міндет, оны оқу - жаттығу процесінің басқа да міндеттерін шешумен тығыз байланыста ғана сәтті шешуге болады.

Техниканы меңгеру дене шынықтырумен байланысты. Жақсы дене шынықтыру және арнайы физикалық қасиеттердің жоғары деңгейі жағдайында ғана волейболдың техникалық әдістерін бастапқы оқытуда жетістікке жетуге болады, ал жетілдіру процесінде ойында үйренген техникалық әрекеттерді тиімдірек қолдануға болады [12, 14].

Ұзын бойлы балалар техникалық дағдыларды нашар меңгереді және жалпы және арнайы дене шынықтырудан төмен деп саналады. Бірақ ұзын бойлы балалардың ойын дағдыларын игеру тұрғысынан кемшіліктерін растайтын сенімді ғылыми дәлелдер жоқ. Бірақ биік адамдар әрқашан спорт секциясына таңдалады, ал кішкентай бойлары тек ерекше дарынды. Ең белсенді биологиялық өсу мен даму кезеңіндегі ұзын бойлы жас волейбол - сток (12-13 жас) зерттеулері волейболды оқытудың бастапқы кезеңінде арнайы қасиеттерді дамытуға көбірек уақыт бөлу керек екенін көрсетеді: жылдамдық, жауап беру жылдамдығы, ептілік және т.б. бұл қасиеттердің барлығы волейболдағы көптеген техникалық әдістерді орындау кезінде қажет.

Арнайы дене шынықтыруда үлкен назар мен жауапкершілікпен сіз ұзын балаларға жақындауыңыз керек. Олармен жұмыс істеу кезінде моториканың дамуындағы кейбір артта қалушылықты ескеру қажет. Қозғалыс жылдамдығын, жылдамдық пен күш қасиеттерін, ептілік пен икемділікті дамыту үшін жаттығулар оларды дайындауда үлкен орын алуы керек. Бұл ұтымды ойын техникасын дұрыс меңгеру және ойын тактикасын сәтті үйрену үшін маңызды [11].

Жұмыстың бастапқы кезеңінде арнайы қасиеттерді дамытуға және техниканы мұқият оқытуға баса назар аудару, уақыт өте келе (бір – екі жыл) техникалық дайындық көрсеткіштері бойынша ұзын бойлы ойыншылардың бойлары аз ойыншылармен теңестірілуіне әкеледі. Ойын әрекеттерінің тиімділігіне келетін болсақ, биік адамдар, әсіресе шабуылда айтарлықтай артықшылыққа ие.

Жас аспектісінде физикалық қасиеттердің даму заңдылықтарын анықтау өте маңызды, өйткені балалар мен жасөспірімдерде қозғалыс анализаторы қалыптасады, Болашақ спорттық жетістіктердің негізі қаланады.

Зерттеулер арнайы қасиеттердің дамуының оңтайлы деңгейі ойынның ұтымды техникасын дұрыс және жеткілікті жылдам игеру және ойында үйренген әдістерді қолдану үшін шарт ретінде қызмет ететіндігін анықтады [5, 13].

Жас волейболшылардың дене дайындығын арттыруға бағытталған жаттығудың ең тиімді құралдары мен әдістерін таңдау моторлық және функционалдық дайындыққа бәсекелестік әрекеттің талаптарына негізделген. Дұрыс жаттығу үшін нені жаттықтыру керектігін, содан кейін қалай жаттықтыру керектігін білу керек.

Балаларды спорттық даярлау ересектер санатына ауысқаннан кейін жас волейболшылар "үлкен волейбол" қоятын талаптарға дайындалатындай етіп бірнеше жылға жоспарланады.

Алайда, жеңіске жету үшін басқа жаттықтырушылар физикалық дайындықты елемей, "сүйреуге" жүгінеді. Бұл ішінара 12-13 жас аралығындағы волейбол ойыншыларының жарыстарында дене шынықтырудың ойын нәтижесіне әсері шешуші түрде айтылмайтындығына байланысты, өйткені бұл жарыс бірнеше күн қатарынан өткізілетін егде жастағы және ересек қыздардың ойындарында орын алады. Техникадағы кемшіліктер "натасқан" командаларының ойыншыларының физикалық және физикалық дайындығы олардың жарыстардағы уақытша жеңістерінің артында жасырылған [5, 6, 13].

Үлкендер ересек жасқа жеткенде және бірнеше ересектерге ауысқанда, "сүйреу" қатыгездігі әсіресе күрт көрінеді, бірақ жалпы және арнайы дене шынықтырудан бас тарту, әдетте, мүмкін емес.

Осылайша, волейбол ойнаудың техникалық әдістерін игеру кезінде оқушылардың физикалық дайындығы кезінде жасөспірімнің анатомиялық және физиологиялық

ерекшеліктерін ескеру қажет екенін атап өтуге болады. Бұл әсіресе жас ерік-жігерге қатысты, өйткені әйел денесінің ерекшеліктері әсіресе еркек денесінің даму жолдарынан айтарлықтай ерекшеленеді.

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

- 1.Беляев, А.В. Волейбол: теория и методика тренировки **2021.** - **709** бет.
- 2.Булыкина, Л.В. Волейбол для всех, **2021.** - **510** бет.
- 3.Волейбол: теория и практика : учебник для высших учебных заведений физической культуры и спорта. 2016. - 465 бет.
- 4.Волейбол. Спортивные термины на 5 языках. **2021.- 666** бет.
- 5.Глебо Т. В. Методика технической подготовки юных волейболисток на основе развития функциональных возможностей сенсорных систем. 2008. -22 бет.
- 6.Губа В.П. основы спортивной подготовки. Методы оценки и прогнозирования. Морфобиомеханический подход. 2012.
- 7.Железняк, Ю.Д. 120 уроков по волейболу. **2019.** - **286** бет.
- 8.Клещев, Ю.Н. Волейбол. **2018.** - **961** бет.
- 9.Клещев, Ю.Н. Волейбол. Подготовка команды к соревнованиям. **2022.** - **915** бет.
- 10.Кунянский, В. А. Волейбол. О некоторых аспектах игры и судейства. **2019.** - **271** бет.
- 11.Куликова Т.Ю. Специальная физическая подготовленность волейболистов 13-14 лет. 234-237 бет.
- 12.Мачтакова Е.Ю. Влияние занятий волейболом на физическую подготовленность юных волейболистов 9-10 лет. 2015. 98-99 бет.
- 13.Мудрая О.П. Влияние игры волейбол на уровень развития скоростносиловых качеств у школьника 13 - 14 лет. 2018. 27-30 бет.
- 14.Николаева Е.В. Применение подвижных игр на этапе начальной подготовки юных волейболистов. 2017. 537-539 бет.
15. Романова Т.А. Методика развития специальной ловкости у юных волейболистов. 2017. 542-544 бет.
16. Фискалов В.Д. Спорт и система подготовки спортсменов. 2010.
- 17.Фомин Е.В. Общие основы силовой подготовки волейболистов и их практическое приложение. 2012. 23 бет.

УДК 612.215.1

### **ОСОБЕННОСТИ ЗАНЯТИЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРОЙ И СПОРТОМ ПРИ БРОНХИАЛЬНОЙ АСТМЕ**

**А.Қ. Абден - Жетысуский университет им. И. Жансугурова, г. Талдықорган,  
Н. Саматқызы - Жетысуский университет им. И. Жансугурова, г. Талдықорган,  
Казахстан**

**Аннотация.** Бронхиальная астма — это хроническое воспалительное заболевание дыхательных путей, характеризующееся повышенной реактивностью бронхов. Однако, занятие физической культурой и спортом может быть полезным для пациентов с этим заболеванием.

Умеренные и регулярные физические нагрузки могут помочь улучшить функцию легких, снизить воспаление в бронхах, улучшить контроль над симптомами и повысить общую физическую выносливость. Обращение к физической активности должно быть индивидуальным и адаптированным к конкретному пациенту, с учетом его возраста, уровня



физической подготовки, тяжести и контроля заболевания. Пациентам с бронхиальной астмой рекомендуется заниматься аэробными физическими упражнениями, такими как ходьба, плавание или езда на велосипеде. Эти виды физической активности способствуют улучшению функции легких, укреплению сердечно-сосудистой системы, повышению выносливости и контролю над дыхательными симптомами. Перед началом занятий физической культурой и спортом пациенты с бронхиальной астмой должны проконсультироваться с врачом, чтобы выбрать подходящую программу физических нагрузок, получить рекомендации по дозировке и контролю заболевания во время тренировок.

В целом, занятие физической культурой и спортом при бронхиальной астме может быть безопасным и полезным, если соблюдаются рекомендации врача и принимаются меры предосторожности. Это позволяет пациенту улучшить качество жизни, повысить физическую активность и общую физическую форму.

**Ключевые слова:** астма, физическая культура, спорт, респираторная функция, физическая работоспособность, качество жизни, аэробные нагрузки, анаэробные нагрузки, интенсивность нагрузки, длительность нагрузки.

## FEATURES OF PHYSICAL EDUCATION AND SPORTS IN BRONCHIAL ASTHMA

**A.K. Abden - Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan,  
N. Samatkyzy - Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan,  
Kazakhstan**

**Annotation.** Bronchial asthma is a chronic inflammatory disease of the respiratory tract characterized by increased reactivity of the bronchi. However, physical education and sports can be beneficial for patients with this disease.

Moderate and regular physical activity can help improve lung function, reduce inflammation in the bronchi, improve symptom control, and increase overall physical endurance. Access to physical activity should be individual and adapted to a specific patient, taking into account his age, level of physical fitness, severity and control of the disease.

Patients with bronchial asthma are advised to engage in aerobic physical exercises such as walking, swimming or cycling. These types of physical activity contribute to improving lung function, strengthening the cardiovascular system, increasing endurance and controlling respiratory symptoms.

Before starting physical education and sports, patients with bronchial asthma should consult a doctor to choose a suitable exercise program, get recommendations on dosage and disease control during training.

In general, physical education and sports for bronchial asthma can be safe and useful if the doctor's recommendations are followed and precautions are taken. This allows the patient to improve the quality of life, increase physical activity and overall fitness.

**Keywords:** asthma, physical education, sports, respiratory function, physical performance, quality of life, aerobic exercise, anaerobic exercise, intensity of exercise, duration of exercise.

Введение занятий физической культурой и спортом для людей, страдающих бронхиальной астмой, имеет множество положительных эффектов на их здоровье и общее самочувствие.

1. Улучшение функционального состояния легких: Регулярные физические нагрузки, а также специальные упражнения, направленные на укрепление респираторной системы, способствуют улучшению физиологических показателей дыхательной системы. Это помогает снизить частоту и интенсивность астматических приступов.

2. Укрепление иммунной системы: Физическая активность способствует укреплению иммунной системы, что помогает предотвратить ряд инфекционных заболеваний, которые могут привести к обострению бронхиальной астмы.

3. Улучшение физической выносливости и общей физической формы: Регулярная тренировка способствует повышению уровня физической выносливости и общей физической формы организма. Это помогает улучшить качество жизни пациентов с бронхиальной астмой и снизить уровень утомляемости.

4. Психологическое благополучие: Физическая активность имеет положительное влияние на психологическое состояние человека. Упражнения способствуют выработке эндорфинов - гормонов радости, что помогает улучшить настроение пациентов и снизить уровень стресса и тревожности.

5. Социализация: Занятия физической культурой и спортом предоставляют возможность для социальной активности и общения с другими людьми, что может быть особенно важно для людей, страдающих хроническими заболеваниями.

Однако, необходимо отметить, что физическая активность при бронхиальной астме должна быть безопасной и индивидуальной. Рекомендуется консультация с врачом-пульмонологом или физиотерапевтом, которые помогут подобрать оптимальные виды и интенсивность физической нагрузки, а также научат правильному дыханию во время тренировок.

Основная часть занятий физической культурой и спортом при бронхиальной астме состоит из следующих элементов:

1. Разминка. Перед началом занятий рекомендуется провести разминку, чтобы подготовить организм к физической нагрузке. Разминка может включать легкие аэробные упражнения, такие как ходьба на месте, мягкие упражнения на растяжку и простые гимнастические движения.

2. Упражнения для укрепления дыхательной системы. Основная проблема при бронхиальной астме — это дыхательная недостаточность. Поэтому важно проводить специальные упражнения для укрепления дыхательной системы. Это могут быть различные вариации дыхательной гимнастики, включающей глубокие вдохи и выдохи, упражнения на правильное дыхание, ориентированные на тренировку вентиляционных объемов легких.

3. Аэробные упражнения. Этот тип физической нагрузки помогает улучшить общую физическую подготовку, повысить выносливость и укрепить сердечно-сосудистую систему. Подходящие для занятий аэробикой варианты могут включать ходьбу, бег, плавание, езду на велосипеде и другие упражнения, при которых нет резких изменений окружающей среды и простых доступных в домашних условиях.

4. Силовые тренировки. Они направлены на укрепление и развитие мышц всего тела. Силовые тренировки могут включать упражнения с собственным весом, легкими гантелями или специальными тренажерами. Важно подобрать нагрузку, учитывая индивидуальные особенности каждого пациента.

5. Растяжка и гимнастика. После интенсивной физической нагрузки необходимо провести растяжку мышц и суставов, чтобы предотвратить мышечную и суставную травматизацию. Растяжка также способствует улучшению гибкости тела. Гимнастика может включать упражнения для различных групп мышц, которые помогут поддерживать хорошую физическую форму.

6. Постепенное увеличение нагрузки. При занятиях физической культурой при бронхиальной астме необходимо следить за постепенным увеличением нагрузки. Начинать следует с легких упражнений, постепенно увеличивая их интенсивность и продолжительность. Это поможет организму адаптироваться к физической нагрузке и избежать приступов бронхиальной астмы.

Важно помнить, что перед началом занятий физической культурой при бронхиальной астме необходимо проконсультироваться с врачом, чтобы определить допустимый уровень нагрузки и выбрать подходящие упражнения для конкретного случая.

Бронхиальная астма - хроническое воспалительное заболевание дыхательных путей, характеризующееся приступами одышки, кашля, хрипов и затрудненного дыхания. Физическая нагрузка может спровоцировать приступ у людей, страдающих бронхиальной астмой. Однако регулярные занятия физической культурой и спортом могут помочь улучшить состояние здоровья и снизить частоту и тяжесть приступов.

Рекомендации по занятиям физической культурой и спортом при бронхиальной астме:

Перед началом занятий проконсультируйтесь с врачом, чтобы определить, какие виды физической активности подходят именно вам.

Выбирайте виды спорта, которые не требуют интенсивных физических усилий, например, плавание, ходьба, езда на велосипеде, йога, пилатес.

Начинайте с небольшой интенсивности и постепенно увеличивайте ее по мере улучшения физической формы.

Делайте разминку перед каждым занятием и заминку после него. Всегда имейте при себе ингалятор быстрого действия на случай приступа.

Избегайте занятий физической культурой и спортом в холодную и сухую погоду. Пейте много жидкости до, во время и после занятий.

Избегайте занятий физической культурой и спортом в загрязненном воздухе.

Польза занятий физической культурой и спортом при бронхиальной астме:

Улучшение функции легких.

Снижение частоты и тяжести приступов.

Улучшение физической формы.

Снижение риска сердечно-сосудистых заболеваний.

Улучшение качества жизни.

Противопоказания к занятиям физической культурой и спортом при бронхиальной астме:

Тяжелая астма.

Неконтролируемые приступы астмы.

Наличие других заболеваний, которые ограничивают физическую активность.

Если у вас есть бронхиальная астма, обязательно проконсультируйтесь с врачом перед началом занятий физической культурой и спортом. Врач поможет вам подобрать подходящий вид спорта и разработать индивидуальный план тренировок.

Ловкость как физическое качество создает предпосылки для овладения координационные сложными движениями, которые необходимы для совершенствования и эффективного проявления техники игры в соревновательных условиях. Воспитывается ловкость с помощью подвижных игр, эстафет, акробатических и гимнастических упражнений, упражнений с мячами, прыжков через скакалку и др.

Основным условием для воспитания ловкости является постоянное, но постепенное повышение координационной трудности при выполнении упражнений [3].

Теоретическая подготовка проводится в форме бесед непосредственно на тренировке, органически связана с физической, технико-тактической, моральной и волевой подготовкой. Теоретические знания необходимы для того, чтобы выработать у занимающихся умение использовать полученные знания на практике в условиях тренировочных занятий.

Анализ научной и методической литературы и практики зарубежных специалистов свидетельствует о том, что занятия мини волейболом разносторонне влияют на организм, содействуют решению оздоровительных, воспитательных и образовательных задач, формируют основу двигательных умений и навыков, необходимых ребенку в процессе его развития и жизнедеятельности.

#### ***Список литературы:***

1. Беляев, А.В. Волейбол: учебник для высших учебных заведений физической культуры / под общ. ред. А.В. Беляева, М.В. Савина. - М.: Физкультура, образование, наука, 2000. — 368 с.
2. Железняк, Ю.Д. Подготовка юных волейболистов: учеб. пособие для тренеров детских и юношеских спортивных коллективов / Ю.Д. Железняк, Ю.Н. Клещев, О.С. Чехов. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Физкультура и спорт, 1967. – 294 с.
3. Фурманов, А.Г. Играй в мини-волейбол / А.Г. Фурманов. - М.: Советский спорт, 1989.-48 с.

УДК 796.011.1

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДЕНЕ ҚУАТЫН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ

**Е.М. Абуов – Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы, Түркістан қ.,**  
**Ж.Ж. Курманай – Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті, Түркістан қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Дене тәрбиесі – жасөспірімді жан-жақты үйлесімді қалыптастырып, дамытуға бағытталған негізгі салалардың. Себебі, дене тәрбиесі тұлға денесінің қалыпты жетілуінің, денсаулығының нығаюын қамтамасыз етуде, оларды еңбекке, отанды қорғауға дайындауда аса маңызды қызмет атқарады. «Дене тәрбиесі – адамның денсаулығын нығайтып, оңтайлы, қимыл — әрекеттерін қалыптастыратын адамгершілік қасиеттері мен ерік – жігері жетілдіретін негізгі тәрбие бағыттарының бірі.

Қандайда бір қоғам болмасын оның сәтті болуы болашақ жастарының денсаулығына тікелей байланысты. Себебі, қазіргі қоғам, жоғары қарқынмен дамыған өндіріс дене бітімі жақсы жетілген, өндірісте жоғары қарқынмен жұмыс істей алатын жасөспірімді қажет етеді. Адамның ширақтығы неғұрлым басым болса, соғұрлым атқаратын жұмысы тиімді болады. Сондықтан әрбір ұстаз өзінің шәкірттерін денсаулығы мықты, көңілді, дене бітімі жақсы дамыған тұлға ретінде көргісі келеді.

Сондықтан да тәрбие теориясы дене тәрбиесі мәселесіне тұлғаның дене күштері және ағзасын дамытудың негізгі бір факторы ретінде айрықша мән береді. Әрине, қоғамдағы жас өспірімдердің дене және рухани қабілеттері қаншалықты дамуына байланысты, соншалықты олар халық игілігі үшін пайдалы әрі нәтижелі еңбек етеді.

**Кілт сөздер:** дене тәрбиесі, дене мәдениеті, жасөспірімдер, дене қуаты, қозғалыс, шеберлік

## THE IMPORTANCE OF PHYSICAL EDUCATION IN IMPROVING THE PHYSICAL STRENGTH OF ADOLESCENTS

**Y.E. Abuov – Lecturer of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan,**

**Z.J. Kurmanbay – Student of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan**

**Annotation.** Physical education – of the main areas aimed at the formation and development of a teenager in a comprehensive harmony. This is due to the fact that physical education plays an important role in ensuring the normal development of the individual's body, strengthening health, preparing them for work and protection of the Fatherland. "Physical education is one of the main directions of Education, which strengthens the health of a person, improves moral qualities and willpower, which form optimal, actions.

In any society, its success directly depends on the health of future youth. This is due to the fact that modern society, highly developed production, requires a teenager with a well-matured physique, who is able to work in production at a high pace. The more intense a person is, the more effective the work they do. Therefore, every teacher wants to see his students as healthy, cheerful, well-developed personalities.

Therefore, the theory of Education attaches special importance to the problem of physical education as one of the main factors in the development of the body and physical forces of the individual. Of course, it depends on the extent to which the physical and spiritual abilities of young

people in society develop, so much so that they are useful and productive for the benefit of the people.

**Keywords:** physical education, physical culture, teenagers, body power, movement, skill

Дененің дамуы адам дене күштерін нығайту және жетілдірудің сапалық өзгеруін қамтиды. Мұндай көзқараста ол тек дене тәрбиесінің бір ғана нәтижесі ретінде көрініс береді.

Дене тәрбиесінің көздейтін тағы бір мақсаты балалардың дене мәдениеті және спорт пен айналысу қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ояту, ынталандыру және дененің дамуы мен денсаулықты нығайтудың психо-физиологиялық негіздерін терең ұғынуларына, сонымен қатар ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық т.б. тәрбие салаларының дамуына да ықпал ету мүмкіншіліктеріне жағдай жасау, ұлттық ойындарды меңгеру, оның даму тарихы мен танысу, қазақ халқынан шыққан спорт шеберлері жөнінде мағлұматтар алу [1].

Осы бағытта дене тәрбиесі жасөспірімдердің белсенді танымдық және дене, сонымен бірге денсаулықты шынықтыру әрекетін ұйымдастыруда көп жақты процесс. Сондықтан да дененің саулығы адамның кез келген әрекетпен нәтижелі айналысуына зор ықпал етеді, соның ішінде, әсіресе ақыл-ойдың дамуына әсері мол. Бүгінгі ғылыми-техникалық прогрестің дамуы, адам баласының өмірі мен атқаратын қызметінің сипаты олардың дене күштерінің даму жағдайларына маңызды ықпал етері сөзсіз. Бұл, әсіресе баланың жоғары деңгейде жалпы білім және кәсіби даярлығында көптеген мағлұматтар алуымен байланысты оның миында және интеллектуалдық күшінде жүктеменің артуымен көрініс береді. Сонымен қатар қала жағдайында пәтерлердің бүкіл керек — жарағымен толық қамтылуы, жақын қашықтыққа үнемі автокөлікті пайдалануы, көгілдір экранмен компьютер алдында үнемі қозғалыссыз ұзақ отыруы балалардың қимыл-қозғалысы белсенділігінің, денеге түсетін жүктеменің төмендеуіне әкеледі. Сондықтан дене тәрбиесі мәселесе дәуірлеген машиналы және автоматтандырылған жүйе жағдайында жоғары маңызға ие болуы тиіс [2].

Қазіргі таңда педагогикалық теорияда педагогикалық теория авторлары «технология» ұғымына оның өндірістік сипаты тұрғысынан жиі көңіл аудара бастады. Бұл ұғым өндіріс үдерісінен ауысқан, мұнда технологиялар қатаң құрылған және оларды іске асыру орындаушының ықыласына тәуелді емес. Орындаушы технологиясын анықтайтын қандай да бір өндірістік операцияларды жүзеге асырудың параметрлері көрсетілген нұсқауларға, мемлекеттік стандарттарға, техникалық жағдайларға сүйенуге міндетті [3].

Дене мәдениеті мен спортты оқытып, үйрету үдерісінде педагогикалықта, сол сияқты өндірістікте негізі бар педагогикалық технологияларды қолдау үдеріске айналып келеді. Теориялық оқытып, үйрету үдерісі көп жағдайда ақпараттық және коммуникациялық педагогикалық технологияларды оқытушының (жаттықтырушының) пайдаланумен байланысты. Жаттығу барысындағы тәжірибелік дағдыларды меңгеру кезінде егер жаттығуды қандай да бір себептермен түзетулер ендіруге рұқсат етілмейді, әртүрлі дене қозғалысы әрекеттерін орындауға қойылатын міндетті талаптарды орындау туралы сөз қозғалса педагогикалық, сол сияқты өндірістік технологияларда пайдаланылады [4].

Дене мәдениеті – адамның дене қуатын жетілдіруге қолданылатын мемлекеттің, қоғамның материалдық және рухани байлығын құрайтын, халықтың жалпы мәдениетінің бір саласы. Материалдық байлықтар – спорт сарайлары, стадиондар, бассейндер, спорт залдары, түрлі спорттық ғимараттар, құрал жабдықтар. Рухани байлықтар – дене тәрбиесі мен спорт саласындағы арнаулы білім, ғылыми зерттеулер, озық тәжірибелер, әдістемелер, идеялар. Дене мәдениетінің бағыттары: негізгі дене мәдениеті, спорт, сауықтар, қолданбалы дене мәдениеті және жеке басылық дене мәдениеті. Негізгі дене мәдениетінің міндеттері – біріншіден адамдардың өмірінен керек қимылының шеберлігі мен дағдысын қалыптастыруы, дене қуаты қасиеттерінің деңгейін дамытуы, екіншіден осы жинақтаған

қасиеттерді (базаны, негізгі) адамдардың қалап алған мамандықтарына (кәсіптік, спорттық т.б.) қолдануы [5].

Негізгі дене мәдениеті жалпы білім беретін мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында, оқу-тәрбие мекемелерінде дене тәрбиесі сабақтары, әр түрлі жаттықтыру түрлерінде жүргізіледі. Осыған орай өз сабақтарында сабақтың құрылымына көп көңіл бөлеміз. Сабақтың құрылымы- бұл ойынның мазмұн элементтерін дене тәрбиесі сабағында дидактикалық негізделген қатынасы мен реттілігі.

Педагог дайындығы – Дене тәрбиесі сабағының мазмұндық – ұйымдастырушылық мәнін бейнелейді және бақыланады: көрнекі нысанда қозғалыстағы қимылды, спорттық жаттығулардың әр түрін педагогтың айтуы арқылы ұсынуы, ұстаздық оқыту, тәрбиелеу және ұйымдастыру әдістерімен тәсілдері қолдануы. Сабақтың кіріспе – дайындық бөлімі жас мамандарын негізгі бөлімінде жұмыс істеуінің алғаш шарттарының қамтамасыз етеді. Оның мазмұны мен міндеттер: а) бастапқы ұйымдастыру: сапқа тұрғызу, сабаққа топтың дайын екенін жөнінде рапорт беру, бір орындағы саптық жаттығулар; ә) мақсатты нұсқау жасау (сабақтың міндетін хабарлау); б) түрлі ойындарды қолданып, рухани және жағымды қызу қандылықты қамтамасыз ету (ұсақ құрал жабдықтарды және ұлттық ойын әдістерін пайдалана отырып, жаттығуды жаппай орындау); в) жалпы қыздырыну, дене қызметін ойын ережесіне біртіндеп кірістіру және бір қалыпты белсенділікке қол жеткізу (шапшаң меңгеруге келетін, ұлттық ойындарға келтірген қарапайым дене жаттығуларын және бұрын игерген жаттығуларды, ұлттық ойында қолданатын жүру, жүгіруді әртүрлі байланыстарын орындау); г) оларға өз денесінің қимыл – қозғалыстарын басқару қаблетін дамыту мақсатында жаттығулар техникасын үйрету. Сабақтың қорытынды бөлімі, оқушыларын ағзаларын келесі қызмет үшін тиімді қозғалыс жағдайына келтіру және осы қызметке нақты жағдай жасау мақсатын көздейді. Негізгі типті міндеттері мен мазмұны мынадай: а) тұлғаны физикалық қызуын және бұлшық еттерінің жеке топтарының артық жиырулыны төмендету;

а) топтағы эмоциялық жағдайды реттеу (қалыпқа келтіретін қозғалыс ойындары, назар аударатын жаттығулар);

б) педагогтың бағалауы және жас дәрігерлердің қызмет нәтижесін өзін-өзі бағалау жолымен сабақ қорытындысын нығайту [6].

Дене тәрбиесі эстетикалық тәрбиемен де тікелей байланысты. Оның барысында баланың дене бітімі, қимыл — қозғалысына қатысты эстетикалық талғамы, бағалауы, көзқарасы қалыптасып дамиды. Дене жаттығулары қимыл-қозғалыстағы әсемдікті көре, бағалай білуге үйретеді және онда үйлесімділіктің болуына тәрбиелейді.

Сонымен қатар, дене шынықтыру және спортпен шұғылдану ағзаның жалпы нығаюына көмектесіп, бұлшық ет, тыныс алу жолдары және жүйке тамырларын дамытады, барлық ішкі мүшелердің жұмысын жақсартады және қан алмасу процесін күшейтеді.

Дене тәрбиесі барысында әртүрлі дене жаттығуларын оны шынықтыру процесімен бірлікте тиімді пайдалану ағзаның бірқалыпты жетілуін қамтамасыз етеді (атмосфера қысымының ауытқуына байланысты дененің қызуы немесе салқындауы т.с.с), балалардың суық тию және тұмаурату жағдайын және кейбір жұқпалы ауруға тап болуын едәуір азайтады [7].

Арнаулы дене жаттығулары жүрек бұлшық етінің жұмыс істеу күшін арттырады, қан тамырлары қабырғасының тым созылып, икемді болып келуіне ықпал етеді. Нәтижесінде жүрек өнімді жұмыс істеп, бір мезгілде күш қуаты жоғары болады.

Дене тәрбиесінің ықпалы әсіресе жүйке жүйесінің қызметін шынықтыру мен жетілдіруде маңызы ерекше. Орталық жүйке жүйесі мен әртүрлі дене мүшелерінің арасындағы жүйкелік күштердің өтуін тездетеді, жүйке процестерінің қызметін жандандырып, тұрақтандырады.

Дене тәрбиесінің көздейтін тағы бір мақсаты балалардың дене мәдениеті және спортпен айналысу қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ояту, ынталандыру және дененің

дамуы мен денсаулықты нығайтудың психо-физиологиялық негіздерін терең ұғынуларына, сонымен қатар ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық т.б. тәрбие салаларының дамуына да ықпал ету мүмкіншіліктеріне жағдай жасау, ұлттық ойындарды меңгеру, оның даму тарихы мен танысу, қазақ халқынан шыққан спорт шеберлері жөнінде мағлұматтар алу [8].

Сондықтан оқушылардың денсаулығын шынықтыру педагогикалық ұжымның үнемі назарында болып, қамқорлығына айналуы тиіс. Сол үшінде әрбір мұғалім дене тәрбиесінің мүмкіншілігін жете білуі міндетті және оны тәрбие процесінде жан-жақты пайдалануы қажет.

Белсенді қимыл-қозғалыс балалардың жүрек қан тамырының дұрыс жетіліп дамуына күшті ықпал етеді. Дене мәдениеті жүйесінің мақсаты мен міндеттері. Дене мәдениеті жүйесінің негіздері. Дене мәдениеті жүйесінің негізгі бағыттары. Қазақстан мемлекетінің дене мәдениетінің жүйесі дегеніміз – әлеуметтік-экономикалық, заң-құқықтық, ғылыми-әдістемелік, нормативтік-бағдарламалық негіздердің жиынтығы және республикада дене тәрбиесі мен спорт мәселелерін үйлестіріп, әрі басшылық етіп отыратын ұйымдар мен мекемелер. Дене мәдениеті жүйесінің басты мақсаты – күш қуаты мықты, жан-тәні сау, елімізді қорғауға әзір, шығармашылық жұмыстарға құштар, жан-жақты дене тәрбиесі дайындағынан өткен адамдар тәрбиелеу. Бұл мақсат төмендегідей міндеттерге негізделген:

1. Білім беру міндеттері – қимылдың ептілігі мен дағдысын меңгеру және дене тәрбиесі көлемінде арнайы білім беру.

2. Сауықтыру міндеттері – дене тәрбиесі жаттығулары көмегімен денсаулықты нығайту.

3. Тәрбиелік міндеттері – адамгершілік, жігерлік қасиеттерді қалыптастыруға, өнегелі, көркемдік танымдарды үйренуге негізделген. Дене мәдениетінің жүйесінің мазмұны қоғамның әлеуметтік-экономикалық, заң – құқықтық, ғылыми-әдістемелік, бағдарлама-нормативтік негізіне жататындар: дене тәрбиесі мемлекеттік бағдарламалары, презенттік сынама, мемлекеттік спорттық классификация.

#### **Қорытынды.**

Қорыта келгенде жасөспірімдердің дене тәрбиесінің мәнін ашу барысында оның міндеттері мен мазмұнын анықтау қажеттігі туындайды. Дене тәрбиесінің міндеттеріне:

- денсаулықты нығайту, ағзаны шынықтыру және дененің дұрыс қалыптасып дамуын, мүсіннің сымбатты болуын қамтамасыз ету;
- ақыл-ой және дене күштерінің жұмыс істеу қабілеттерін көтеру;
- дененің негізгі қимыл-қозғалыс сапаларын (күштілік, ептілік, шыдамдылық, шапшаңдылық) қалыптастыру;
- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;
- дене шынықтыру және спорт саласында арнаулы білімдер беру;
- адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу (батылдығы, өжеттілігі, қайсарлығы, табандылығы, жауапкершілігі, тәртіптілігі, ұжымшылдығы т.с.с.);
- дене және спорт ойындарымен үнемі және жүйелі айналысуға қажеттілігін тәрбиелеу;
- дененің әрқашан сау болуына, сергектікке, өзіне және айналасындағы адамдарға әрқашан қуаныш әкелуге ұмтылысын тәрбиелеу т.с.с.
- ұлттық ойындарды игеру және олардың пайда болу және даму тарихы мен танысу, әдіс-тәсілдерін білу.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Бондаревская Е.В. Теория и практика личностно-ориентированного образования.- Ростов-на-Дону, 2000. - 352с.
2. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования/ под.ред. Е.С.Полат. М., 2002.

3. Кукушин В.С. Современные педагогические технологии. Начальная школа. Ростовн/Д, 2003.
4. Айтпаева А.Б. Жаңа педагогикалық технологиялар. Алматы, 2006, 100 б
5. Ә. Өмешұлы., Салауатты өмір салты «Қазақстан 2030 »
6. Әшімов Б., «Валеология», » 2003 №2, «Дене тәрбиесі және спорт 2002 № 2
7. Н.Н. Болдырев., «Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы»
8. Еділбаев Т., «Валеология», Алматы., 2004 ж.

УДК 796.31/32

## **БАСКЕТБОЛДЫ ОЙНАУ КЕЗІНДЕ ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҮЙРЕТУ**

**Д.Н. Жүнісбек - PhD докторы, Е.Т. Шанкулов - PhD докторы,  
Н.О. Байзакова - аға оқытушы, А.М. Искакова - аға оқытушы,  
Е.О. Сүлеймен – оқытушы,  
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Мақала қозғалыс ойындардың әлеуетін сипаттауға арналған оқушыларды баскетболға үйрету. Автор баскетбол сабақтарына арналған ойындарды тізімдейді, оларды өткізу тәсілдеріне назар аударады.

**Кілт сөздер:** дене шынықтыру сабақтары, жаттығу, баскетбол, бойынша қозғалыс ойыны.

## **TRAINING WITH THE USE OF MOVEMENT GAMES WHILE PLAYING BASKETBALL**

**D. N. Zhunisbek – PhD, Shankulov E. T. – PhD,  
N. O. Baizakova - senior lecturer, Iskakova A.M. - senior lecturer,  
E. O. Suleiman – teacher,  
Kazakh academy of sport and tourism, Almaty, Kazakhstan**

**Annotation.** The article is devoted to the description of the potential of outdoor games in teaching basketball to schoolchildren. The author lists the games for basketball practice, focuses on the methods of their implementation.

**Keywords:** physical education lessons, training, basketball, outdoor game.

Баскетбол-бұл командалық ойын, сондықтан оған өту әлдеқайда оңай әдеттегі оқу жаттығуларынан кейінгіге қарағанда қозғалыс ойындар арқылы үйренуге болады. Дене тәрбиесі бойынша мамандардың назарына қозғалыс ойындар ұсынылады, ойынның жеке элементтерін жетілдіру үшін баскетболды оқытуда қолдануға болады.

Баскетболға арналған қозғалыс ойындарды таңдағанда, олар оған мүмкіндігінше сәйкес келуі және қажет нәрсені дамытуы керек. Бұл жағдайда ойындарды ойнағанда ойыншыларды кім шығарып тастайтындай болуы керек, өйткені ойыннан бірінші болып шығады, әдетте, ең әлсіз оқушылар, керісінше, ойындарға көбірек қатысып, өз дағдыларын жетілдіруі керек.

Қозғалыс ойындар және спорттық ойындары сабақтар мен жаттығуларда қолданылады:

- оқытылатын ойын әдістерін бекіту және жетілдіру;
- ойынның жеке элементтерінің үйлесімін жетілдіру;
- ойын барысында алаңда бағдарлау қабілетін дамыту;

- тактикалық есептерді есеп өлшемдерін шешу;
- дене қасиеттерін дамыту;
- қалыпты ойынмен салыстырғанда сабақтың мотор тығыздығын арттыру,
- әсіресе оқытудың бастапқы кезеңінде.

Мектептің ерекшелігі-барлық балалар дене шынықтырумен айналыспайды ерекшеліктер: қабілетті және қабілетсіз, епті және ыңғайсыз, физикалық тұрғыдан жақсы дамыған және нашар дамыған, баскетбол ойнағысы келетін және әр түрлі медициналық топтарға барғысы келмейтін оқушылар кездеседі.

Сондықтан мұғалім сабақтарды пайдалы және қызықты етуі керек барлық оқушылар өздеріне ұсынылған тапсырмаларды орындауға қатысуы керек барлық балалар, және ойыншылардан бас тартудың қажеті жоқ. Онсыз жоқ ойындарда алып тастау қысқа мерзімді болуы керек, оқушыларды қамту сыныпты топтарға бөлуге болады (жұптар, үштік және т. б.), олар бір уақытта бүкіл алаңда ойнайды, бірақ бір-біріне тәуелсіз дос, әрқайсысы өзінің дайындық деңгейінде қалыптасады.

Көптеген ойындарды бір уақытта ойнау өте ауырға түседі, ойыншылардың саны шектелген болып келеді. Бұл жағдайда оқушыларды ойын жағдайларына тезірек бейімделуге, басқа қатысушыларға дейінгі қашықтықты бағалауға, қозғалыс жылдамдығын дұрыс таңдауға, аялдамалар мен бұрылыстарды жиі қолдануға, назар аударуға дұрыс [1].

Алаңдағы ойыншылардың көптігі оларға бір-біріне кедергілер келтірмей ойнауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты жасанды интеллект қажет емес: алаңда ешқандай кедергілер жоқ, олар тек тесттерде қолданылатын жаттығулар. Басқа жағдайларда, бұл келесі себептерге байланысты ұтымсыз:

- олар қоймада болуы керек;
- оларды бір жерде сақтау керек;
- олардың ойыншылардан айырмашылығы қозғалмайды;
- оларға әдетте пайда болуы мүмкін және ойыншылардың қолдаусыз қалудан қорқуы да мүмкін;
- оларды қатысушылардың өздері жақсы алмастырады. Дегенмен, мұны айту дұрысырақ, әдетте ойыншыларды ауыстырып отырады.

Сабақ кезінде немесе жаттығу сабағына арналған ойындарды таңдағанда мұғалім қажет оқушылардың дайындық деңгейін және олардың мүмкіндіктерін, сондай-ақ жасын ескереді. 2-ші және 11-сыныпқа дейінгі мектеп оқушыларына арналған барлық қозғалыс ойындар спорт залдарда ойнатылады.

Қозғалыс ойындарды сипаттау кезінде баскетбол ойыншыларының нөмірлері емес, қатысушылар саны бойынша ойыншы нөмірлері қолданылады, сондықтан нөмірлеу біреуден басталады. Сабаққа немесе жаттығу сабағына арналған ойындарды таңдағанда мұғалім қажет оқушылардың дайындық деңгейін және олардың мүмкіндіктерін, сондай-ақ жасын ескереді.

Мақала форматы жоғарыда аталғандардың барлығын егжей-тегжейлі көрсетуге мүмкіндік бермейді, топтар сондықтан біріншісіне тоқталайық - "ойыншыларды жылжыту және мені жаяу жүргізу". Қозғалыс дриблингпен және дриблингсіз болуы мүмкін. Шын мәнінде, доппен ойыншыны жылжыту. Көп жағдайда жылжыту ойыншылар мен дриблинг бір-бірімен тығыз байланысты, сондықтан олар бір топқа біріктіріледі.

Қозғалыс элементтері бар ойындарды пайдалану кезінде үйрету өте маңызды ойыншылардың бір – біріне, сондай-ақ қабырғаларға, орындықтарға және т.б. тигізбеуі керек, сондықтан көптеген ойындар кезінде қабырғаларға тиюді қате деп санау керек, ал доп тиген ойыншы ойыннан шығады. Ойыншылар қақтығыстарды болдырмау үшін қолдарын алға қоймауы керек.

Аяқтарға көбірек көңіл бөлу керек, оларды тізелеріңізге мықтап бүгініз, олардың қозғалу жылдамдығын есептеңіз, кез-келген уақытта тоқтауға немесе бағытты өзгертуге дайын болыңыз деп ескертіп отыру керек.



Осы топтың көптеген ойындары мектеп оқушыларының алаңда дәлдікті жасау қабілетін дамытады, бұл БАСКЕТБОЛ үшін де, басқалар үшін де өте маңызды мектепте оқитын командалық спорттық ойындар ойнау барысында.

"Броундық қозғалыс" ("молекулалар").

Бұл ойын "броундық қозғалыс" деп аталады, өйткені алаңда болып жатқан оқиғалар көбіне осыған сәйкес келеді. Бірақ бастауыш сынып балалары үшін бұл атау тым күрделі болып шықты және олар ойынға "молекулалар" атауын берді. Сондықтан ойынның қос атауы бар.

Ойын оқытудың бастапқы кезеңінде қолданылады және өте қолайлы

Ойын болып табылады. Осы ойыннан соң барлық басқа ойындарды үйренуді бастау керек [2].

1 нұсқа. Барлық ойыншылар "молекулалар". Олар еркін жүгіреді ("ұшады") әр түрлі бағыттағы және әр түрлі жылдамдықтағы: басты міндет емес бір-біріне тию. Ол үшін аяғыңызды тізеңізге мықтап бүгіп, аялдамалар мен бұрылыстарды қолданыңыз. Сонымен қатар, сіз жылдамдықты есептей білуіңіз керек, уақытында бұрылу немесе тоқтау үшін қозғалыстар. Бастапқыда барлығы баяу қозғалады, бірақ игеру кезінде (немесе мұғалімнің нұсқауы бойынша) бәрі жылдамырақ ойнайды. Ойында жүгірудің әртүрлі нұсқалары қолданылады: кеуде, арқа немесе алға және артқа олардың комбинациясы, сонымен қатар бүйірлік және қалыпты қадаммен жүгіру кездеседі.

2-нұсқа. Ойын екі ауыспалы командамен толықтырылады: "жылу!"- барлық молекулалар" тез ұшады", " суық!"- олар тыныш жүреді. Кейіннен командалардың орнына мұғалім визуалдық сигналдарды қолдана алады.

3-нұсқа. Ойын айыппұл ұпайларымен өткізіледі. Ойыншыға немесе затқа біреуді тигізгені үшін 1 айыппұл ұпайы, соқтығысу үшін-Зайыппұл ұпайлары беріледі. Қасақана соқтығысу үшін ойыншы алаңнан шығарылады.

Дриблингпен "броундық қозғалыс".

1-нұсқа "броундық қозғалыс" ойынына ұқсас, бірақ сіз ойнайтын барлық адамдар алдымен баяу (қадаммен) қозғалу арқылы дриблингті аяқтайды, бірақ игеру (немесе мұғалімнің нұсқауы бойынша) – тезірек (жүгіру арқылы).

2-нұсқа. Басқа ойыншылармен кездескенде оқушылар допты басқаруы керек.

1 нұсқа. Барлық ойыншылар еркін қозғалу арқылы дриблинг жасайды әр түрлі бағыттағы алаң бойынша. ("Бағдаршам") Екі жалауы бар бір оқушы алаңның ортасында орналасады немесе еркін қозғалады. Егер ол жалаушалары бар қолдарын төмен түсірсе, онда барлық ойыншылар дриблингті бір қадаммен орындайды, егер қызыл жалауша көтерілсе-дриблинг орнында, ал егер жасыл-жүгіру деген сөз.

Егер оқушылар дриблингті нашар меңгерсе, онда орын ауыстыру екі бағытта орындалады (залдың оң жартысы бойынша-бір бағытта, ал сол жақта-басқа).

2-нұсқа. Ойыншылар допты жоғалтқаны үшін, соқтығысқаны үшін және "бағдаршам" алдындағы мінез-құлық ережелерін бұзғаны үшін айыппұл ұпайларын алады.

"Мен сияқты жүгіріңіз!».

Оқушылар жұптарға бөлінеді. Бірінші нөмір әртүрлі жолдармен және әр түрлі жылдамдықта, аялдамалар мен бұрылыстарды қолдана отырып, екіншісі оны қайталайды. Біраз уақыттан кейін ойыншылар рөлдерді ауыстырылады [3].

Сандар.

1 нұсқа. Оқушылар ойын алаңында еркін жүгіреді. Мұғалім қашан

"төрт!"- оқушылар алдын ала келісілген шарттарға сәйкес мүмкіндігінше тезірек 4 адамнан тұратын топтар құруы керек, мысалы, қолдарыңызды иығыңызға қойып, бір-біріңіздің артыңыздан тұрыңыз немесе шеңбер құрыңыз қолдар үшін және т. б. кез – келген сандарды атауға болады.

Қозғалыс ойындардың арқасында әртүрлі техникалық және баскетболдағы тактикалық іс-қимылдар, дене қасиеттер (балық аулау, жылдамдық, төзімділік), сондай-ақ

оқушылардың психикалық процестері (зейін, па мыжылу) дамиды, олардың жүрек-қан тамырлары және тыныс алу жүйелері нығаяды, тәртіп бойынша жұмыс жүргізіледі.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Бауэр О.П. Подвижные игры //Теория и методика физической культуры дошкольников: учебное пособие для студентов / О.П.Бауэр; под ред. С.О.Филипповой, Г.Н.Пономарева. - СПб.:ВВМ, 2004. - С.331-332.

2. Ковалевский А.К. Обогащение двигательного развития детей старшего дошкольного возраста: Дис. канд. пед. наук / А.К.Ковалевский Екатеринбург: УГПУ, 2007. - 138 с. Ковалевский, А.К. Обогащение двигательного развития детей старшего дошкольного возраста: Дис. канд. пед. наук / А.К.Ковалевский Екатеринбург: УГПУ, 2007. - 138 с.

3. Кузнецов В.С. Физическое упражнения и подвижные игры. Метод. пособие / В.С.Кузнецов, Г.А.Колодницкий. - М.: НЦ ЭНАС, 2006. - 151 с. Кузнецов, В.С. Физическое упражнения и подвижные игры. Метод. пособие / В.С.Кузнецов, Г.А.Колодницкий. - М.: НЦ ЭНАС, 2006. - 151 с.

УДК 796.31/32

**ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢІНДЕГІ ДЕНЕ ЖҮКТЕМЕЛЕРІНІҢ  
БАСКЕТБОЛШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІНЕ ӘСЕР ЕТУ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Д.М. Санатбек - 2 курс магистранты, ҚазСТА,  
Ж.Н. Әленов - №114 жалпы білім беретін мектептің дене шынықтыру мұғалімі,  
М. Ахметкарим - ҚазСТА, PhD докторы, қауымд.профессоры м.а,  
Р.Б. Абеков - ҚазСТА, аға оқытушы,  
Ғылыми жетекшісі: Б.З. Зәуренбек - PhD докторы, қауымд.профессоры м.а.  
Алматы қ, Қазақстан**

**Аңдатпа.** Берілген мақалада баскетболдағы спортшылардың функционалды даярлық мәселелері талданған. Авторлар Дайындық кезеңіндегі дене жүктемелерінің баскетболшылардың функционалды мүмкіндіктеріне әсер ету ерекшеліктерін анықтауды мақсат еткен.

Жаттығу әсерлердің үлкен тиімділігінің себебі дәл осы регламенттелген тыныс алу режимдері болып табылатындықтан, тәжірибелік топтағы баскетболшылар ағзасының гипоксикалық тұрақтылығы мен тыныс алу жүйесінің функционалды жағдайы көрсеткіштерінің айтарлықтай және статистикалық сенімді артуын көрсетті.

**Кілт сөздер:** баскетбол, функционалды даярлық, дәреже, дене даярлығы, оқу-жаттығу.

**FEATURES OF THE INFLUENCE OF PHYSICAL LOADS IN THE PREPARATORY  
PERIOD ON THE FUNCTIONAL CAPABILITIES OF BASKETBALL PLAYERS**

**D. M. Sanatbek - 2nd year master's student, KazAST,  
N. Zh. Alenov - Physical education teacher of Secondary School No. 114  
M. Akhmetkarim - Kazast, PhD, associate professor,  
R. B. Abekov - KazAST, senior lecturer  
Scientific supervisor: B. Z. Zaurerbek - PhD, associate professor.acting professor  
KazAST, Almaty, Kazakhstan**

**Annotation.** This article analyzes the problems of functional training of athletes in basketball. The authors set out to identify the features of the influence of physical loads at the preparatory stage on the functional capabilities of basketball players.

Since it is these regulated breathing modes that are the reason for the greatest effectiveness of the training effects, basketball players in the experimental group showed a significant and statistically reliable increase in the indicators of hypoxic stability of the body and the functional state of the respiratory system.

**Keywords:** basketball, functional training, degree, physical training, training.

**Кіріспе.** Қазіргі баскетбол баскетболшыдан жоғары деңгейдегі төзімділікті талап етеді. Жатығу жүктемелерінің көлемдері қазір өте жоғары деңгейге жетті, одан жоғары өсуі адамның адаптациялық мүмкіншіліктерінен асып түседі және әлеуметтік факторлар арқылы лимиттенеді. Осыған байланысты жаттығулардың бастапқы уақытында баскетболшылардың функционалды дайындық мәселесі өседі.

Функционалды дайындық мәселесі спортта ең маңызды болып табылады. Әдетте оны жұмысқа бейімділік, шаршамай еңбек ету деп біледі. Функционалды дайындық жұмыс барысындағы қажетті болатын күшпен белгіленген уақытқа дейін шаршағанша еңбек етудің ұзақтығы ретінде анықталуы мүмкін. Ол шаршаған кездегі жұмыс жылдамдығының азайуы арқылы белгіленеді. Функционалды дайындықтың жалпы көрсеткіші шегіне жеткенше орындайтын жұмыс уақытының мөлшері болуы мүмкін [1].

Әдебиеттерде функционалды дайындықтың дамуына әсер ететін құралдардың беретін нәтижесі туралы жазылған. Бір жылжық жаттығудың кезеңінің әр бөлімінде әр түрлі міндеттер атқарылады. Баскетболда дайындық кезінде көбіне функционалдық мүмкіндіктер жетілдіріледі, ерекше әрекеттерге қажетті дене қабілеттері дамытылады [2,3].

**Зерттеудің мақсаты:** Дайындық кезеңіндегі дене жүктемелерінің баскетболшылардың функционалдық мүмкіндіктеріне әсер ету ерекшеліктерін анықтау.

**Зерттеу міндеттері:**

- Бастапқы кезеңінде баскетболшылардың дене дайындығының оқу-жаттығу іс әрекеттік жұмысын жоспарлау;
- Баскетбол ойынындағы дене жүктемелерінің баскетболшылардың функционалдық мүмкіндіктеріне әсерін бағалау;

Жұмыста алға қойылған міндеттерді шешу үшін зерттеудің келесідей әдістері қолданылды:

1. Әдебиет көздерін талдау және жалпыландыру;
2. Педагогикалық эксперимент
3. Математикалық статистика әдістері.

**Зерттеу нәтижелері мен сараптамасы.** Зерттеулер Алматы қаласы № 114 жалпы білім беретін мектепте баскетболмен шұғылданушы 12-13 жасар оқушылардың қатысуымен жүргізілді. Зерттеуде барлығы 20 баскетболшы қатысты. Оның оны бақылау тобы болса, қалған оны эксперименттік топты құрады.

Бірінші кезеңде ғылыми-әдістемелік және арнаулы зерттеу проблемалары оянып әдеби қайнар көздері сарапталады. Сараптау барысында негізгі анықталған қабылдау көрсеткіштері баскетболшылардың дене дайындықтарына мінездеме береді. Әртүрлі жастардағы ойыншылардың да, жарыстардағы қызметтері бақылауға алынып өткізіледі.

Екінші кезеңде өткізілген педагогикалық эксперимент мақсаты алаңдағы қозғалыс бейімділігінің даму деңгейінің тестісімен қорытындылайды. Сонымен қатар жаттығу үрдісінде ойыншылардың жаттығу қызметтері бақылаумен іске асып отырады. Оқу-жаттығу топтарының оқуы берілген жас баскетболшылар экспериментке алынды. Жарыс кезеңіндегі эксперимент сапасы үш себеппен міндеттелген.

Бірінші баскетболшылардың әр жастағы жетілдіру кезеңіндегі ұйымдастыру дайындығы және құрылымы жеткілікті түрде жан-жақты зерделеніп оқылды.

Екіншіден жасөспірімдер баскетболында жарыс жеке мақсат дайындығы болып саналмайды, ал жарысқа қатысу жаттығу құралының нәтижесі болып саналады.

Үшіншіден алдын ала берілген эксперимент нәтижесі айғақталды, 12-13 жастағы ойыншылардың практикалық әдістеме дайындығы жарыс кезеңіндегі қозғалыс қабілетінің өсуін қамтамасыз етпейді. Спортшылардың және ойыншылардың спорттық шеберлігіне шек қояды.

Бақылау және эксперименталды топтар арасындағы айырмашылықтар өте заңды және күтілгендей болды, өйткені эксперименталды топтың баскетболшылары жаттығуда әртүрлі регламенттелген тыныс алу режимдерін мақсатты пайдаланды, және осы қосымша әсерлердің салдары ретінде, оларда функционалдық дайындықтың барлық байқалатын көрсеткіштерінің айтарлықтай өсуі болды.

1 кесте – дайындық кезеңіндегі эксперименталдық жаттығу нәтижесінде жас баскетболшылардың функционалдық даярлық көрсеткіштерінің өзгеруі ( $X \pm m$ )

Көрсеткіштер	Бақылау тобы (n = 10)		Эксперименттік топ (n = 10)	
	Зерттеудің басында	Зерттеудің соңында	Зерттеудің басында	Зерттеудің соңында
30 м жүгіру, (с)	5,21±0,07	5,06±0,04	5,30±0,05	4,88±0,06**
Жүгіру 50 м5 мәрте , с	54,0±0,4	51,8±0,6	54,6±0,4	48,7±0,4**
5-аттап секіру, м	8,2±0,2	9,0±0,1**	8,1±0,2	10,6±0,1**
12-минуттық жүгіріс, м	1956,3±31,6	2127,8±29,0**	1919,2±83,3	2266,7±71,2**
ЖЖЖ, мин/соғу	81,2±2,2	78,0±1,6	76,7±2,9	70,8±1,7
ӨТС, мл	4098,9±180,6	4372,2±125,0	3975,6±157,7	4805,6±99,5**
ӨМЖ, л/мин	99,3±4,9	105,7±1,5	96,9±6,1	118,9±3,0**
PWC <sub>170</sub> , кгм/мин	796,1±28,4	905,6±34,8*	824,4±45,3	985,0±53,7*
ОМТ, мл/мин	2506,0±38,1	2786,0±44,1**	2626,0±98,0	3066,1±99,0**

Ескертпе: мұнда және одан әрі айырмашылықтардың дұрыстығы: P < 0,05 кезінде; \* бір - P < 0,01 кезінде \*\* екі жұлдызшамен белгіленген

Жаттығушы әсерлердің үлкен тиімділігінің себебі дәл осы регламенттелген тыныс алу режимдері болып табылатындықтан, тәжірибелік топтағы баскетболшылар ағзасының гипоксикалық тұрақтылығы мен тыныс алу жүйесінің функционалдық жағдайы көрсеткіштерінің айтарлықтай және статистикалық сенімді артуын көрсетеді. Бұл параметрлердің артуы орташа есеппен 20,9-30,4%-ға (P < 0,05-0,01), ал бақылау тобында өсім 6,7% - дан аспаған.

Бұған қоса, жас баскетболшылар ағзасының жұмыс істеуінің үнемділігінің артқанын атап өткен жөн. Бұған оларда тыныштықтағы жүрек жиырылу жиілігі көрсеткішінің 7,7% - ға (P > 0,05) төмендеуін және оттегі пульсі көрсеткішінің 15,9% - ға (P < 0,01) артуын көрсетеді. Сонымен қатар бақылау тобында бұл көрсеткіштер тиісінше 3,9 және 4,8% - ға (P > 0,05) ұлғайды.

Жарыстың бірінші айналымын қамтитын педагогикалық эксперименттің екінші кезеңінің міндеті, сәтті жарыс әрекеттерінен басқа, дене кондицияларды, ең алдымен функционалдық мүмкіндіктерді арттыру болып табылады.

**Қорытынды.** Баскетболшыларды дайындау кезінде жаттығу жүктемелердің біртіндеп және барынша көп ұлғаюына қойылатын талаптарды шешу үшін жүктемені жаттығу кезінде және ойын арасында толқын тәрізді өсуін нақты бөлу қажет.

Төмендегі жағдайларды қарастыру керек:

Спорттық жүктемені көтерген кезде ағзаның бұдан да жоғары жүктемені қабылдау дайындығы;

Жарыста ағзаның барлық ресурстарын жұмылдыру үшін жаттығудың дағдылы емес құралдарын пайдалану;

Қайта қалпына келтіруді процесін жылдамдату үшін қалпына келтіру жаттығуларын және құралдарын кеңінен қолдану;

Жаттығу жүктемесінің біртіндеп және барынша кебейту талаптары жұмыс бірлігі мен қайта қалпына келтірудің органикалық өзара байланысына сүйенеді.

Іс тәжірибе жүзінде бұл талапты пайдалану жаттықтырушыдан жақсы ілімдік жіне тәрбиелік дайындықты, жаттығу өткізуге жақсы жағдай туғызу және баскетболшылардың жалпы және спорттық режимде қатаң сақтауды көздейді.

Спорттық жүктеменің және демалыстың, шаршауға шалдығу мен қайта қалпына келтіру процесінің өзара әсерін есепке ала отырып, спорттық жүктеменің көлемі мен қарқынын дұрыс бөлу уін баскетболшылар жаттығуына толқын тәрізді жүктемені қолдану тиімді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Кузин В.В. Баскетбол: начальный этап обучения / В.В. Кузин, С.А. Полиевский. – М.: Физкультура и спорт, 2002. – 136 с.

2. Солодков, А. С. Физиология человека. Общая. Спортивная. Возрастная [Текст]: учебник / А. С. Солодков, Е. Б. Сологуб. - М. : Тера-Спорт, Олимпия Пресс, 2001. - 520 с.

3. Эффективность применяемых средств и методов физической подготовки баскетболистов в процессе учебно-тренировочных занятий в вузе: автореф. дис. на соиск. учен. степ. док в профессиональном направлении спорт, докторская программа - Теория и методология спортивной науки Бауыржан Зауренбекович Зауренбеков. – Софя, 2018

УДК 7967012.68

### **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ДЕНГЕЙІ МЕН ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АЙҚЫНДАЙТЫН ИНТЕГРАЛДЫ КӨРСЕТКІШТЕР СИПАТТАМАСЫ**

**Р.С. Көкебаева**– педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,

**Е.К. Сейсенбеков**– педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,

**Е.Н. Азірбайжан**– магистр, оқытушы,

**Е.Т. Сапар**– магистр, оқытушы,

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан**

**Аңдатпа.** Мақалада еліміздің білім беру мекемелеріндегі Дене шынықтыру сабағын аймақтар бойынша жүргізу, білім алушылардың дене шынықтырумен айналысуы, олардың дене қасиеттерінің деңгейі, дене көрсеткіштері мен морфо-функционалдық және физиологиялық ерекшеліктерінің айырмашылықтары жайлы талдау берілген. Еліміздің қалалары мен басқа да аймақтарында және Түркменстаннан келген қыздардың дене қасиеттері көрсеткіштерінің нәтижелері алуан болғандығының арқасында дене (күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік пен ептілік) қасиеттерін бағалау өз өзектілігін көрсетті. Соған байланысты, еліміздің әртүрлі аймақтарында дене қасиеттерін тәрбиелеу аралуан

жолға қойылғандығын көрсетеді. Өз тарапында, әр аймақтардағы білім беру мекемелерінің басшыларына дене шынықтыру сабақтарының сапасына көп көңіл бөлу қажеттігін атап көрсетеді.

**Кілт сөздер:** дене шынықтыру сабақтары, білім алушылар, нормативтер, аймақтар, дене қасиеттері.

## DESCRIPTION OF INTEGRAL INDICATORS DEFINING STUDENTS' PHYSICAL FITNESS LEVEL AND TEACHERS' PROFESSIONAL SKILLS

**R.S. Kokebaeva - candidate of pedagogic sciences, senior teacher,  
Yer.K. Seisenbekov - candidate of pedagogic sciences, professor,  
E.N. Azerbaijan - master, teacher, Sapar E.T. - master, teacher  
Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan**

**Annotation.** The article provides an analysis of physical education classes in educational institutions of the country by region, students' physical education, the level of their physical characteristics, differences in physical indicators and morpho-functional and physiological features. Due to the fact that the results of the indicators of physical characteristics of girls from Turkmenistan were diverse in the cities and other regions of the country, the assessment of physical characteristics (strength, speed, endurance, flexibility and dexterity) showed its relevance. In this regard, it shows that in different regions of the country, education of physical qualities is done in different ways. On his part, he emphasizes the need for the heads of educational institutions in each region to pay more attention to the quality of physical education classes.

**Keywords:** physical education classes, participants, norms, regions, physical properties.

**Зерттеудің көкейкестілігі.** Еліміздің мәдениеті дамыған сайын, жеке адамның және қоғамның денсаулығы әлеуметтік маңызға ие болып, әлеуметтік категория ретінде қарастырылуда. Денсаулық – мәдениет деңгейінің көрсеткіші, жоғары еңбек потенциалының шарты, ұлттық абыройдың көрсеткіші, жоғары әлеуетті еңбек жағдайы, сондай-ақ, саяси-экономикалық жүйенің тұрақтылығын және мемлекеттік басқарудың тиімділігін анықтайтын фактор болып табылады.

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша, «Денсаулық толық дене дамуы деңгейімен, ағзаның мүшелерінің, жүйелерінің функционалды мүмкіндіктерінің және бейімделу қабілетінің артуымен сипатталады». Дененің саулығы ағзаның қоршаған орта факторларының әсеріне бейімделуіне мүмкіндік беретін жасушалардың, ұлпалардың мүшелердің, мүшелер жүйесінің морфологиялық пен функционалды қорларына байланысты.

Денсаулық – біздің еліміздің түрлі жастағы адамдарының көкейтесті мәселесі болып табылады. Ғылыми зерттеулердің мәліметтеріне жүгінсек, соңғы уақыттарда мектеп оқушылары мен студенттердің денсаулық күйі біршама төмендеген, осыған байланысты, дене тәрбиесінен берілген аймақтардың көкейтесті мәселе екендігі айқын.

Адамның еңбегінің нәтижесін және өнімділегін қамтамасыз етудің негізгі шарты – тиімді дене дайындығымен және дене дамуымен қамтамасыз етілетін жақсы денсаулық пен жоғары жұмысқа қабілеттілік.

Ғылыми әдебиеттерге жасалынған талдау және өзіндік бақылау нәтижелері көрсеткендей, жоғары оқу орындарына түсетін студенттер мектеп деңгейіндегі әртүрлі дене дайындығымен келеді, мұның өзі осыны туындататын себеп-салдарды ғылыми зерттеуді және негіздеуді талап етеді.

**Зерттеу мақсаттары.** Жоғары оқу орындарының I курсына түскен соң кезіндегі нормативтерді тапсыру нәтижелері бойынша Қазақстанның әртүрлі аймақтарында тұрған мектеп бітіруші оқушыларының сапалы дене дайындығын бағалау.

**Зерттеу міндеттері мен әдістері.** 1 курстың 120 студент қыздарының оқу жылының басында жылдамдықты, жылдамдық-күш дене қасиеттерін айқындайтын бірнеше:

- 1) 100м-ге жүгіру;
- 2) 1000м-ге жүгіру;
- 3) бір орыннан ұзынынан секіру;
- 4) минутына бірнеше рет тұлғаны көтеру;

5) 10 м (сек) 3 рет қайталап жүгіру дене жаттығулары бойынша дене дайындығын анықтау. Ол үшін Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан келген студенттердің арасында өздері оқыған мектептің жоғары сыныптарында оқыған кездерінде жүргізілген дене шынықтыру сабақтарынан сапасы және саны бойынша сауалнама жүргізілді.

**Зерттеулер нәтижелері және оларды сараптау.** Қазақстанның 13 облысынан келген студенттердің дене дайындығын зерттеу нәтижелері төмендегі кестеде берілген. Тестілеу нәтижелерінің бағаламасы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Дене шынықтыру және спорт кафедрасында түзілген нормативтер бойынша өткізілді.

Студент қыздардың дене дайындығын тестілеу нәтижелерін (төмендегі кесте) талдау бойынша, Абай атындағы ҚазҰПУ-і бекітілген нормативтермен салыстырғандағы нәтижелер 100 м қашықтыққа жүгіруден Алматы қаласының жоғары болып, 16,1 сек құрады; ал бұл өте жақсы бағаға (16,8 сек) сәйкес келеді; ал ең төменгі, қанағатсыз бағаға сәйкес келетін көрсеткіштер Түркменстан республикасынан келген студент қыздарда анықталды. 100 м қашықтыққа жүгіруден дене дайындығының жақсы деңгейі Алматы облысынан, Астана, Тараз, Павлодар қалаларынан, Батыс Қазақстан облысынан келген оқушыларда айқындалды. Басқа Ақтөбе, Қызылорда, Шымкент, Қарағанды сияқты қалалардан және Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан мектепті бітіріп келген оқушыларда жүгіру көрсеткіштері қанағаттанарлық деңгейде болды.

Төзімділікті айқындайтын 1000 м қашықтыққа жүгіру нәтижелері Алматы және Астана қалаларынан келген қыздарда өте жақсы деңгейде, ал Қазақстанның басқа аймақтарынан келген оқушыларда қанағаттанарлық деңгейде болды. Орнынан секіру шапшаңдықты-күшті дене сапаларын көрсетеді, оның нәтижелері Ақтөбе, Қызылорда, Шымкент, Тараз, Оңтүстік Қазақстан қалаларынан, Оңтүстік Қазақстан және Түркменстаннан келген қыздарда қанағаттанарлық деңгейде болды.

Бұлшық еттің күшін жетілдіру көрсеткіштері бойынша Алматы, Астана қалаларынан және Алматы, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан келген қыздарда жоғары деңгейді көрсетті. Кестеде қарастырылған басқа да қалалар мен облыстардың нәтижелері қанағаттанарлық деңгейді көрсетсе, қалғандарында қанағаттанарлықсыз болды. Берілген дене жаттығулары бойынша олардың тиімділігін арттыру ұсыныстары берілді.

1 кесте - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1-курсына түсуші студенттердің дене дайындығының көрсеткіштері

№	Қала, облыс	100м,с	1000м,с	Бір орыннан секіру	Қайталап жүгіру, с	Тұлғаны көтеру, рет саны	ЖДД ішіндегі жалпы балл саны
1	Алматы	16,1 өте жақсы	4,48 жақсы	1,8 жақсы	8,2 жақсы	38 жақсы	22
2	Алматы облысы	17,7 жақсы	5,41 қанағ	1,72 жақсы	8,3 жақсы	30 жақсы	19
3	Астана	1,72 жақсы	5,18 жақсы	1,75 жақсы	7,9 жақсы	38 жақсы	20
4	Тараз	17,8 жақсы	5,21 қанағ	1,65 жақсы	8,3 жақсы	34 қанағ	18
5	Павлодар	17,6 жақсы	5,3 қанағ	1,75 жақсы	8,0 жақсы	35 қанағ	18
6	Қарағанды	18 қанағ	6,45 қанағ	1,63 қанағ	8,1 жақсы	28 қанағ	16
7	Ақтөбе	18,7 қанағ	5,41 қанағ	1,63 қанағ	8,2 жақсы	33 қанағ	16

8	Шымкент	18,7 қанағ	5,4 қанағ	1,68 қанағ	8,5 жақсы	32 қанағ	15
9	Қызылорда	19,7 қанағ	6,28 қанағ	1,64 қанағ	8,5 жақсы	32 қанағ	15
10	Батыс Қазақстан облысы	17,9 жақсы	5,48 қанағ	1,7 жақсы	8,2 жақсы	35 қанағ	18
11	Шығыс Қазақстан облысы	18 қанағ	5,33 қанағ	1,7 жақсы	8,9 жақсы	36 қанағ	18
12	Оңтүстік Қазақстан облысы	19,2 қанағ	6,55 қанағ	1,6 қанағ	8,9 жақсы	36 қанағ	15
13	Түркменстан	20 қанағатсыз	6,5 қанағ	1,45 қанағ	9,0 қанағ	30 қанағ	14
	X	18,2 қанағ	5,61 қанағ	1,67 қанағ	8,32	31,31 қанағ	17,23
	S	1,05	0,63	0,09	0,33	9,33 қанағ	2,31

Қазақстанның әртүрлі аймақтарында тұратын студент қыздардың дене дайындығы жылдамдықтың көрсеткіштері бойынша 22,3%-ға, жылдамдық-күш көрсеткіштері бойынша 19,5%-ға, күш қоры бойынша 13,9%-ға және төзімділік бойынша 46,2%-ға ерекшеленді. Мұның өзі оқытушылардың кәсіби деңгейін және олардың дене шынықтыру пәні бойынша жүргізетін сабақтарының сапасын көрсетеді.

Қазақстанның әртүрлі аймақтарында тұратын қыздар тобының дене дайындығына қойылған баллдардың орташа жиынтығын сараптай отырып, мектеп кезіндегі оқушы қыздардың дене дайындығына жеткілікті назар аударылмайтын қалалар мен аймақтарды анықтауға болады. Оларға – Алматы, Шымкент, Қызылорда, Қарағанды қалалары, Оңтүстік Қазақстан облысы және Түркменстан Республикасының қыздары жататыны анықталды.

Дене дайындығының төмендігі бойынша сұрақтар жүргізілгенде қыздардың дене шынықтыру сабақтарында қимыл белсенділігі төмен болған, әрі оқытушылар тарапынан қажетті деңгейдегі талаптары қойылмаған. Кестеде көрсетілген дене қасиеттері бойынша дене дайындығы сабақтарын жоспарлаудың төмен сапасын, орындалатын жүктеме көлемінің жеткіліксіздігін, жүктемелердің берілген бағыт бойынша дұрыс бөлінбегендігін және олардың үйлесімсіздігі көрсетті.

#### **Қорытынды:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысынан, Шымкент, Алматы және Астана қалаларының орта мектепті бітіруші қыздарының дене дайындығы жақсы, ал Ақтөбе, Қызылорда, Қарағанды қалаларынан және Түркменстаннан келген қыздарда жалпы дене дайындығы төмен деңгейде. Бұл мектептерде Дене шынықтыру пәнінен сабақ беретін мұғалімдердің оқушы қыздардың дене дайындығына деген төмен көзқарасын және мектеп, облыс басшыларының тарапынан өткізілетін сабақтарды бақылауының жоқтығын немесе өте аздығын көрсетеді.

2. Оқушы қыздардың денсаулық көрсеткіштері дене дайындығының, мүшелер мен мүшелер жүйесінің функционалды мүмкіндіктері мен бейімделу қабілеттерінің төмен деңгейімен сипатталады. Мұны деннің саулығына қатысты құндылықтың төмен жүйесімен, жоғары мектеп оқушыларының дене дайындығын жетілдіруге деген қызығушылықтың ережелері мен құрылымдарының қалыптаспағандығымен байланыстыруға болады.

3. Республикамыздағы барлық аймақтардың білім беру ұйымдарында дене тәрбиесімен тікелей шұғылданатын мамандарға, аталмыш пәннен үйірме жетекшілеріне және мектеп директорларына бірқатар жағдайларға, атап айтқанда:

- дене шынықтыру сабақтарының сапасына қажетті деңгейде көп көңіл бөлуге;
- білім беру ұйымдарында «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт туралы Заңының» қатаң сақталуына;



- оқытушылардың үш жылда бір рет, арасын сиретпей кәсібилік деңгейін арттыру мақсатында мамандарды түрлі деңгейлік қайта даярлау курстарынан өткізіп отыруға – көбірек көңіл бөлуді талап етеді.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Кайгородова А.В., Митриченко Р.Х. Физические упражнения для развития скоростно-силовых способностей: учебно-методическое пособие. – Ижевск: Издательство «Удмуртский университет». – 2015. – С. 35.
2. Верхошанский Ю. В. Программирование и организация тренировочного процесса. М.: Физкультура и спорт, – 2015. – С. 176.
3. Двигательные качества и моторика их развития у школьников / Сост. Н.А. Ноткина. - СПб: Образование, – 2003. – С. 164.
4. М.Б. Сапарбаев. Подготовка учителя физической культуры. Алматы. – 1992. – С. 8-193.

УДК 376

**ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ  
МЕН ДЕНЕ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ ЖАҒДАЙЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ**

**Ж. Ж. Искалиева - М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты,  
С.Ж. Бахтиярова - М.Өтемісов атындағы БҚУ PhD докторы, аға оқытушы,  
Орал қ., Қазақстан**

**Андатпа.** үгінгі таңда елімізде құрдастарымен бірдей білім алуға құқығы бар ерекше білім беру қажеттілігі бар саны артып келе жатқанына куәміз. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды негізгі топқа жататын сау балалардан айырмашылығы, ерекше балаларға ерекше көзқарасты қажет етеді.

Мақалада дене шынықтырудың ролін атап өтіп, мүгедектерді әлеуметтік қорғау шаралары жүйесінде кездесетін қиындықтар инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істеген кезде дене шынықтыру және спорт маманының кәсіби даярлық проблемаларын зерттейді, осы негізде болашақ дене шынықтыру мамандарының инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу мүмкіндігіне қатынасын анықтауға бағытталған зерттеулер жасап, нәтижелері ұсынылған.

**Кілт сөздер:** дене шынықтыру, мүмкіндігі шектеулі балалар, инклюзивті білім, қажеттіліктері

**THE STATE OF HEALTH AND PHYSICAL ACTIVITY OF CHILDREN WITH  
SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS AS A SOCIO-PEDAGOGICAL PROBLEM**

**Zh. Zh. Iskalieva - Master's student of M. Utemisov WKU,  
S. Zh. Bakhtiyarova - PhD doctor, Senior Lecturer  
Uralsk, Kazakhstan**


Себебі, адам болсын, қоғам болсын, табиғат болсын бәрі де қандай да бір өмір заңына бағынады. Адамдар табиғаттың бірден-бір иесі болғандықтан, осы заңдарды ғылыми түрде зерттеп, олардың даму заңын айқындап, күнделікті өмір тіршілігімізде оны дұрыс қолдана білсек, біз парасатты ақыл иесі ретінде осы өмірде адамдардың қолы бақытқа жетуіне мүмкіндік жасаған болар едік [6, 7].

Ұлт ойындарының бойына ұлтқа тән қасиеттердің бәрі шоғырланған. Олай дейтініміз зерттеулерге қарағанда қазақ халқына тән рухани, мәдени туындылардың бәрі де ең алдымен ойын-тойларда әлеумет құлағына жетіп, бүкіл ұлттың қажетіне асып, мүддесіне жарап, көңілінен шыққандарды ғана ел есінде қалып, өмірге жолдама алған. Қазақ үшін ойын-той көне грек жұртының «агоны» іспеттес ерліктің де, елдіктің де өнердің де сынға түсер қасиетті орыны ретінде бағаланған. Қазақ жұртына, қазақ ұлтына - өнеге жақсылықтың нышандары үлгі болып осы жерден тараған. Сондықтан ұлттық ойын қатынасқан әрбір мереке, жиын тойлар үлгі-өнеге, тәрбие мектебі болып есептелген.

Ұлттық ойындар пән аралық байланыстың негізгі элементі бола алады. Өйткені көп жағдайда оның мазмұны мес, идеясы мен формасы негізгі роль атқарады. Қазақтың ұлттық ойындары бәсеке мен жарысқа негізделген, оның осы мүмкіншілігін жеткіншектердің денешынықтыру іс-әрекеттерде пайдалану олардың табиғат, қоғам, адам өмірі -туралы білімдерін молайтады, өзара жарысына айналдырсақ сабақтың сапасы мен жеткіншектердің сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығы артады.

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

1. Аскарлова Ж. Болашақ мұғалим даярлаудағы ақпараттық мәдениет «Ұлагат» 1999ж № 6, 7-8б.
2. Асыллов Ұ. Нұскабайұлы Ж. «Ұстазы мейрім, шәкірті пейілді» Әдеп инабаттылық дәрістері 1998ж, 63б.



3. Бейтейұлы А. «Мұғалімдік мамандық адамтанушы» Қазақстан мектебі 2006ж №10 76б.
4. Жансүгіров А. «Мұғалім мен оқушы қарым-қатынас технологиясы». Қазақстан мектебі 2001ж №4 26 б.
5. Дубогай А.Д. Психолого-педагогические основы формирования здорового образа жизни школьников младших классов: диссертация д.п.н. Киев, 1991, 347с.
6. Наубаева Қ. «Өзара қарым-қатынас және мінез құлық» Қазақстан мектебі 2000ж., №3

УДК 796.325

## ТРЕНАЖЕРЛЫҚ ЖҮЙЕ АРҚЫЛЫ ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ТЕХНИКАСЫН ТИІМДІ ЖЕТІЛДІРУ

**Н.Н. Наурзбаев – М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университетінің  
оқытушы магистрі, Орал қаласы, Қазақстан**

**Аңдатпа.** Волейбол ойынындағы кемшіліктерді түзетуге және техникалық даярлықтың тиімділігін арттыруға қимылдарды орындау барысы бойынша тұрақты кері байланысты ұйымдастыру көмектесуге тиіс. Осы талаптарға спортшыға оның қимыл-қозғалыстарының сапасы туралы белгі беретін тренажер қондырғылары жауап береді. Олай болса, жаңа тренажер қондырғыларын жасау әрқашан да оқу-жаттығу үдерісі тиімділігінің арттырылуын қамтамасыз ететін өзекті бағыттардың бірі болып табылады.

**Кілт сөздер:** волейбол; спорт; техника; әдіс-тәсіл; режим; апробация; жылдамдық; соққы; траектория; дәлдік критерийі.

## EFFECTIVE IMPROVEMENT OF VOLLEYBALL TECHNIQUE THROUGH A SYSTEM OF TRAINING

**Naurzbaev N.N - Lecturer of West Kazakhstan University after M. Utemisov.  
Master of Education, Uralsk, Kazakhstan**

**Annotation.** The organisation of constant feedback on the course of movements should help to correct deficiencies in the game of volleyball and increase the efficiency of technical training. These requirements are met by training devices that signal the athlete about the quality of his movements. Therefore, the creation of new simulators is always one of the topical directions providing the increase of efficiency of the training process.

**Keywords:** volleyball; sport; technique; methods; mode; approval; speed; stroke; trajectory; accuracy criterion.

**Жұмыстың мақсаты.** Жаңа тренажер қондырғыларын және оларды қолдану әдістемесін пайдалану негізінде білікті волейболшы қыздардың бойында қос қолмен қабылдау-беру техникасын одан әрі жетілдіру жолдарын анықтай білу.

**Зерттеу әдістері:** арнайы спорттық құралдарды қолдану әдістемесін қолдана отырып педагогикалық бақылау жасау.

### **Зерттеу нәтижелері мен сараптамасы**

Арнайы тренажерлерді пайдаланудың ретілігі негізіне допты қабылдау-беруді орындау жағдайларын біртіндеп күрделендіру, сонымен қатар бір тренажердің екінші тренажерге бірізді өзара көмектесу қағидасы қойылды. Мысалы, бірінші тренажерде волейболшы қыздар тек қана қос қолмен төменнен қабылдауды орындайды. Екінші

тренажерде енді төменнен қабылдау да, жоғарыдан қос қолмен доп беру де орындалады, бұл ретте бірінші тренажерде жетілдірілетін дағдылар дәл осы дағдыларды екінші тренажерде жетілдіруге көмегін береді. Алайда, доптың кідіріс табумен байланысты қателер көрсетіліп отыратындықтан, жатыңуларды орындау жағдайлары бірінші тренажерге қарағанда күрделірек бола бастайды. Үшінші тренажерде волейболшы қыздар допты қабылдау-беруді енді ойын жағдайларына жақындастырылған жағдайларда, барлық мүмкін болатын тәсілдермен орындайды. Бұл ретте алғашқы екі тренажерлерде жетілдірілетін дағдылар дағдылардың үшінші тренажерде жетілдірілуіне көмегін береді.

Жаттығу барысында волейболмен шұғылданушы әрбір спортшының барлық үш тренажерді пайдалану уақыты, жаттығу жоспарын бұзбау үшін, 30-35 минуттан аспауы қажет екендігі анықталды. Әрбір тренажерде жаттығуларды орындау әрекеттері арасындағы үзіліс 5-10 с кем болмауы керек, өйткені бірқатар мәліметтер бойынша, тренажер қондырғыларын пайдаланудың осы режимі максималді дәлдікті алу тұрғысынан алғанда ең тиімді болып келеді.

Әрбір тренажерді апробациялау барысында алғашқы екі тренажердегі жаттығу жағдайларын күрделендіру:

а) серігі жіберетін доптың ұшу жылдамдығын (алдамшы соққылар - 5-7 м/с бастап, доп берулер мен шабуылдаушы соққылар - 16 м/с дейін);

ә) серіктер арасындағы қашықтықты (4 м-ден 8 м дейін);

б) диаметрі 50 см шеңберде тұрған серігі шеңберден шықпай-ақ допты ұстап алатындай етіп (қатарынан 3-тен 5-ке дейін рет) орындалған допты беру-қабылдау санын арттыру арқылы жүзеге асырылуы керек екендігі анықталды.

Екінші тренажерде жаттығу жағдайларын күрделендіру, онымен қоймай, «шекті» уақытты белгілеу қондырғасын қайта қосу арқылы жүзеге асырылуға тиіс. Волейболшы қыздардың дербес даярлығына қарай, қос қолмен төменнен қабылдауды орындаған кезде 40 мс-ден 30 мс-ге дейін, ал қос қолмен жоғарыдан беруді орындаған кезде - 70 мс-ден 80 мс-ге дейін. Бұл ретте төменнен қос қолмен қабылдап алуды орындаған кезде дыбыс сигналының болуы жол берілген қателікті, доптың кідіріс табуын білдіреді. Жоғарыдан қос қолмен доп беруді орындаған кезде, керісінше, дыбыс белгісінің болмауы қатені білдіреді, яғни спортшы доп беруді жұмсақ емес, қатты орындайды, бұл жаңадан үйренушіге тән. Алайда, эталонды техникаға сәйкес келетін, қос қолмен жоғарыдан доп беруді орындаған кезде қолдардың доппен өзара әрекеттесуінің жоғарғы шегі 90 мс-мен шектелді. Бұл, қос қолмен жоғарыдан жұмсақ доп беру дағдыларын жетілдіре отырып, допты ұстап алу мен лақтыру шегіндегі айқын кідіртуді болдырмау үшін жасалды.

Үшінші тренажерде допты қабылдау-берулерді барлық тәсілдермен, допты кідіртусіз және жоғалтусыз орындау қажет, бұл ретте торы бар раманың бұрылу бағдарламасы, тордың алдымен көлбеу жазықтықта, ал одан кейін көлденен жазықтықта және екі жазықтықта да бірге бұрылу бұрышының шамасы бойынша біртіндеп курделене түсуі керек.

Тордың бұрылу бұрышы мен бағытының игеруіне қарай доптың қайту жылдамдығы мен бағыты өзгереді. Осылайша доптың ұшу жылдамдығы мен траекториясы бойынша жаттығуды орындау жағдайлары күрделене түседі. Онымен қоймай, тордың бұрылуының әрбір келесі бағдарламасымен, допқа дәл шығу үшін, қабылдау-беру тәсілін таңдау үшін, бастапқы қалып қабылдау және таңдап алынған тәсілмен одан кейінгі қабылдау-беруді орындау үшін, доптың кері ұшу жылдамдығы мен бағытын дәл табу қиынырақ бола бастайды.

Әрбір тренажерде жаттығуларды орындаудың дәлдік критерий тапсырмаларды алдымен 3, одан соң 4 және 5 рет қатесіз және допты жоғалтпай орындау болуға тиіс екендігі анықталды. Жаттығулар барысында сонымен қатар барлық тренажерлерде серіктер қабылдау-беруді орындау техникасын өзара жетілдіруді жүзеге асыра отырып, жұппен

жаттығуға тиіс екендігі де анықталды. Бұл спортшылардың қызығушылығын арттырады, бір-бірімен жарысуларына ықпал етеді.

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеулер волейбол ойынының қазірде бар техникалық тәсілдерінің құрылымдық айырмашылықтарына қарамастан, волейболшы қыздардың қолдарының өзара әрекеттесу сатыларында техниканы менгеру деңгейін сипаттайтын ортақ белгілердің бар екендігі туралы қабылданған болжамын растап берді.

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

1. Амалин М.Е., Шилов О.С. Методика оценки соревновательной деятельности в спортивных играх. Теория и практика физ. культуры, 1980, №9, - с. 19-22.
2. Әбілдабеков С.Ә., Тастанов Э.Ж. Мектептегі волейбол. (оқу құралы). - Алматы: 2011. - 110 б.

УДК 371.132

### **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ**

**Б.Қ. Мұхамеджанов - Халықаралық туризм және меймандостық университетінің  
профессоры, Түркістан қ.,**

**Б.С. Омаров - Халықаралық туризм және меймандостық университетінің  
профессор м.а., Түркістан қ., Қазақстан**

**Аңдатпа.** Дене мәдениеті, спорт және туризм мамандарын кәсіби, сапалы даярлау жолдары. Біздің ата-бабаларымыз «денсаулық-ең басты байлық» деп айтқан. Бұл қазіргі технологиялық даму кезеңінде де өзінің маңыздылығын жойған емес. Қазір өкінішке орай, көпшілік технологиялық дамудан қалыспау үшін дене тәрбиесімен айналысудың орнына интеллектуалды жағынан жетілуді көбірек ойлайтын қалалық жерлерде өмір сүруде. Дене тәрбиесі-тұлғаның интегралдық тәрбиесінің бір бөлігі, қазіргі уақытта адамдар өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. "Кәсібилік-парасаттылық" желісін іске асыруда жоғары кәсіби деңгейде практикалық қызметте өз функцияларын орындау мақсатында студенттердің жалпы және әлеуметтік мәдениетінің элементі ретінде дене тәрбиесінің мәселелерін философиялық, социологиялық, мәдениеттанулық, психологиялық-педагогикалық тұрғыда талдаудың қажеттілігі ерекше қызығушылық тудырады.

**Кілт сөздер:** Дене мәдениеті, дене тәрбиесі, практикалық қызмет, кәсіпқойлық, жеке тұлға, психологиялық-педагогикалық талдау.

### **ON THE IMPORTANCE OF PHYSICAL EDUCATION IN PERSONAL DEVELOPMENT**

**B. K. Mukhamedzhanov-professor of the International University of Tourism and  
hospitality, Turkestan,**

**B. S. Omarov - acting professor of the International University of Tourism and  
hospitality, Turkestan, Kazakhstan**

**Annotation.** Our ancestors said: "Health is the most important wealth." This has not lost its importance at the present stage of technological development. Now, unfortunately, many people live in an urban area that thinks more about intellectual perfection, instead of physical education, so as not to refrain from technological development. Physical education is a part of the integral education of the individual, and has now become an integral part of people's lives. The need for

philosophical, sociological, cultural, psychological and pedagogical analysis of the problem of physical education as an element of the general and social culture of students in order for them to perform their functions in practice at a high professional level in the implementation of the line "professionalism-decency" is of particular interest.

**Keywords:** Physical education, physical education, practical activity, professionalism, personality, psychological and pedagogical analysis.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны дене тәрбиесі туралы мәселе адамдардың көпмәдениетті дамуындағы басты мәселелердің бірі болып табылады. Адамның жеке Қасиеттері өмір жолында дамып, қалыптасатын болғандақтан, жеке тұлғаның "дамуы мен қалыптасуы" ұғымдарының мәнін ашу педагогика үшін маңызды мәселе болып табылады. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасу мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар. Ол көп аспектілі және әртүрлі ғылымдардың тоғысында қарастырылады. Қазіргі заманғы мәдени-әлеуметтік жағдайды оңтайландыру мақсатында жүргізіліп жатқан рухани, материалдық, саяси-қоғамдық және әлеуметтік адами қызметтің негізгі салаларында түбегейлі қоғамдық өзгерістер дәуірінде өзектілігі артып отыр. Дене тәрбиесі-бұл әлеуметтік, саяси және экономикалық функцияларды орындайтын көп жоспарлы Қоғамдық құбылыс, сондай-ақ жалпы адамзаттық мәдениеттің ажырамас бөлігі. Ал, дене мәдениеті дене тәрбиесі мен спорттан туындайтын ұғым, ол оның мазмұны қозғалыстарға оқытып үйрету, дене қасиеттерін тәрбиелеу, арнайы дене тәрбиесінен білімін меңгеру, денесін сауықтыру, біліміне рухани саналы қажеттілікті қалыптастыру болып табылатын тәрбиенің түрін білдіреді. Дене мәдениеті үш педагогикалық бағыттағы (жалпы дене дайындығы, спорттық дайындық және кәсіби қолданбалы дене дайындығы) дене тәрбиесінің функциясы [1].

Әрбір адамның жеке тұлғасы қоғамдық өмір процесінде қалыптасады. Онда дене тәрбиесі мен спортқа үлкен мән беріледі. Спорт-бұл қозғалыс салаларын, ерік-жігерді игерудің өзіндік мектебі. Көптеген әлеуметтік жағдайларда спорттық іс-әрекеттерде ұтылып қалады, бұл тұлғаның өзі үшін өмірлік тәжірибе жинақтауға, қондырғылар мен белгілі бір құндылықтар жүйесін құруға мүмкіндік береді. Дене тәрбиесі-қоғамның жалпы мәдениетінің бір бөлігі. Ол дене тәрбиесі қызметінің тәсілдерін, нәтижелерін, адамның дене және психикалық қабілетін игеруге, дамытуға және басқаруға, оның денсаулығын нығайтуға, жұмысқа қабілеттілігін арттыруға бағытталған культивациялау үшін қажетті жағдайларды көрсетеді.

Дене тәрбиесінің пайда болуы адамзат тарихының ең ерте кезеңімен, адамдар өзіне тамақ іздеген, аң аулаған және өз тұрғын үйін салған алғашқы қауыммен байланысты. Бірте бірте тарихты дамыту барысында белсенді өмір салтын жүргізетіндерге, төзімді және жұмысқа қабілетті адамдарға деген қажеттілік туындады [2]. Бұл жаттығуды саналы түсінуге әкелді, яғни дене тәрбиесінің негізі болды. Дене тәрбиесі тұлғаның рухани дамуына әсер етеді: дүниетаным, саяси наным-сенім, шығармашылық (адамның шығармашылық қабілеттерінің дамуы), дене тәрбиесінің әлеуметтік тәжірибесін жинақтау, сақтау және беру арқылы ұрпақтардың мәдени байланысын қамтамасыз ету, нормалар мен бағалар (қоғам мүшелерінің дене қабілеттерін дамытудағы қоғамдық қажеттілікті нормалау), гедонистка (қозғалыс белсенділігінен дене және рухани ләззат алу), эстетикалық қабілеттілікті қалыптастыру.

Педагогикалық процесс ретінде адамның дене тәрбиесінің мақсаты қимыл-қозғалыс әрекеттеріне үйрету және тәрбиелеу, яғни адамның дене қасиеттерінің дамуын басқару.

Жоғарыда көрсетілген барлық мақсаттарды жүзеге асыру үшін арнайы және жалпы педагогикалық міндеттер кешенін шешу қажет. Дене тәрбиесі процесінің басты міндеті денеге сауықтыру, білім беру және тәрбиелеу міндеттері болып табылады. Жеке тұлғаның дамуы дегеніміз, ең алдымен оның қасиеттері мен сапасындағы сандық өзгерістер үдерісі болып табылады. Адам дүниеге келгеннен соң дене қасиеттері жағынан дамиды, яғни оның кейбір дене мүшелері мен жүйке жүйесі сапалары өседі. Оның тілі дамып, сөздік қоры

молаяды. Жеке тұлға көптеген әлеуметтік-тұрмыстық және моральдық і біліктерге, еңбек дағдылары мен әдеттерге не болады. Алайда, адамның жеке тұлға ретінде дамуындағы ең бастысы, оның бойында болып жатқан сапалық өзгерістер. Адамның дамуына ішкі және сыртқы, меңгерілетін және меңгермейтін қозғаушы күштер әсер етеді, олардың арасында мақсаты тәрбие мен білім берудің алар орны ерекше (3). Ерте дүниедегі грек ғалымдары жеке тұлғаның дамуына биологиялық факторлармен қоса әлеуметтік факторлар да әсер етеді деп есептеген. Жеке тұлғаның қылыштасу факторлары туралы идеялар келесі дәуірлердің прогрессивті философиялық және психологиялық-педагогикалық пікірлерінде өз жалғасын тапқан (Э. Роттердамский, Я.А. Коменский, К.А. Гельвеций, Д. Дидро, А. Дистерверг, К.Д. Ушинский, Д. Дьюн, Э. Торндайк, П.П. Блонский, А.С. Макаренко, Л.С. Выготский, Э.И. Монозон, Л.И. Божович, С.Л. Рубинштейн, В.В. Давыдов және т.б.) Қазіргі ғылыми көзқарас бойынша баланың жеке тұлғалығы тәрбиенің объектісі ретінде де, субъектісі ретінде де қарастырылады (4). Дене дайындығымен шұғылданушылардың функционалдық дайындық мәселелері қазіргі уақытқа болып қалуда. Оның негізгі объект болу себебі, оның қалыптасуы, сыртқы ықпал-әсерлерге, әсіресе, тәрбие сияқты мақсатты әсерлерге тәуелді. Субъект болу себебі жеке тұлғаның белсенділігінің, сыртқы ортаның әсерлеріне деген белсенді ықпалынсыз даму ілгері жүрмейді; тағы бір себебі: адамның дамуы өзін-өзі дамыту процесінде ғана жүзеге асады, сондай-ақ жеке тұлғаның дамуында өзін-өзі тәрбиелеудің де алар орны ерекше[5].

Бұл мәселелер жоғары оқу орындарында білім берудегі оқытудың өзектілігі үшін маңызды болып табылады, дене тәрбиесімен шұғылданушылар тұлғасын тәрбиелеу, оның ішінде дене тәрбиесі процесінде қалыптастыру аса маңызды мәнге ие болады. Және ондағы атқарылатын қызмет адамгершілікті, өнегелілікті қалыптастыруы тиіс, бұл Ұлы дала өз бастаулары бар. Осы жерде «патриотизм», «кәсібилік», «парасаттылық» желісін іске асыруда жоғары кәсіби деңгейде тәжірибелік қызметте білім алушылардың жалпы және әлеуметтік мәдениетінің элементі ретінде дене тәрбиесінің мәселелерін философиялық, социологиялық, мәдениеттанулық, психологиялық-педагогикалық талдаудың қажеттілігі жеке тұлғаның жалпы мәдени дамуының элементі ретінде дене мәдениеті мәселесінің пайда болу себептері анықталады (6). Олар өзінің өмір сүруі үшін күрестің бастапқы фазасынан өткен және еңбек құралдарын, сондай-ақ өзінің табиғатын жетілдіруге көшкен адамның дамуы басталған сәтке қарай өрлейді. Соңғысы, ең алдымен, индивидтің дене қасиеттерімен жетілдірумен байланысты. Өйткені адамның дене тәрбиесінің оның өмір сүруінің материалдық жағдайларынан, адам оның басты элементі болып табылатын өндірістік күштердің даму деңгейіне де тәуелді. Тарихи шарттылығы, сайып келгенде, социумның да, оның әрбір мүшесінің де материалдық және рухани мәдениеті эволюциясының басты детерминанты болды. Бұл жерде категориялардың диалектикалық бірлігі айқын байқалады "бірлік", "жалпы (жалпыға ортақ)." ерекше " нақты тарихи жағдайларда сөз сөйлей алу немесе келесі жоспарға шыға отырып, құбылысты оның субъектілік - объектілік сипаттамасы тұрғысынан қарастыру кезінде маңыздылығы, оның дене қасиеттерін қалыптастыру деңгейінде жартылай мәдени тәрбие жүйесіндегі тұлға ретінде қарастырады (7). Адамдар жалпы және кәсіби білім алудан соң көп жылдық еңбек қызметіне кіріседі. Осымен байланысты дене мәдениеті қазіргі заманғы өндірістегі еңбек қызметіне пайдалы әсерін тигізетін қозғаушы күштердің бірі болып табылады.

Дене мәдениетінің еңбек қызметімен байланысы көптеген аспектілерінде көрінеді:

1. Кез келген еңбек үдерісінің бейімделу фазасы болады, ал жұмыстың ұзақ уақыт бойы жалғасуы мен үлкен қуат жұмсалуды салдарынан жұмыс қабілеттілігінің төмендеу фазасы жүреді. Дене тәрбиесі құралдары жұмысқа бейімделуін тездетеді, еңбек өнімділігі мен жұмыс қабілеттілігінің төмендеуін баяулатады, еңбек үдерісі барысында жоғалтқан жүйке-психикалық және бұлшық ет қуатының барынша тез қалпына келуіне мүмкіндік туғызады.

2. Өндірістік еңбектің кейбір қазіргі заманғы түрлері бұлшық ет қызметінің аз мөлшерімен (гиподинамия) немесе организмнің жекелеген функцияларына, дене мүшелеріне шектеулі жүктеме берілуімен сипатталады. Дене тәрбиесінің құралдары (дене жаттығулары, табиғаттың сауықтыру күштері және гигиеналық факторлар) еңбек қызметі түрінің ерекшелігіне байланысты пайда болатын дене қасиеттері мен оның дамуындағы ауытқулардың алдын алуға жағдай жасайды.

3. Қазіргі заманғы өндірісте адамға еңбек қызметі үдерісінде әсер ететін қолайсыз, кері әсерін тигізетін қозғаушы күштер мен жағдайлар әлі де бар. Уақыт кеңістігі аралығында бұл факторлардың нәтижесінде өткір және созылмалы кәсіби аурулардың туындауына себепкер болуы мүмкін.

Өткір, созылмалы кәсіби аурулар бір ауысымдағы өндірістік жұмыс кезінде, зиянды өндірістік мына факторлардың әсерінен пайда болуы мүмкін: еңбек ететін орындағы ауа температурасының күрт жоғарылауы немесе төмендеу; жұмыс орнындағы шу, тербеліс, діріл, ультрадыбыстар және әр түрлі сәулеленулер, яғни жылу, иондаушы, электромагнитті, инфрақызыл және т.б. сәулелер; жұмыс орнының жарықпен жеткіліксіз қамтамасыздандыруы; жарықтың артық, өткір берілу; денеге және жүйке-психикалық жүйеге артық берілуі, яғни ақыл-ой, еету, көру талдаушыларының, (анализаторларының) артық күштену.

Өндірістік зиянды факторлардың көп реттік әсерінің зардабынан кейін өткір созылмалы кәсіби аурулар пайда болады. Дене тәрбиесінің құралдары осылар тектес аурулар мен жарақаттардың пайда болу ықтималдылығын төмендетеді және алдын-ала сақтандыру функциясын елеулі дәрежеде қамтамасыз етеді.

4. Кәсіптік еңбек түрлерінің бірқатары арнайы кәсіби дене даярлығын талап етеді, яғни бұл тек ерекше өзгешеліктері кәсіби-қолданбалы дайындығы әдістері арқылы қамтамасыз етіледі.

5. Қазіргі заманғы өндіріс орындарында ғылыми-техникалық дамумен байланысты еңбекшілердің кәсіптеулерінде алға басу, өзгеру, ауысым тенденциялары байқалады.

Дене мәдениетін еңбекті ғылыми ұйымдастыру (ЕҒҰ) қызметіне ендіру маңызды қажеттіліктен туындап отыр. Еңбекті ғылыми ұйымдастыру қызметі ғылым жетістіктері мен озық тәжірибелерді тұрақты пайдалануға негізделіп еңбек өнімділегін арттыру мақсатында бірегей өндірістік процесте адамдардың техникамен үйлесімді қызмет атқара білуін алдын-ала қарастырады [8]. Дене жаттығулары еңбек негізінде пайда болғандықтан, еңбекпен ортақ қозғалыстары көп, яғни екеуінде де биомеханикалық, физиологиялық, биохимиялық ішкі құрылымдарында ортақтық көрінеді. Дегенмен, бұл жаттығулары еңбекті теңестіруге арналған негіз болмайды. Еңбек адам мен табиғат арасындағы орындалатын қызмет жүйесі табиғаттың сыртқы көрінісін өзгерту арқылы қажеттілігіне жаратады және сонымен бірге ол өзінің де дене сымбатын өзгертеді. Алайда өндірістік жұмыс барысында адамға еңбегінің әсер етуі, өндірісті дамыту заңдылықтарына бағынышты бағытталған қозғаушы күш болып саналады. Қоғамдық өндірісте еңбек өнімділігінің арттырылуы басты негізде сол өндірістің жетілдірілуінің есебінен жүреді, мысалы, өндіріске автоматтандыруды ендіру. Мұнда дене еңбегінің үлесі оның тікелей жұмысының дене дамуына әсері азаяды. Ал, дене жаттығуларына келетін болсақ, олардың әсері дене тәрбиесі жүйесі заңдылықтарымен айқындалады.

Ерекше міндеттер адамның дене дамуын дамытумен, жалпы және арнайы білім беру міндеттерімен тікелей байланысты. Яғни,

- адамның дене дамуын жақсарту, адам өмірінде ең маңызды дене қасиеттерін жан-жақты дамытуда;
- дене сымбатын жетілдіруде;
- денсаулықтарын жақсарту және ағза мүшелерінің қызметін нығайтуда;

- дене қасиеттерінің кемшіліктерін түзетуде, оның ішінде дұрыс дене қозғалысы сапаларын тәрбиелеуде, дененің барлық бөліктерінің үйлесімді дамуына, оңтайлы салмағын сақтауда және т.б.;

- жалпы жұмысқа қабілеттіліктерінің жоғары деңгейін көп жылға сақтауда тікелей байланысты.

Жалпы және арнайы білім беру міндеттері өмірлік маңызды біліктілік пен дағдыларды қалыптастыруды және ғылыми-практикалық сипаттары базалық білім алуды (дене жаттығуларының әдістерін, қозғалыс шеберлігі мен дағдыларының қалыптасу заңдылықтарын, дене сапаларын тәрбиелеуді, дене тәрбиесінің мәні мен оның жеке тұлға мен қоғам үшін маңызы туралы білімді, дене мәдениеті - гигиеналық сипаттағы білімді, денсаулықты нығайту және оны ұзақ жылдарға сүйемелдеуді қарастырады [9].

Дене жаттығуларының көмегімен адамның дене және рухани қабілеттерін дамыту мақсатында бағытталған қызмет ету іске асырылады. Жекелеген жағдайларда дене еңбегі дене жаттығуларымен үйлестікте, сыртқы ортаның қолайлы жағдайында (табиғаттағы, даладағы жұмыс), анықталған жүктеме өлшемімен өткізілсе дене тәрбиесінің негізгі куралы орнына жүреді. Бірақ бұлай пайдаланылған дене еңбегі дене тәрбиесінің мақсаты мен заңдылықтарына бағынса, оның қолданылуы мен бағыты өзгереді. Жоғарыда айтылғандарды ескеріп, дене жаттығуларын дене тәрбиесінің заңдылықтарымен іске асыратын қызмет ретінде айқындауға болады.

Жалпы педагогикалық міндеттер адамның жеке тұлғасын қалыптастырумен байланысты. Ал дене тәрбиесі адамның іс-әрекеті, мен мінез құлқында адамгершілік қасиеттерді дамытуға, ақыл-ой мен психомоторлық функцияны дамытуға толық ықпал етуі тиіс. Дене тәрбиесі процесінде тұлғаның этикалық және эстетикалық қасиеттерін қалыптастыру бойынша міндеттер шешіледі, өйткені адамның дамуындағы рухани және физикалық бастау бөлінбейтін бүтін [10].

Дене жаттығуларының жіктелуі - бұл оларды барынша маңызды белгілеріне сәйкес өзара байланыстағы топтарға бөлу [11]. Мұндай таратып, бөлудің нәтижесінде әрбір топ белгілі орын алатын және өз кезегінде майда топтарға бөлінетін жүйе пайда болады. Дене жаттығуларының жіктелуі мұғалімге сипаттық қасиеттерін бөлуге жәрдемдеседі, ал содан кейін көп деңгейде педагогикалық міндеттерге жауап беретін қажетті дене жаттығуларының орындалуын жеңілдетеді. Дене мәдениеті туралы ғылым үздіксіз жаңа мәліметтермен толықтырылып омырылатындықтан, жаттығулардың жіктелуі тұрақты болуы мүмкін емес, яғни олар уақыт өте айқындалады. Дене жаттығуларының әрқайсысы бір емес бірнеше сипаттамалық белгілерге ие болады. Сондықтан, бірдей дене жаттығулары әр түрлі жіктемелерде ұсынылуы мүмкін. Мысалы, белтемірге (турникке) тартылу анатомиялық белгісіне қарай құрылған жіктеме түрінде де (қолдың және иық белдеуінің бұлшық еттеріне арналған бұлшық еттер) және қозғалыс сапаларын дамытуы басымдылық көрсететін жіктемелерде де (күшті басымырақ дамытуға арналған жаттығулар) ұсынылуы мүмкін.

Адамның дене қасиеттерін тәрбиелеу дене тәрбиесінің маңызды бөлігі болып табылады. Спорт үшін де, өмір үшін де маңызды әр түрлі дене қимылдарын меңгере отырып, шұғылданатын адамдар өз дене қасиеттерін толық және ұтымды көрсете білу, сонымен қатар олар өз денесінің қозғалыс заңдылықтарын меңгереді.

Күштің дамуы шыдамдылықты, жылдамдықты және басқа да дене қасиеттерін басқару ағзаның табиғи қасиеттерінің кешеніне катысты. Адамның барлық дене қасиеттері туа біткен, олар оны жетілдіріп, дамытуы қажет табиғи тапсырмалар түрінде түсінеді.

Адамның табиғи даму процесі арнайы ұйымдастырылған болса, яғни педагогикалық сипатқа ие болса, онда әңгіме дене қасиеттерін дамыту емес, оларды тәрбиелеу туралы болып отыр.

Осылайша, дене тәрбиесі-педагогикалық сипатқа тән жеке тұлғаны дамыту бойынша белгілі бір тәрбиелік және білім беру міндеттерін гін процесі болып табылады. Дене

тәрбиесінің өзгеше ерекшелігі - ол адамның дене қасиеттерін дамытуға бағытталған қозғалыс дағдыларын, ептілік пен білімді жүйелі қалыптастыруды қамтамасыз етеді, олардың жиынтығы жалпы оның дене қабілеті сапасын анықтайды.

Дене тәрбиесі ақыл-ой қызметімен өзара іс-қимыл арқылы адам интеллектіне әсер етеді, сондықтан қоршаған орта мен ағзада болып жатқан құбылыстар қозғалу әрекетінің нәтижесінде ғана танылуы мүмкін. Бұл уақыт, кеңістік, қозғалыс ұзақтығы, жылдамдық, ырғақ, сондай-ақ өз денесінің мүмкіндіктері туралы түсінік болуы мүмкін. Спортпен айналысу ақыл-ойдың келесі жақтарын дамытуға әсер етеді: зейін қиын-координациялық дене жаттығуларын меңгеру оның орындалатын қозғалыстарға, пайда болатын қозғалыс сезімдері мен жағдайларға, қозғалысқа ілеспе жағдайларға шоғырлануын талап етеді, байқағыштыққа талдағыштардың дамуы салдарынан, тапқырлыққа және ойлаудың жылдамдығына өзгертін жағдайда тез және барабар бағдарлану қабілетіне жоғары талаптар қойылады және ойлауға сәтті және сәтсіз қозғалыстардың себептерін іздестіруді жүргізу, олардың мақсатын, құрылымын, нәтижесін анықтау болып табылады.

Дене тәрбиесі адамның дене дамуының тиімді құралы ғана емес, оның денсаулығын жақсарту, қарым-қатынас саласы мен адамдардың әлеуметтік белсенділігін арттыру саласы, ұйымдастырудың қисынды нысаны болушы табылады, соған байланысты адам өмірінің басқа тараптарына да әсер етеді: қоғамдағы беделі мен жағдайын, еңбек қызметі, эстетикалық идеалдар мен құндылық бағдарлары. Бұл тек спортшылардың өздеріне ғана емес, жаттықтырушыларға, төрешілерге, көрермендерге де қатысты. Дене тәрбиесі мен спорт қоғамның әрбір мүшесіне шығармашылық процесс ретінде спорттық іс-әрекетке қатысу және жанасу үшін өз "менін" дамыту, бекіту және білдіру үшін үлкен ұсыныстар береді.

Әрбір қозғалыс-қимылының барлығы үшін арналған бірегей жүктеменің болуы мүмкін емес, олар барлық уақытта бірнешеу болады. Дене жаттығуларының жүктелуіне арналған негіздемесіне педагогикалық міндеттерді шешуге арналған барынша маңызды белгісін айқындауға болады. Осы тұрғыдан алғанда, еңбек пен ойындардың басымдығы туралы қызықты мәселе ұсынылады, біздің ойымызша, алғашқы еңбек болып табылады. Сонымен қатар, ойын еңбекті ұйымдастыру нысандарының өзгеруіне, оның сипатына, мүмкіндігіне, мазмұнына кері әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, ойын осы себептен туындайтын барлық салдармен спортпен кәсіби шұғылдану жағдайында еңбек ретінде (егер бұл спорттық жарыс туралы болса) қабылдануы мүмкін. Расында, соңғы жағдайда спортшының рухани дамуы кезінде материалдық-прагматикалық орын бере отырып, екінші орынға кетеді, ал дене тәрбиесі бұл жағдайда қандай да бір жаңашылдықтан айырылған күшті көріністерге жетеді. Алайда, дене тәрбиесі және спорт рухани және материалдық бастаулары бұзылмайтын қызмет түрлеріне жатады, осылайша, қызметтің бұл түрі синтетикалық болып табылады. Сондай-ақ, дене тәрбиесі жүйесінде, антикалық дәуірде негізі қаланған күші гуманистік бастамаға негізделген медициналық қызмет туралы да айтуға болады [12]. Дегенмен, құлдық, феодалдық, капиталистік қоғамдарын дене тәрбиесінің барлық жүйесі билік пен жаулап алу үшін жарамды адам түрін алуға байланысты нәтижеге қол жеткізуге бағытталғанын айта кету керек. Орта ғасырлардағы дене мәдениеті оның дамуының қиындықтары мен қиындығына қарамастан, құл иеленетін қоғаммен салыстырғанда алға белгілі бір қадам жасады. Бұл орта ғасырларда халықтың басым бөлігі дене шынықтыру жаттығулары мен ойындарды дамытуға белсенді қатыса бастайды, кейде дене тәрбиесінің өзіндік жүйесін қалыптастырады. Бұл тәжірибе кейінгі жүзжылдықтарда қазіргі заманғы спорт түрлерінің қалыптасуына үлкен үлес қосты. Ал қайта өрлеу дәуірінің гуманизмі мен реформациясы жалпы дене тәрбиесі мен, атап айтқанда, буржуазиялық тәрбие жүйесінің қалыптасуы мен дамуының одан арғы жолдарын анықтады [13].

Жаңа заман дәуірінде дене тәрбиесі мен спорттың таралуы мен дамуы үлкен әлеуметтік қайшылықтар жағдайында болды. Ең көп пайданың артынан қуылу халық



массаларының жаппай азаюымен және олардың денсаулығы мен дене жай-күйінің нашарлауымен қатар жүрді. Сонымен қатар, нақ осы кезгенде үстемдік етуші топ халық арасында дене тәрбиесі мен спортты дамытуға қызығушылық танытады, бұл өзінің саяси және экономикалық үстемдігін нығайту үшін күшті, іскер адамдардың буржуазия қажеттілігінен туындады [14]. Осы идеяны жүзеге асыру үшін, сонын ішінде дене тәрбиесі саласында да көптеген жаңа озық жүйелер құрылуда (Англиядағы Кингсли-Арнольд жүйесі). Жас адамның тұлғасын қалыптастыратын буржуазиялық қоғам көздеген басқа мақсат - оны саяси күресуден алшақтату, әскери қызметке даярлау, спорттық жарыстардан табыс алу және т.б. Орыс, украин, белорус халықтары өздерінің дене тәрбиесінің өзіндік түрін сақтағаны белгілі, дәл осы дәстүрлерге жол бермей, қазіргі уақытта біздің өзіндік рухани және дене тәрбиесінің, атап айтқанда, самбо, қоян-қолтық ұрыс, еркін күрес сияқты жекпе-жек түрлерінің болуымен, халықтың әртүрлі жас топтарында кеңінен дамитын және сол себепті өтпелі сипатқа ие. Бұл тұрғыда XVII ғасырдың екінші жартысында педагогикалық әдебиеттің ескерткіші монах Е. Славинскийдің "Балалар әдет-ғұрыптарының азаматтары" атты еңбегі белгілі. Автор алғаш рет жастарды тәрбиелеу үшін жарамды және зиянды ойындарды жіктеді, көптеген гимнастикалық жаттығуларға педагогикалық талдау жасады, балалардың білім беру жүйесіндегі дене тәрбиесінің орнын анықтауға, оның ақыл-ой және адамгершілік тәрбиесімен байланысын қадағалауға тырысты, бұл идеялар, "Дәрігерлік ғылымның каноны" кітабында баяндалған Авиценна идеялары сияқты отандық медициналық және педагогикалық әдебиетте одан әрі дамыды.

Жеке тұлғаның дене дайындығын есепке алу кезінде ең жоғары нәтиже де, сондай-ақ нәтижесінің есімі де ескеріледі. Міндетті түрде барлық белгілер дәлелденеді. Мадақтау әдістері, ауызша мақұлдаулар жеке тұлғаның тапсырмаларды орындауға оң көзқарасын қалыптастырады, қоғамдық белсенділікке негіз жасайды [15].

Қозғалыс жүктемесінің ақыл-ой қызметімен үйлесімділігі келесі әдістемелік нұсқаулар ескерілсе тиімді жүзеге асырылады.

Дене жаттығуларымен шұғылдану сабағының әр оқу семестрінің бірінші жартысында 70-75% жылдамдық қабілеттерін, жылдамдық-күш және жылдамдық-төзімділік сапаларын дамытуға бағытталып жоспарлануы тиіс. Студенттердің жүрек соғу жиілігі (ЖСЖ) бойынша жүктеме қарқындылығы минутына 160-170 ретке дейін болуы тиіс. Әрбір семестрдің екінші жартысында пайданылатын дене тәрбиесі жүйесінің шамамен 70-75% күшті, жалпы және күш төзімділігін тәрбиелеу үшін пайдалану қажет. Сондықтан бұл кезеңде жүктеме қарқындылығы біршама төмендейді (ЖСЖ минутына 150 ретке жетеді).

Оқу және өз бетінше шұғылдану сабақтарын бұлай кіру студенттердің ақыл-ой жұмыс қабілетіне ықпалды тиімділікте әсер етеді.

Дене тәрбиесі бойынша таңертеңгі оқу уақытында өткізілетін сабақтарда аз қарқындылықтағы (ЖСЖ минутына 110-130 рет соғады) немесе орташа қарқындылықтағы ЖСЖ минутына 130-160 соғу аралығында) жүктемені пайдалану мақсатқа лайықты болады. Сабақтың ең жақсы моторлы тығыздылығы 50-60 минут аралығында болады. Мұндай жүктемедегі шұғылдану сабағы ақыл-ой қызметіне жұмсалатын уақыт кезеңін қысқартуды қамтамасыз етеді, жоғары жұмыс қабілеттілігінің кезеңін ұзартуға ықпал етеді, яғни нәтижеде оқу материалын жақсы меңгеруді қамтамасыз етеді.

Егер дене тәрбиесі бойынша сабақ күндізгі мезгілде өткізілсе, онда олардың қарқындылығы таңертеңгі сабақтармен салыстырғанда барынша жоғары болуы тиіс (ЖСЖ минутына 150-160 ретке дейін соғады). Дене тәрбиесіне оқытып, үйретудің ЖОО білім беру жүйелерінің жалпы міндеттерімен байланыстылығы студенттердің кәсіби деңгейі мен жұмыс қабілеттілігі деңгейін арттыруға, олардың оқу пәнін дұрыс меңгеруге қызмет етеді. Оқу сабақтарын жоспарлау оқу үдерісінің және арнайы міндеттері есепке алынып жүзеге асырылады. Бұған сабақтарға, жарыстарға, жаттығуларға бөлінетін оқу уақытының үйлесімді сәйкестікте болуымен қол жеткізіледі, яғни соның нәтижесінде негізгі дене мүмкіндіктері мен арнайы сапаларын және қолданбалы дағдыларын дамытуды

жандандыруға болады. Жаттығумен аз уақыт шұғылданған студенттермен дене тәрбиесі сабағын аптасына үлкен қарқындылық жүктемесімен 2 рет өткізе, онда оқу аптасының ішінде ақыл-ой қызмет белсенділігі біршама төмендейді. Сондықтан, ақыл-ой белсенділігінің төмендеуіне жол бермеу үшін денеге берілетін жүктемені жоспарлау кезінде студенттердің дене даярлығы деңгейін есепке алу маңызды болып табылады. Әртүрлі спорт түрлерімен әр түрлі дәрежеде оқу-жаттығу сабақтарын өткізу ақыл-ой жұмыс қабілеттілігіне елеулі әсер етеді. Мұнда бірінші жағынан, спорттық - ойындық және жеке сайыс түрлері психикаға арттырылған талап қояды. Бұл сезім күйіне бой алдыратын механизмдер қызметінің артуымен байланысты [16].

Бұл үрдіс орыс ғылымы мен мәдениетінің, педагогика, анатомия, медицина өрлеуі кезеңінде өз көрінісін тапты, бұл дене тәрбиесінің ғылыми-теориялық және педагогикалық негіздерін одан әрі дамытуға ықпал етті. Осылайша, орыс ағартушысы И. Л. Новиков XVIII г. соңғы ширегінде өзінің педагогикалық еңбектерінде тәрбиесінің үш құрамдас бөлігін қарастырады: дене, адамгершілік, ақыл-ой. Оған сондай-ақ «Дене тәрбиесі» термині де тиесілі. 1765 жылы академик А. П. Протасов Ресей ғылым академиясының оқу жиналысында екі баяндама жасады - «Балалардың дене тәрбиесі туралы» және «Денсаулықты сақтау үшін қозғалыс қажеттілігі туралы». Дене тәрбиесі туралы ғылым үшін, әсіресе оның философиялық және педагогикалық ойлауы үшін А. П. Протасовтың еңбектері үлкен маңызға ие болды. Онда адамның ақыл-ой, адамгершілік және дене күштерінің үйлесімді даму идеясы дәлелденді. Бұл тұрғыда орыс дәрігерлері Е.А. Покровский мен Е. М. Дементьевтің еңбектері де қызықты. 1884 ж. Е. А. Покровский «Әр түрлі халықтардың балалар дене тәрбиесі» кітабын, ал Е. М. Дементьевке «Гимнастика, немесе ойындар» және «Мектеп тәрбиесінің қазіргі жүйесіне қатысты жасөспірімдердің дене тәрбиесі» сияқты жұмыстар жатады. Бірақ дене тәрбиесі туралы ғылымды дамытуда П. Ф. Лесгафт ерекше рөл атқарды.

Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының тәжірибесінде жеке тұлғаны дамыту. ынталандыру мәселелерін ғана емес, сонымен қатар денсаулық сақтау мәселелерін шешуге көмектесетіндей етіп жарыс және ойын технологиялары кеңінен қолданылады. Ойында бұлшықеттердің түрлі топтары жұмыс істейді, бұл денсаулыққа өте пайдалы әсер етеді. Осындай тәсілде шұғылданушылар өз стереотиптерін жеңуге, өзін жеңуге, өз-өзімен жарысуға ұмтылады. Жетістіктердің нәтижесі тек ғана бір нәтижеге қол жеткізу ғана емес сондай-ақ дені сау, ой-санасы қалыптасқан жеке тұлға болып қалыптасу екенін түсінуі тиіс [17]. Қазіргі уақытта дене жаттығуларының бірнеше жіктелулері бар.

1. Дене тәрбиесі жүйесінің тарихи жинақталған белгісіне қарай жіктелуі (гимнастика, туризм, спорт). Бұл жіктелуге сәйкес тәжірибеде (практикада) пайдаланылып жүрген дене жаттығулары төрт топқа бөлінеді: ағзаның құрылысы мен қызметі әсерінің жіктелуі мен тиімділігі бағаланатын, өнерлеп даярланған қозғалыс пен қимылдық әрекеттің және түрлілігімен, сонымен бірге барлық қозғалыстың дұрыс орындалуымен, сұлулығымен үйлесімділік күрделілігімен сипатталатын гимнастикалық жаттығулар; қозғалыс әрекетінің қорытынды нәтижесі (озу, жоғары секіру, дәл лақтыру және т.б.) және ағзаға бүтіндей әсер ету әсерлілігі бойынша бағаланатын және өзгеріліп отырылатын жағдайға сәйкес әр түрлі бейнедегі түрлерде орындалатын қозғалыс әрекетінің табиғи түрлерінен тұратын (жүгірулер, секірулер, лақтырулар және т.б.) ойын жаттығулары; жүру, жүгіру. секіру, кедергілерден өту, шаңғымен жүру, велосипед айдау сияқты ағзаға тиімділігі кешенді әсер етуімен және ара қашықтық пен кедергіден өтудің нәтижелілігімен бағаланатын туристік дене жаттығулары; барынша жоғары спорттық нәтижелерге жету үшін мамандандудың пәні болатын және олардың орындалуы бірегей республикалық спорттық жүйелекте (классификация) сәйкес өнерлеп стандартталған қозғалыс әрекетінің сол топтарын біріктіретін спорттық жаттығулар. Алғашқы үш топтың кейбір дене жаттығуларын, егер оларға аталған белгілері тән болса, соңғы топқа жатқызуға болады (спорттық

гимнастикалық жаттығулар, спорттық ойындар жаттығулары, спорттық туристік дене жаттығулары).

Жоғарыда келтірілген жіктелудің шарттылығы дене жаттығуларының осы топтарын сипаттайтын белгілердің айырмасынан көрінеді. Сондықтан, мысалы, жүгіру әр түрлі әдісте орындалатын болса да барлық төрт топта да көрсетілген. Жіктелу дене жаттығуларының сипатында жалпы бағдарлау ретінде ғана есептеледі [18].

2. Бұлшық ет қызметінің ерекшелік белгісі бойынша дене жаттығуларының жіктелуі (немесе қозғалыс сапаларын көрсетудегі басымырақ қажеттілік белгісіне немесе қозғалыс сапаларын дамытуға басымырақ әсер ету белгілеріне) қатынастың қысқа уақыт аралығындағы шұғылданушылардан талап етілетін барынша күш салуды көрсететін жылдамдық-күш дене жаттығулары (мысалы, қысқа қашықтықта жүгіру, лақтыру және т.б.); төзімділікті көрсетуді, яғни қатынастық ұзақ уақыт кезеңі бойынша үйлесімді күш салуды талап ететін дене жаттығулары (мысалы, орта және ұзақ қашықтыққа жүгіру, шаңғымен жүру және т.б.); қатаң уақыт белгілеген орындау жағдайында қозғалыс үйлесімділігін көрсетуді талап ететін дене жаттығулары (мысалы, гимнастикалық қондырғылардағы жаттығулар, суға секіру және т.б.); өзгеріп отыратын жағдайға сәйкес үнемі ауысып отыратын күш салу деңгейінде қозғалыс сапасын кешенді көрсетуді талап ететін дене жаттығулары (қимыл- қозғалыс және спорттық ойындар, жеке сайыстар). Мұндай жіктелу кейбір шарттылақтарына қарай бірінші жағынан, яғни оның жәрдемімен қозғалыс сапаларын дамытуда қажетті күткен нәтижеге тиімді жетуге болады.

3. Білім беру міндетін шешу үшін дене жаттығулары мәніне қарай былай жіктеледі: негізгі дене жаттығулары (немесе жарыстық), яғни оқу бағдарламасындағы білім беру міндеттеріне сәйкес оқып, үйрену болып саналатын қозғалыс әрекеті немесе кейде жарыстық сабақ ұштастыру дене жаттығулары, яғни жүйке-бұлшық ет ширығуы мен сыртқы белгілеріне қарай ұқсас қимыл-қозғалыстарының мазмұнының арқасында негізгі дене жаттығуларын жеңілдететін қозғалыс әрекеті (мысалы, екі аяқты ашып "ешкіден" ұзындыққа секіруді меңгеру үшін жерге таянып жатудан, қолды тіреп, аяқты алшақ ұстап еңкеюге ауысу, ұштастыру жаттығуы болып табылады); дайындық дене жаттығулары, яғни негізгі дене жаттығуларын табысты үйрену үшін қажетті дене сапаларын дамытуға жәрдемдесетін қозғалыс әрекеттері (мысалы, белтемірге тартылу, арқанға өрмелеудің дайындық жаттығуы қызметін атқарады). Бұл жіктелу шартты, өйткені екі жағдайда да бөлінбейтін болғандықтан, қозғалыс сапаларын дамыту мен қозғалыс дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар мұнда өнерден бөлінеді. Алайда бұдан жіктелудің іс жүзіндегі мәні жоғалмайды. Бұл әрбір кезеңдегі басты міндеттерді шешу үшін оны шешуге көп мөлшерде жәрдемдесетін қажетті дене жаттығуларын іріктеуге жәрдемдеседі.

4. Жекелеген бұлшық ет топтарының белгісіне қарай басым дамыту дене жаттығуларын жіктеу: қол және иық иіні, кеуде және мойын, аяқ және жамбас бұлшық еттері үшін. Бұл жіктелудің ішінде жаттығуларды мына кіші топтарға бөлу алдын ала ескеріледі: спорт құрал-жабдығымен және құрал жабдықсыз, жеке және жұппен жаттығулар, күшті және иілгіштікті дамытуға арналған жаттығулар. Жаттығудың бұл түрін мысалы, жіліншік-табан, тізе буыны және т.б. жаттығу топтарына одан әрі бөлшектеуге болады. Бұл жіктелудің жоғарыдағы басты белгілерінен басқа анатомиялық және басқа да белгілерінің негізі қаланған, күш және иілгіштікті басым дамыту, спорт қондырғыларының саны немесе олардың болмауы. Мұнда, жіктелудің шарттылығы осылар, дегенмен бұл оның, әсіресе, жалпы дамыту жаттығуларының, дене шынықтыру минуттарының кешенін, бірнеше бұлшық ет топтарының біріне немесе басқасына бір шеңберде әсер ету (локальды) қажет болғандығы, жаттығуларды дайындау кезінде іс жүзіндегі мәнін төмендетпейді.

Дене мәдениетін еңбекті ғылыми ұйымдастыру қызметіне ендірудің айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық маңызы бар. Бұл жоғары жұмыс қабілеттілігіне жетудің, жақсы дене даярлығының және денсаулықты нығайтудың негізгі қозғаушы күші ретінде дене мәдениетінің маңызды рөлімен айқындалады. Еңбекті ғылыми ұйымдастыру жүйесіне дене

мәдениетін өндірудің басты мақсаты қоғамда еңбекшілердің денсаулығын нығайту және олардың жан-жақты үйлесімді дене дамуы негізінде еңбек сенімділігін арттыруға ықпал ету болып табылады.

Мақаланың мазмұнын қорыта айтқанда, мектеп, колледж, ЖОО-дағы үздіксіз білім беру жүйесінде дене тәрбиесінің үйлесімді жүйесін құру тұлғаның рухани дамуымен үйлесімділікте бір жақты тәсілді болдырмауға, мемлекет пен қоғамның мәдени мұрасын сақтау, оны көбейту мақсатын іске асыруда мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, мемлекет, қоғам, нақты тұлға мүддесінде «қызығушылық», «қажеттілік», «маманды» желісі бойынша жеке тұлғаның кәсіби қасиеттерін қалыптастырудың алғышартын жасайды. Тұлғаның жан-жақты, үйлесімді даму мақсатын көздейтін әртүрлі құрылымдардың жігерлігі нәтижесінде, дене тәрбиесінің құрамдас бөлігі болып табылатын күнделікті өмірде, оның нәтижелерін, олардың өзіндік нұсқасында мақсатты қолдану мақсатында, оның ішінде жоғары оқу орындарының түлектері үшін де өзінің дене және рухани мүмкіндіктерін жүзеге асыруға шығармашылық көзқарас болуы мүмкін. Дене тәрбиесі мен кәсіби білім беру мәселесі үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастырудың көп мәдениеттік идеясын жүзеге асыруда күрделі және көп аспектілі болып келеді және осы мақалада айтылған қандай да бір шамада жеке тұлғаның дене тәрбиесі жүйесінде болашақ мамандарды оқытуды ұйымдастырудың көтерілген мәселелерінің жалпы көрінісін беруі екіталай. Белгілі бір дәрежеде спорттық жекпе-жек, ойындардың әр түрлі түрлерін оқыту үшін де қолдануға болады деп ойлайды, білім алушы мен оқытушыға өз іс-әрекеттерін дәстүрлі және өзіндік ұстамдарын ұғынуға мүмкіндік береді, бұл спорт ғылымы теориясына да, оның қолданбалы бөлігіне де қосылған белгілі бір үлес болып табылады.

#### *Әдебиеттер тізімі:*

1. Абдиллаев А.К., Мухамеджанов Б.К., Дене мәдениеті. - Түркістан, 2008. - 58 б.
2. Мухамеджанов Б.К., Дене мәдениеті мамандығына кіріспе. - Түркістан, 2006. - 78 б.
3. Коянбаев Ж.Б., Коянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы: Атамұра, 2002.- 384 б.
4. Мавропуло О. С., Кривсун С. Н. Здоровье и двигательная активность человека - Ростов на Дону: Материалы сборника научных трудов. Социально-экономические и технико-технологические проблемы развития сферы услуг. Редколлегия: Ильин В. Г., Минасян Л.А., Москва - 2012. С. 73-75.
5. Лапкин, М.М. Сравнительная характеристика вегетативного контроля и профилактика нарушений сердечного ритма у подростков при физической нагрузке/ М.М. Лапкин, А.Л. Похачевский // Профилактическая медицина. - 2014. - №3 (17). - С. 27-31.
6. Курьсь В. Н., Евстигнеева М. И. Содержание и соотношение понятий «физическая культура личности» и «телесно-двигательная культура» Ученые записки университета им. П. Ф. Лесгафта. Москва - 2013. № 1 (95). С. 84-89.
7. Хренкова В. В., Абакумова Л. В., Лысенко А. В., Баршай В. М., Рогинская А. А., Карсакова А. А., Журавлева М. В. Вариационная кардиоинтервалометрия как метод экспресс- оценки функционального состояния студентов с разным уровнем двигательной активности - Фундаментальные исследования. Москва - 2014. N 11-5. С. 1090-1093.
8. Әбділлаев А.К., Мухамеджанов Б.К., Омаров Б.С., Абусейтов Б.З., Дене мәдениеті және спорт педагогикасы. - Түркістан, 2016. 50 - 55 б.
9. Әбділлаев А.К., Оналбек Ж.К.. Дене мәдениетінің ілімі мен әдістемесі. - Түркістан, 2004. 148 - 158 б.
10. Мухамеджанов Б.К., "Болашақ дене мәдениеті мамандарын кәсіби даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері 13.00.08. Кәсіптік білім беру теориясы мен әдістемесі П.Е.Д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты" - Түркістан, 2008. 17 - 196

11. Әбділлаев Э.К. Оналбек Ж.К., Дене шынықтыру және спорттың теориялық негіздері. - Түркістан, 2016. 65 - 70 б.
12. Курьсь В. Н., Сляднева Л. Н., Шиянова Г. В. Образование детей дошкольного возраста в области физической культуры - теорет. аспект: (монография] / в. Н. Курьсь, Л. Н. Сляднева, Г. В. Шиянова; М-во образования и науки РФ, М-во образования Ставропол. края. Ставрополь, 2006.
13. Blattner, W. (2006). Heidegger's Being and Time: A reader's guide. London & New York: Continuum Books.
14. P. R. Pintrich, "The role of metacognitive knowledge in learning, teaching, and assessing." Theory into Practice, vol. 41, no. 4, pp. 219-225, 2002. View at Publisher • View at Google Scholar • View at Scopus
15. Киселёв П.А., Киселёва С.Б. Настольная книга учителя физической культуры: методическое пособие. - М: Глобус, 2009. - 320с.
16. Мухамеджанов Б.К., Баймуханбетов Б.М., Аймақтық екшелік сипаты ескерілін мектеп оқушыларына дене мәдениетінен білім берудің педагогикалық үлгісі. Монография. -Түркістан, 2017. 144-148 б
17. Янсон, Ю.А. Физическая культура в школе. Новые педагогические технологии/ Ростов-на-Дону: «Феникс», 2005. - 432с.
18. Әбділлаев Э.К., Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша пәндерді оқыту әдістемесі. - Түркістан, 2016. 91 - 95 б.

УДК 796.011.3

## **КАЗАК КУРЕС КАК СРЕДСТВО СПОРТИВНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ШКОЛЬНИКОВ**

**О.Е. Бектурганов - доктор педагогических наук, профессор,  
Т.Т. Кожамжаров - заслуженный тренер РК, заведующий кафедрой  
борьбы и НВС,  
Казахская академия спорта и туризма, Алматы, Казахстан**

**Аннотация.** Низкая двигательная активность школьников недостаточно компенсирована уроками по физической культуре. В статье поставлена цель и использованы методы исследования для определения недостатков в организации физического воспитания обучаемых и обоснована необходимость и преимущества эффективного применения казак курес в спортивно-ориентированном физическом воспитании школьников и студентов.

**Ключевые слова:** Казак курес, средняя школа, обучение, тренировка, спорт.

Подготовка специалистов по традиционным видам двигательной активности и национальным видам спорта также как и подготовка специалистов по другим видам спорта должна соответствовать регулярно систематически решаемой цели – способствовать увеличению количества спортивных секций. И прежде всего, непосредственно в учебных заведениях (в школах и вузах), а затем уже в учреждениях дополнительного образования со значительным снижением стоимости таких занятий вплоть до бесплатного уровня. В особенности на этапах начальной стадии занятий спортом – в течении нескольких лет. К примеру, на этапах: - спортивно-оздоровительной подготовки; - предварительной или начальной подготовки; - а также возможно на этапе начальной специализации. Что должно способствовать развитию массовости – более широкому охвату детей, подростков и молодежи спортивными занятиями.

Национальные виды спорта более близки и понятны коренному населению Казахстана, они в большей мере соответствуют по структуре и содержанию их привычным видам сельскохозяйственной деятельности, которые при достаточной стимуляции и создании необходимых условий и соответствующем контроле (административном и правоохранительном) могут более значимо и даже эффективнее развиваться, чем посевные культуры, в особенности в засушливых, пустынных, полупустынных и горных регионах (которых в Казахстане значимо больше, чем посевных сельскохозяйственных земель).

Следовательно сохранение и развитие национальных видов спорта должно способствовать (в том числе либо включая или дополнительно) не только эффективному и более успешному становлению массового спорта, но также развитию и закреплению необходимых навыков (начиная с образовательного процесса – основного и дополнительного) успешной трудовой и предпринимательской деятельности в сельской местности, включая становления как мелких и средних субъектов сельскохозяйственного животноводческого бизнеса, так и крупных сельскохозяйственных животноводческих бизнес-объектов.

При этом следует отметить, что торговля животноводческой продукцией должна стать сопутствующим фактором успешной сельскохозяйственной деятельности по выращиванию и воспроизводству поголовья скота, а не основным фактором развития бизнес-субъектов по скупке и перепродаже животноводческой продукции, которые только ухудшают состояние товара:

- в условиях длительного хранения;
- содержания скота для продажи в «неподобающих условиях»;
- «злонамеренного» прикармливания животных испорченными кормами;
- включая лекарственные, гормональные либо иные препараты, чтобы они не болели, набирали вес и сохраняли хороший «товарный вид».

При том, что мы еще не затрагиваем темы бесконечного подорожания мясной продукции за счет посредников и перекупщиков.

Казалось бы, какое отношение имеет качество животноводческой продукции к физической культуре и подготовке спортсменов? По нашему мнению, ухудшение здоровья населения, детей и молодежи, кроме перечисленного, может быть приумножено также именно этим, тем более в условиях традиционной приверженности, предпочтений и любви к обильному питанию мясной продукцией. А спортивные школы и колледжи со своими столовыми в условиях усиленного белкового закармливания перспективной спортивной молодежи рискуют превратиться не в эффективные места их подготовки, а места для нейтрализации спортивных возможностей. Тем более, что подобные скандалы по качеству и организации питания, а также подменой продуктов питания в спортивных школах, уже были. А в сборных командах предпринимаются попытки организовать собственные варианты с заготовкой традиционной белковой продукции для поездок на крупные соревнования (Олимпийские Игры и др.).

Можно ли проверить качество мясной продукции с определением таких показателей:

- как возраст и состояние животного при забое; - условия для содержания, питания и двигательной активности животного; - качество потребляемой питьевой воды и кормов; - экологическое и санитарное состояние угодий для выпаса, наличие необходимой растительности, а также достаточность площадей для выпаса; - продолжительность ежедневного выпаса; - применение лекарственных и гормональных препаратов, антибиотиков для улучшения состояния животного и аппетита, весовых, жировых, внешних и других показателей для продажи и т. п.?

А может это станет очередным непонятным итогом причин ухудшения здоровья и спортивных результатов, травматизма или непрохождения допинг-контроля?

#### **Список литературы:**

1. Жекенов С. Здоровье учащейся молодежи // Вестник физической культуры. – 2008. – №2. – С. 5-9.
2. Здоровье детей и подростков Республики Казахстан. Отчет. Проблемы и пути решения / Б. С. Аимбетова, Г. Е. Турдалиева, У. А. Абдукаюмова, В. Ю. Байсугурова, Б. А. Мусаева // Астана – Алматы: КазНМУ имени С. Д. Асфендиярова.
3. Здоровье населения Республики Казахстан и деятельность организаций здравоохранения в 2020 году. Статистический сборник. Электронный ресурс
4. Латыпов И.К. Физическая культура и спорт в современной школе: проблемы и перспективы // Детский тренер. – 2008. – №3. – С. 4 – 14.
5. О мерах по дальнейшему развитию физической культуры и спорта в Российской Федерации. Материалы совместного заседания президиума Государственного совета и Совета при Президенте по развитию физической культуры и спорта 14 октября 2008 года // Российская газета. Федеральный выпуск №4772 от 15 октября 2008 г. – №3. – С. 4 – 14.
6. О состоянии развития физической культуры и спорта в стране и кардинальном повышении эффективности спорта в решении социально-экономических, демографических, оздоровительных и воспитательных задач, стоящих перед обществом. Протокол заседания Совета при Президенте Российской Федерации по физической культуре и спорту от 31 мая 2006 г. №3 // Сборник официальных документов и материалов Федерального агентства по физической культуре и спорту. – 2006. – №6. – С. 3 – 7.
7. Факторы здорового образа жизни школьников Казахстана, их физическое, психическое здоровье и благополучие: национальный отчет / Ж.А. Калмакова, Ш.З. Абдрахманова, А.А. Адаева, Т.И. Слажнева, С.А. Назарова, К.А. Раисова, Д.М. Шамгунова, Н.А. Сулейманова // Астана – Алматы: Национальный центр общественного здравоохранения МЗ РК, 2023. – 121 с.
8. Физиология человека. Общая. Спортивная. Возрастная / А. С. Солодков, Е.Б. Сологуб. – М.: Советский спорт, 2012. – 620 с.
9. Холодов Ж. К. Теория и методика физического воспитания и спорта: учебное пособие для студентов высших учебных заведений / Ж.К. Холодов, В.С. Кузнецов. – 6-е изд. – Москва: Академия, 2008. – 480 с.

УДК 796.011.1

## ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЫМЕН АЙНАЛЫСУДЫҢ ТҮЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕГІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ ҮРДІСТЕРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**С.М. Бармағамбетова – М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, 1 жыл оқу магистранты, Орал қ., Қазақстан**

**Аңдатпа.** Мақалада дені сау тұлғаны дамытуға спорттың әсер ету мәселелері қарастырылды. Студенттің тұлғалық әлеуметтенуіне әсер ететін факторлардың негізгілері анықталды. «Тұлға» термині спорттың тұлғаға әсері тұрғысынан алынады. Әр адам белгілі бір тұлғалық қасиеттерді жинақтау және әлеуметтік өзара әрекеттесу үдерісінен өтеді. Бұған тек жоғары оқу орнындағы дайындық курстары бойынша алынған білімдер ғана емес, сонымен қатар дене шынықтырумен айналысу да көмектеседі. Сондай-ақ балаларды дене жаттығуына баулудың заманауи әдістерін әлеумет ендіру тұрғысынан қарастырылды.

**Кілт сөздер:** әлеумет ендіру, денсаулық, даму, дене тәрбиесі, нақты жағдайларды талдау.

## THE IMPORTANCE OF EXERCISE IN PERSONAL SOCIALIZATION AND MODERN TEACHING METHODS

**S. M. Barmagambetova -West Kazakhstan Innovative and Technological University named after M. Utemisov, master's student for 1 year, Uralsk, Kazakhstan**

**Annotation.** This article examined the influence of sports on the development of a healthy personality. The main factors influencing the personal socialization of a student are determined. The term "personality" is taken from the point of view of the influence of sports on personality. Each person goes through the process of accumulating certain personal qualities and social interaction. Not only knowledge obtained in preparatory courses at a higher educational institution will help with this, but also physical training. That is, modern methods of introducing children to physical exercises were considered from the point of view of socialization.

**Keywords:** socialization, health, development, physical education, Case Study.

**Кіріспе.** Дене шынықтырумен айналысу адамның өмір сүру қызметінің барлық салаларына әсер етеді. Спортпен шұғылдану адамның денсаулығын нығайтып қана қоймай, бос уақытты тиімді өткізу және сау тұлғаны дамыту құралы болып табылады. Сондай-ақ спортпен шұғылдану адамның еңбек қызметіне, оның адамгершілік және психологиялық ойлауына әсер етеді. Дене шынықтырумен айналысу барысында адамда қуаныш гормоны бөлінеді, бұл оның көңіл-күйіне жағымды әсер етеді. «Тұлға» ұғымы әр адамның әлеуметтену үдерісінде игеретін әлеуметтік маңызды қасиеттерін көрсетеді. Өмір бойы адам бірнеше кезеңдерден өтеді, солар арқылы тұлғаның тұтас бейнесі, психологиялық суреті қалыптасады. Тұлғаны қалыптастыруда спортпен шұғылдану ерекше орын алады.

**Өзектілігі.** Тұлғаның әлеуметтенуі мен дене шынықтыру арасындағы өзара байланыс қазіргі уақытта маңызды мәселе болып табылады. Ғылым мен технологияның қарқынды дамыған заманында балалар өздерінің денсаулықтарына және қоршаған ортаның үдерістеріне аса назар аудармайды. Спорт балаларға физикалық және психологиялық қажетті қасиеттерді дамытуға көмектеседі. Жоғары оқу орындары мен мектептердегі мұғалімдер алдында балаларға салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру бойынша маңызды міндет тұр.

**Зерттеу мақсаты.** Дене жаттығулары кезінде тұлғаның дамуына әсер ететін факторларды анықтау. Жалпылай әлеуметтану мен спорттың өзара байланысы жеткілікті түрде зерттелмеген. Аталған байланыстың заманауи оқытудағы әсерін көрсету.

**Зерттеу міндеттері.**

1. Осы тақырыпқа қатысты әдебиеттерді зерттеу;
2. Деректерді өңдеп, жүйелеу;
3. Спортпен шұғылдану кезінде дамитын негізгі қасиеттерді анықтау.

**Зерттеу әдістері.** Тұрақты жаттығулар тұлғаның белгілі бір дағдылары мен қасиеттерін қалыптастырады. Қоғамдағы тұлғалық орынды зерттеу негізгі зерттеу әдісі ретінде қаралады. Осылайша, адамның психикалық қасиеттерінің қалыптасуы жаттығу кезінде өмірлік жағдайларды имитациялау арқылы жүзеге асады. Бұл үдеріс арқылы тұлғаның белгілі бір қасиеттері дамиды.

**Зерттеудің негізгі нәтижелерін талдау.** Спорт – қоғамның барлық салалары енетін маңызды құбылыс. Бұрын спорт денсаулықты нығайтудың құралы болған. Ал қазір спорт – жұмыс, хобби, бос уақытты тиімді өткізу тәсілі, тұлға қалыптастыру үдерісі. Бүгінгі таңда спорт – дені сау тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін басты әлеуметтік факторлардың бірі.

Спортпен шұғылдану адамның физикалық жағдайын нығайтып, оның дене қабілеттерін жақсартады, табандылық пен мақсаттылықты дамытады. Көптеген зерттеулер адамның физикалық денсаулығына спорттың оң әсер ететінін дәлелдеген. Сонымен қатар, спорт адамның тек физикалық емес, психологиялық тұрғыдан да салауатты тұлға болып қалыптасуының кепілі екенін ескерген жөн.[4]

Қазіргі уақытта спортты кеңінен насихаттау белсенді жүргізілуде. Осы жағдай салауатты өмір салтын ұстанатын адамдар санының көбеюіне ықпал етеді. Дене шынықтыру және спорт адамның ішкі рухын нығайтып, оның тұлғалық қасиеттері мен мінезін дамытуға оң әсер етеді. Спорт салауатты сана мен ерік-жігерді қалыптастырып, қиындықтарды еңсеруге үйретеді. Дене жаттығулары адамның қоғамдағы әлеуметтенуін бақылауға көмектеседі. Әр түрлі жарыстар баланың психологиялық жағдайын қалыптастырып, тұлғалық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Спортпен шұғылдану тек шыдамдылық пен физикалық күшті дамытып қана қоймай, адамның психологиялық күйіне де әсер етеді. Спортпен айналысқан кезде адам бар күшін салып, өзін толыққанды арнауды, сондай-ақ өмірін белгілі бір тәртіппен ұйымдастыруды үйренеді.

Осыдан келесідей қорытынды жасауға болады: физикалық жаттығулар кезінде адам тек өзінің физикалық қасиеттерін ғана емес, сонымен қатар тұлғасын да дамытады. Спорт тек дене қасиеттеріне ғана қатысты деген пікір қате. Бұл көзқарас дұрыс емес. Шын мәнінде, дене шынықтыру жаттығулары тұлғаның қалыптасуына көмектесетін көптеген қасиеттерді дамытады. Спорт белгілі бір стратегия мен ережелерді талап етеді. Мысалы, футбол жаттығуларында қарсылас команданың ойыншылар әрекеттерінің жоспарын есептеу қажет. Осындай ой процестері болмаса, ойыншы тіпті допты қақпаға соға алмайды. Егер оқушылардың дене шынықтырудағы ынталануын алсақ:[1]

1 кесте. – оқушылардың дене шынықтырудағы ынталануы

Ынталану бағыты	Орны	Қорытынды
1. Денсаулықты жақсарту.	8,5±0,9	9
2. Дене жаттығуына деген қызығушылық.	9±0,9	10
3. Қозғалу.	5,5±0,6	5
4. Өзін көрсету.	2,5±0,6	3
5. Спорттық формасын сақтау.	6±1,5	6

6. Баға.	1,75±0,3	1
7. Құрдастарынан қалмау.	4,5±0,9	4
8. Көңіл күйін көтеру.	7,5±0,6	7
9. Ұятқа қалмау.	8±1,2	8
10. Құрдастарымен байланысын жақсарту.	2±0,6	2

нәтижесін қарастырсақ, оқушылардың негізгі ынталануы баға және құрдастарымен байланысын жақсарту үшін болады. Яғни интерактивті түрде оқыту арқылы оқушылардың негізгі ынталануын қамти аламыз.

Көптеген жоғары оқу орындарында «интеллектуалдық» спорт түрлеріне үлкен мән беріледі. Мысалы, үстел теннисі, баскетбол, жеңіл атлетика және тағы басқа. Әр студент осы спорт түрлерінің негіздерін меңгеріп, техниканы ғана емес, спорттың даму тарихын да білуі тиіс. Дене шынықтыру сабағы кезінде студент қоғамда әлеуметтеніп, командада жұмыс істейді. Бұл спорттың адамдармен қарым-қатынас жасауды, айналасындағыларға сенуді үйрететін тағы бір маңызды факторы.

Дене шынықтыру және спорттың практикалық қызметінде жиі қолданылатын интерактивті білім беру технологияларының негізгі түрлері:

1. Кіші топтарда (командада) жұмыс – топ басшысының жетекшілігімен студенттердің шығармашылық жолмен тапсырмаларды шешу мақсатында бірлескен әрекеті.
2. Жобалық технология – белгілі бір тақырып бойынша материалды іріктеу, бөлу және жүйелеу бойынша жеке немесе ұжымдық жұмыс, нәтижесінде жоба құрастырылады.
3. Нақты жағдайларды талдау (Case Study) – болашақ спорт педагогының кәсіби қызметінде орын алған нақты проблемалық жағдайларды талдау және ең жақсы шешімдерді іздеу. Кейстің сипаттамасы нақты жағдайды қамтиды.

Психологтар адамның өмірде жетістікке жетуі үшін қажет ерік-жігерлік қасиеттерінің ең маңыздысы – мақсаттылық, шешімділік және батылдық екенін анықтады. Бұл қасиеттер адамның қоғамда табысты өмір сүруіне тікелей әсер етеді. Спортпен айналысқан адам болашағын жоспарлап, өзін дамытады.[2]

Ерік-жігердің көрінісі ретінде адамның өз әрекеттерін саналы түрде түсінетін, болашақта неге қол жеткізгісі келетінін білетін және қоғам өмірінде өзін дұрыс көрсете алатынын атап айтуға болады. Мақсаты бар адамның белгілі бір мотивтерді меңгеру және оларды басқара білу қабілетін көрсетеді.

Мұғалімдер мен дене шынықтыру пәнінің оқытушылары дамытатын осындай қасиеттер әрбір бала, оқушы және түлек үшін үлкен маңызға ие. Педагогикада оқытудың бірнеше үлгілері ажыратылады:

- 1) пассивті – оқушы оқыту объектісі ретінде қарастырылады (тыңдайды және көреді);
- 2) белсенді – оқушы оқу субъектісі ретінде қарастырылады (өзіндік жұмыс, шығармашылық тапсырмалар);
- 3) интерактивті (өзара әрекеттесу) – бұл өмірлік жағдайларды модельдеуді, рөлдік ойындарды қолдануды, мәселелерді бірлесіп шешуді көздейді. Оқу процесіне қатысушының немесе ойдың үстемдігі жойылады. Оқушы әсер ету объектісінен өзара әрекет субъектісіне айналады, ол өз білім алу процесіне белсенді қатысады. Зерттеушілер өзара әрекеттесу үдерісінің тиімділігін былай анықтайды:
  - адам жаттығу туралы ақпаратты оқығаннан кейін ол 10% есте сақтайды;
  - адам жаттығу туралы ақпаратты естігеннен кейін ол 20% есте сақтайды;
  - адам жаттығу туралы ақпаратты көргеннен кейін ол 30% есте сақтайды;

- адам жаттығу туралы ақпаратты көріп және естігеннен кейін ол 50% есте сақтайды;
- адам жаттығуды өзі жасағаннан кейін ол 90% есте сақтайды. Оқушыларға белсенділік және өзара әрекеттесу мүмкіндігі берілген кезде оқыту тиімді болады. Яғни жаттығуды интерактивті түрде жеткізу маңызды.

Интерактивті оқыту формаларын енгізу – қазіргі заманғы жоғары оқу орнында студенттерді дайындауды жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі. Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінде интерактивті оқыту әдістерін қолданумен байланысты. Сонымен қатар «интерактивті оқыту» термині әртүрлі түсіндіріледі. Аталған оқыту идеясы алғашқы веб-браузер пайда болып, интернет дамуы басталған сәтте, яғни 1990 жылдардың ортасында туындаған, сондықтан кейбір мамандар бұл ұғымды компьютерлік желілерді және интернет ресурстарын пайдалану арқылы оқыту ретінде түсіндіреді. Бұл ұғымның кеңірек түсіндірмесі белгілі бір затпен (мысалы, компьютермен) немесе адаммен өзара әрекеттесу немесе диалог режимінде болу қабілетін білдіреді.

Интерактивті оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері:

- Оқу процесі барлық оқушылардың таным процесіне толық қатысуын қамтамасыз ете отырып ұйымдастырылады. – Бірлескен қызмет әрқайсысының өз ерекше жеке үлесін қосуын білдіреді, жұмыс барысында білім, идеялар, қызмет тәсілдерімен алмасу жүреді. – Жеке, жұптық және топтық жұмыстар ұйымдастырылады, жобалық жұмыс, рөлдік ойындар қолданылады, құжаттармен және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жүргізіледі. – Интерактивті әдістер өзара әрекеттесу, оқушылардың белсенділігі, топтық тәжірибеге сүйену, міндетті түрде кері байланыс принциптеріне негізделген. – Білім беру қарым-қатынас ортасы ашықтығымен, қатысушылардың өзара әрекетімен, олардың дәлелдерінің теңдігімен, ортақ білімді жинақтаумен, өзара бағалау және бақылау мүмкіндігімен сипатталады. – Оқытушының рөлі өзгереді: жетекші оқытушы жаңа біліммен қатар оқушыларды немесе студенттерді өз бетінше ізденуге жетелейді.

**Қорытынды.** Дене шынықтыру курсынан толық өткен студенттердің көпшілігі ересек, ұйымдасқан тұлғаға айналады. Олар өмірдегі қиындықтардан оңай өтеді, жауапты қызметтерді атқарады, талап етілетін қызметкерлер және мамандар ретінде өзін көрсетеді. Осыдан мектептердегі физикалық жүктемелердің рөлін төмендетпеу керек деген қорытынды шығаруға болады. Спортпен айналысу – адамның әлеуметтенуінің сапалы үдерісі.

Дене шынықтыру мен спорт – бұл тек жеке тұлғаның физикалық қасиеттерін, денсаулығын және белгілі бір дағдыларын дамытуға тиімді фактор ғана емес, сонымен қатар, бұл әлеуметтену үдерісінің және салауатты тұлғаны қалыптастырудың көрінісі болып табылады.[3].

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

1. Аслаев С. Т., Аслаев Т. С., Петров А. Н. Исследование мотивации к занятиям физической культуры у школьников. // Проблемы современного педагогического образования, 2018. С. – 24-27.
2. Бароненко В.А., Рапопорт Л.А. Здоровье и физическая культура студента: учебное пособие / 2-е изд., перераб. М.: НИЦ ИНФРА-М, 2014. 336 с.
3. Виноградова Н.Д. Морально-волевые качества личности. М.: Наука, 2013. 265с.
4. Ильин Е.П. Психология спорта. Спб., 2013. 352 с.

УДК 796.332

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫ: ЖЕТІСТІКТЕР МЕН КЕМШІЛІКТЕР

**Ж.М. Есиркепов** - Халықаралық туризм және меймандостық университетінің профессор м.а., Түркістан қ.

**А.А. Әбдіханов** - Ж. Қыдыров атындағы №54 орта мектептің дене тәрбиесі мұғалімі, Қызылорда облысы,

**П.О. Орынбасар** - Халықаралық туризм және меймандостық университетінің оқытушысы, Түркістан қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Қазақстан футболының дамуы, балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту, футбол инфрақұрылымы, клубтардың мемлекетке тәуелділігі, еліміздегі футбол төрешілері және олардың деңгейі және т.б. мәселелер қарастырылады. Қазақстан футболындағы жетістіктер мен кемшіліктер және оларды шешу жолдары жан-жақты баяндалады.

**Кілт сөздер.** Футбол, төрешілік, балалар футболы, чемпионат, стадиондар.

## MODERN KAZAKH FOOTBALL: ACHIEVEMENTS AND DISADVANTAGES

**Zh. M. Esirkeпов** - acting professor of the International University of Tourism and hospitality, Turkestan

**A. A. Abdykhanov** - physical education teacher of Secondary School No. 54 named after zh. Kydyrov, Kyzylorda region.

**P. O. Orynbasar** - teacher of the International University of Tourism and hospitality, Turkestan, Kazakhstan

**Annotation.** This article discusses the development of football in Kazakhstan, the development of children's and youth football, football infrastructure, the dependence of clubs on the State, football referees in the country and their level, etc. The achievements and shortcomings of Kazakhstan's football and ways to solve them are described in detail.

**Keywords:** Football, refereeing, children's football, championship, stadiums.

Біз Қазақстан футболының тарихы бір ғасырдан асады деп мақтанамыз. Сол мақтанышымызға Қазақстанның бүгінгі футболы сай ма? Футбол еліміздегі ең танымал спорт түрі екендігі де белгілі. Қазақстан ФИФА-ның 1994 жылы толыққанды мүшесі атанды. 2022 жылы 25 сәуірде Қазақстан УЕФА-ның 52-ші мүшесі болып қабылданды. 25 сәуірді жыл сайын футбол күні деп тойлап та жүрміз. Жалпы халық арасында футбол туралы келеңсіз пікірлер өте көп. Сондықтан біз бұл мақалада қазіргі футболдағы өзекті мәселелерді жан-жақты талдап, түсіндіріп беруге тырысамыз.

2022 жылдың 28 ақпанда еліміздегі аймақтық футбол федерацияларының дауыс беруі нәтижесінде Қазақстан футбол федерациясының (ҚФФ) Президенті болып Әділет Барменқұловтың сайланғанын футбол сүйер қауым жақсы біледі. Бұл өзгерісті қазақ халқы Қазақстан футболының дамуына жаңа серпін беруі тиіс деп күтті. Еліміздің футбол саласына бұрыннан жаңа дем, жаңа өзгеріс, заманауи көзқарас пен инновациялық тәсілдер қажет екені жасырын емес. Біздің миллиондаған жанкүйерлер де қазақ футболының өркендеуін қалайды. Өкінішке орай, қазақстандық клубтардың еуропалық аренадағы және Қазақстан құрама командасының барлық жастағы ойын нәтижелері жанкүйерлер қауымның көңілінен шыға бермейді. Қазақстандық футбол ұжымдардың барлығы бүгінде - еуропалық клубтық турнирлерде, Еуропа, әлем чемпионаттарының және Олимпиада ойындарының іріктеу жарыстарында аутсайдерлер болып табылады [1]. Алайда, Қазақстан зор әлеуеті пен

ресурстарына ие бола отырып, халықаралық аренада табысты өнер көрсетуге үміттен алатынын атап өтуіміз қажет. Бірақ бұл үшін өңірлердегі футбол федерацияларының жұмысын жандандыру және жүйелеу қажет. Бұл үшін жаңалық ашудың қажеті жоқ. Футбол үшін де, оның игілігі үшін де адал және көп жұмыс істеу керек. Біздің елімізде мүмкіндіктер мен кадрлар жеткілікті.

ҚФФ Президенті чемпионаттың жоғары деңгейде өтуіне бар күш-жігері мен өмірлік тәжірибесін салып, бірқатар өзгерістер жасап, жаңа маусымда өткеннің қателіктері мен кемшіліктерін түзету үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды деп үміттендік. Бірақ үмітіміз су сепкендей басылды. Чемпиондар лигасы, Еуролига, Лига конференциясындағы еліміздің клубтарының сүреңсіз ойындары, Қазақстан ұлттық құрамасындағы өзгерістер футбол сүйер қауымның көңілінен шықпады.

Осы мәселелерге байланысты өз пайымымызды білдіргіміз келеді. Олардың бірқатарына тоқталып, негізгі мәселелерді атап өтеміз.

### **Балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту:**

Біздің ойымызша, ҚФФ басшылығы бірінші кезекте балалар мен жасөспірімдер футболының дамуына баса назар аударуы керек. Қазіргі балалар футболының жағдайы көптеген мәселені түбегейлі өзгертуді қажет етеді. Қазақстанда көшбасшы болатын нағыз таланттар жоқ, егер көшбасшы боларлықтай нағыз таланттар пайда болса, балалар футболы көш ілгері дамытыны сөзсіз. Бүгінгі қазақ балалары тек Месси, Роналду, Мбаппе, Ямал және т.б. жұлдыздарға еліктеп өсіп келеді. Осындай атақты футболшылар өз арамыздан шықпауы, нағыз резервтің болмауы - қиын да күрделі мәселе. Сондықтан клубтар мен құрамалардың халықаралық аренадағы барлық нәтижелері көңіл көншітпейді. Чемпионаттағы клубтардың құрамына қарап - легионерлердің, шетелдік ойыншылардың аттарын көресіз. Ел мен жердің абыройы үшін жан аямай ойнайтын жергілікті жас футболшылар шоғырын өсіріп, шығармай қазақ футболы ешқашан дамымайды. Кезінде «Ақтөбе» клубын чемпион қылған В. Мұханов команда ізбасары болатын балалар мен жасөспірімдер футболын қажетсінген жоқ. Ал, нәтижесінде Ақтөбе клубы осы күнге дейін легионер футболшыларға тәуелді. Мұндай мысалды көптеп келтіре беруге болады. Еліміздегі құстың қос қанатындай, бір-бірін қамшылап отыратын ең үздік деген «Астана» мен «Қайрат» командалары арасындағы ойынның 1-кезеңінде алаңдағы 22 футболшының 19-ы өзге ұлттың ойыншылары жүрді. Мұндай беталыспен қазақ футболы қалай дамиды? 20 миллион тұрғыны бар Қазақстанда бар болғаны 11 талантты футболшыны тәрбиелеп, шығаруға қандай кедергілер бар - деген көкейкесті мәселе туындайды [2]?

Мұндай мәселеден шығудың бірден-бір жолы өз бапкерлерімізді даярлау. Қазіргі футболдағы жаттықтырушылардың көпшілігі бір кездегі футболшылар. Олар баланы футболға баулудың қыр-сырын меңгере қоймаған. Қазіргі жүйеде әлдебір семинарға қатыса салып, «білікті бапкер» атанып шығуға болады. Ең алдымен, бізге білікті бапкерлерді анықтайтын, даярлайтын орталық қажет. Бір мезгілдік нәтиже, бір маусымдық жеңіс қазақ футболының мәселесін шешпейтіні түсінікті.

Балалар мен жасөспірімдер футболын дамытуға тағы бір кедергі - бапкерлер жалақысының төмендігі мен футбол үйірмелерінің ақылы болуы. Қазіргі таңда Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың қолдауымен елімізде балаларға арнап салған футбол алаңдары көптеп салынып жатыр, бірақ оларда көбінесе балалар емес, ересектер бос уақытын өткізуде. Осы бағыттағы ұсақ-түйек мәселелер көп. Осындай болмашы мәселелер жинала келе, қазақ футболының келешегіне кері әсерін тигізетіні сөзсіз.

Қазіргі ҚФФ басшылығы осындай шағын мәселелердің алдын алып, еліміздің облыстары мен қала, аудан-ауылдарында жергілікті жаттықтырушылардың сапалы жұмыс істеуіне назар аударуы қажет. ҚФФ мен аймақтық федерациялар оларды заманауи және дамыған дайындық бағдарламаларымен қамтамасыз етіп, балалар мен жасөспірімдер арасындағы жарыстарды жиі ұйымдастыруы керек, сонымен қатар, аймақтарды материалдық тұрғыдан қолдап, жергілікті әкімшілікпен бірлесіп - 5-10 мың адамдық



заманауи стадиондар салуға ықпал етуі тиіс. Осыдан 10 жыл бұрын ҚФФ-сы футбол негіздерін ауқымды реформалау туралы «ҚР Балалар-жасөспірімдер футболының 2012-2022 жылдарға арналған тұжырымдамасы» атты заманауи супер жобаны іске қосты. Осы тұрғыда бір ғана сұрақ туындайды: «Оның нәтижесі қайда?». Ал, оны жүзеге асыруға миллиардтаған теңге жұмсалғандығы белгілі.

Тұжырымдаманың технологиялық негізі ретінде дамудың немістік моделі таңдалды. Оның стратегиясы қазақстандық футбол дәстүріне сай келеді деп жар салды. Бастамасы жақсы басталды. Өңірлерде футбол орталықтары ашылды. Бірқатар облыстарда бұл жай ғана футбол БЖСМ бөлімшелерінің атауын өзгерту арқылы орындау туралы есеп беру үшін жасалды. Бірақ жобаның ең мықты тұсы - оларда шетелдерден орыс тілін білетін жоғары білікті мамандар жұмыс істей бастады. Федерация мамандандырылған футбол орталықтарындағы техникалық директорлардың жалақысын төледі. Оның қарамағында жергілікті кадрлардан 10 жаттықтырушы болды. Олардың барлығы «Футболдың жаңа тенденциялары бағдарламасы» бойынша оқудан және қайта оқытудан өтті. Бағдарламаны іске асырған 10 жылдан кейін біз қандай нәтижені көріп отырмыз? Ұлттық құрамада, Қазақстан жастар құрамасында әлі де легионерлер бар. Ал, Бразилиялық «Оле Бразил» академиясының тәрбиеленушілері қайда? Бұл бағдарламалар мен стратегиялардың барлығы қағаз жүзінде болса, ешқандай нәтиже болмаса, қандай қажеттілігі бар? Сондықтан футболдың жаңа басшылығына бұл мәселеге мұқият назар аудару қажет болатын.

#### **Футбол инфрақұрылымы:**

Біздің футболдың екінші өзекті мәселесі - елде УЕФА мен ФИФА-ның барлық талаптарына сай келетін футбол стадиондарының жоқтығы. Футбол инфрақұрылымы - Қазақстан футболының нағыз қасіреті деуімізге толықтай негіз бар. Тәуелсіздіктің 33 жылы ішінде біздің спорт шенеуніктеріміз, ең болмағанда, әрбір облыс орталығында жаңа заманауи стадион салынуына ықпал етпеуі өте өкінішті. Мұндай стадиондар тек Астана мен Түркістан қаласында салынды. Түркістан қаласында салынған «Түркістан-Арена» стадионы пайдалануға берілгеннен кейін бір маусымда ғана қызмет көрсетіп, қайта күрделі жөндеуден өту үшін жұмысы тоқтатылды. Қалған облыстардағы миллиардтаған қаражат ескі футбол ареналарын жөндеу жұмыстарына немесе бірнеше рет қайта құруға жұмсалды. Осылайша жергілікті басшылыққа қаражатты игеру және футбол аренасының дайын екендігін хабарлау тиімді болды [3].

Футболшылардың нағыз бас ауруы - бұл футбол алаңдарының сапасы, яғни, ойын көгалдары. Табиғи көгалдар елдің екі стадионында ғана бар. «Астана-Арена» алаңына жасанды көгал төселген. Кез-келген спортшы немесе спорт дәрігерлері «Полиамид қосылған полиэтилен», «Пропилен» талшықтарының алаңында ойнау және жаттығу жасау қаншалықты адам ағзасына зиянды екенін айтып береді. Әсіресе, жазғы ыстықта? Бұрын жасанды алаңдар жылдың қысқы, көктемгі және күзгі кезеңдерінде, Қазақстан қалаларында жаңбыр мен қар жауатын табиғи шөптерге балама болып есептелген. Қазіргі таңда ойыншылардың жарақаттануы осы жасанды көгалда көп кездеседі. Жасанды көгалдарда доптың серпілісі әр түрлі, еден қатты, бұл омыртқаларға, тізе буындарына ауыр әсер ететіні белгілі. Бұл туралы кез-келген спорт дәрігерлері мен футболшылар нақты жауап бере алады.

Футболдағы инфрақұрылым туралы көптеген қордаланған мәселелерді тізіп айта беруге болады, өйткені Қазақстанда мұндай мәселелер өте көп. Неліктен УЕФА мен ФИФА халықаралық матчтарды біздің қалаларымызда өткізуге рұқсат бермейді? Неліктен әр матчтан кейінгі сұхбатта шетелдік футболшылар көгалдардың сапасы туралы жағымсыз сөздер айтады? Бұл мәселеге бас ауыртып жатқан бірде-бір басшы жоқ.

Көптеген стадиондарда жарықтандыру сапасы заман талаптарына сәйкес келмейді. Сондықтан еліміздің көптеген қалаларында матчтардың басталуы жанкүйерлер үшін қолайсыз, ыстық және күндізгі уақытта болады. Стадиондардың жоқтығынан көптеген

клубтар Астанада матчтар өткізеді. Бұл сүйікті командасына қолдау көрсететін футбол жанкүйерлеріне де өте тиімсіз.

### **Төрешілік:**

Жасыратыны жоқ, әр маусымда ҚР Кубогы мен отандық чемпионаттағы ойындарда төрешілікке байланысты жанжалдар көп туындайды. Нағыз футбол мамандары мұны бірден байқай алады.

ҚФФ-сы төрешілер мен клубтарға қатысты осындай заңсыздықтар үшін жазаны күшейтуі керек. Бір сөзбен айтқанда, біздің отандық футбол әр түрлі деңгейдегі сыбайлас жемқорлықтан тазартылмай әлемдік аренада атой салатын ойыншылар мен клубтарға жарымайды. Бұл мәселе ешқандай дәлелдеуді қажет етпейді.

Қазіргі таңда ҚФФ-сы төрешілердің кәсіби біліктілігін арттыру үшін үлкен жұмыстар атқаруда. Семинарлар, оқыту курстарын өткізеді, төрешілерді Түркияға және басқа алыс-жақын шет елдерге оқу-жаттығу жиындарына қатыстырып, халықаралық матчтарға қызмет көрсетуге үздіктерді жібереді. Біздің елімізде қабілетті жас кадрлар жеткілікті. Тек олардың кәсіби біліктілігі мен шеберліктерін дамыту үшін кешенді жоспар қажет.

### **Клубтардың мемлекетке тәуелділігі:**

Жасыратыны жоқ, Қазақстан кәсіби футбол клубтарының нәтижелері - бұл аймақ әкімінің спортқа деген көзқарасының имидждік көрсеткіштерінің бірі. Бұл әрине құптарлық жағдай. Бірақ оның жағымсыз жақтары да бар. Бұл клубтарды мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру мәселесі. Жақсы жағы - бір орында тұрмай, аймақтағы футбол дамып келеді. Ал, жағымсыз жағы - клубтар футболдан ақша табуды қаламайды және көздемейді. Қазіргі қазақ футболындағы қандай да бір клубты алып қарасақ, оның сыртында «әкім» тұрады. Себебі, біздегі футбол клубтарының тағдыры жергілікті әкімдердің қолында. Клубтар бюджеттің қаржысына тәуелді. Бүгінгі Премьер-лигадағы кез келген команданың шеберлігіне қарап отырып-ақ сол облыстағы әкімнің футболға деген қызығушылығының қандай деңгейде екенін бағамдай беруге болады. Сайып келгенде, жергілікті футбол осы саланы басқаруға тағайындалған маманға және де бюджеттен бөлінген қаржының мөлшеріне байланып қалған. Клубты басқар деп әкім тағайындаған тұлға не істеп, не қоятынын білетін маман болса әңгіме басқа. Қазір дүние жүзінде футбол саласы көз ілеспес шапшандықпен дамып келеді. Ал, әкім тағайындаған әлгі маман бүгінгі әлемдік процестің талаптарына сай ма? Міне, бар әңгіме осында... Еуропа мен әлемнің барлық жетекші клубтары мемлекет тарапынан субсидия немесе қолдау алмайды. Сондықтан оларда нағыз кәсіби менеджерлер жұмыс істейді. Қазақстандағы футбол клубтарында мемлекеттік бюджеттен басқа кіріс көздері жоқ. Ізденбейді. Тек біздің елде ғана футболды - боксшылар, гимнастшылар, дзюдошылар, ауыр атлеттер, тіпті самбошы әйелдер де басқара алады. Бұл өте өзекті мәселе.

Футболға үнемі мемлекеттің қолдау көрсетуі және елімізде футбол менеджерлерінің болмауы клубтарды ақша табуға ынталандырудан айыратыны сөзсіз. Сонымен қатар, агенттерді қолданатын әртүрлі көлеңкелі схемалар қолданылады. Сондай-ақ, алдымен ойыншылардың құқықтарын ұсынатын, содан кейін қорғайтын бұл танымал агенттер «сапасыз тауарларды» ұсынады. Миллиардтаған теңге табатын ойыншылар ашығын айтқанда жоғары деңгейге сәйкес келмейді, ал келісім-шарт сомасы көбінесе бірнеше есе артады. Сондықтан осы бағытта ҚФФ-ның басшылығы бірқатар өзекті мәселелерді шешуі керек. Клубтар шұғыл түрде қаржы табуға үйренуі керек. Қазіргі замандағы кәсіби футбол - бұл бизнес. Біріншіден, клубтар футболшылардың жалақысын азайтып, мысалы, ең төменгі мөлшерді белгілеуі керек. Екіншіден, әр жеңіске, шартты түрде, гол соққан ойыншы мен гол соғуға мүмкіндік жасаған ойыншыға бекітілген сомадан 10 есе артық сыйақы алуы тиіс. Бұл ынталандыру жүйесі ойыншыларға алаңға ерекше жігермен, тек жеңіске жету үшін шығуға тың күш беретіні сөзсіз.

Футбол, ең алдымен, көрермендерге арналған. Бұл спорт әлемдегі бірінші спорт түрі екендігі бекер емес. Жүздеген әлемдік теледидар арналары ойынды тікелей көрсететін

трансляция құқығын сатып алады, ойындар таратады, миллиондаған қаржы табады және осы клубтардан қаржы түсіреді. Қазіргі жаһандық деңгейдегі барлық инновациялық және заманауи технологияларды Қазақстанда да қолдануға болады. Бірақ бұл үшін КФФ-ның басшылығында өз жұмысына жауапкершілікпен қарайтын адал және құрметті адамдар болуы керек. Сонда ғана қазақ футболының өрісі кеңейеді. Жанкүйерлерді жеңісті сәттермен жиі қуантады деп санаймыз.

Барлығымыз футбол үшін алаңдап, ішкен асымызды жерге қойып, өзіміздің сүйікті командаларымыз үшін жанкүйер боламыз. Бірақ командалар өз жанкүйерлерін қуанышты сәттермен жиі қуанта алмауда!

Жоғарыда атап өткен түйткілді мәселелер еліміздегі футболға қатысты бір парасы ғана. Дәл қазіргі қазақ футболына үлкен өзгерістер мен заманауи реформа қажет. 27.08.2024 жылы Париж Олимпиадасының жеңімпаз, жүлдегерлерімен кездесуінде Мемлекет басшысының ел спортын басқарып отырған лауазымды тұлғаларға қарата айтқан кемшіліктермен күресу бағытындағы ескертулерінен қорытынды шығарып, балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға күш салса, қазақ балаларының да бағындыратын биіктері көп болатынына сенім мол.

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

1. Құрманбаев Б.І. Қазақ футболындағы өзекті мәселелер, дамыту жолдары. - Республикалық конференция материалдары. - Шымкент, 2023. - 425 б.
2. Молдабеков М. Қазіргі футболды дамытудың өзекті мәселелері. Ізденіс-Қз.-Қызылорда, 2022. - 160 б.
3. Көпсажар Б.Ж, Есіркепов Ж.М, Қуатбеков Ш.Н. Қазақстан футболының қазіргі мәселелері және оны шешу жолдары. «Жоғары оқу орындары мен колледж, мектептерде дене тәрбиесі құралдары арқылы жастардың рухани-интеллектуалдық деңгейін қалыптастыру жолдары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы 2022 жылғы 30 наурыз. - 440 б.

УДК 371.11

### **ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ МЕН СПОРТТЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ**

**Ш.Н. Қуатбеков - Қорқыт Ата атындағы ҚУ аға оқытушысы, Қызылорда қ.,  
Е.Қ. Байжанов - Қорқыт Ата атындағы ҚУ аға оқытушысы, Қызылорда қ.,  
Б.Ж. Көпжасар - Қорқыт Ата атындағы ҚУ аға оқытушысы, Қызылорда қ.,  
Ж.М. Есіркепов - ХТМУ профессор м.а., Түркістан қ., Қазақстан**

**Андатпа.** Бұл мақалада Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның қара шаңырағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 1937 жылы негізі қаланғаннан бастап осы кезеңге дейінгі дене шынықтыру және спорттың дамуы және қалыптасу кезеңдері қарастырылады. 1988 жылы «Дене шынықтыру және спорт» факультетінің ашылуына еңбек сіңірген тұлғалардың еңбектері, университет басшыларының дене шынықтыру мен спортты дамыту бағытындағы қолдаулары жан-жақты талданады. «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының білікті дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлаудағы атқарып жатқан ауқымды жұмыстары, ғылыми бағыттары, түлектердің ғылым саласындағы жетістіктері, спорттық үйірмелердің жұмысы, материалдық-техникалық базаны күшейту бағытындағы жұмыстары баяндалады.

**Кілт сөздер.** Дене шынықтыру және спорт, ғылым, жарыс, спорт тарихы, спорт маманы, спортшылар, бұқаралық спорт, ғылыми-зерттеу жұмысы.

## STAGES OF DEVELOPMENT AND FORMATION OF PHYSICAL CULTURE AND SPORTS AT KORKYAT ATA KYZYLORDA UNIVERSITY

**Sh. N. Kuatbekov** - senior lecturer of KORKYAT Ata KU, Kyzylorda,  
**E. K. Baizhanov** -senior lecturer of KORKYAT Ata KU, Kyzylorda,  
**B. Zh. Kokzhasar** - senior teacher of KORKYAT Ata KU, Kyzylorda, Kazakhstan,  
**ZH. M. Esirkepov** - acting professor of KHTMU, Turkestan, Kazakhstan

**Annotation.** This article discusses the stages of development and formation of Physical Culture and sports from the foundation in 1937 to the present period of Korkyat Ata Kyzylorda University, the black shanyrak of education and science in the Syr region. The works of honored persons, the support of the heads of the University in the direction of the development of Physical Culture and sports are analyzed in detail at the opening of the Faculty of " Physical Culture and sports " in 1988. The large-scale work of the Department of " Physical Culture and primary military training " in the training of qualified specialists in Physical Culture and sports, scientific directions, achievements of graduates in the field of Science, the work of sports clubs, strengthening the material and technical base are reported.

**Keywords.** physical culture and sports, science, competition, history of sports, sports specialist, athletes, mass sports, research work.

**Кіріспе.** Құрылғанына 86 жылдан асатын Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның қарашаңырағы әрі түркі тілдес халықтардың өз бабасы Қорқыт Атаның киелі есімін иеленген Қызылорда университеті - білікті кадрларды даярлауда өзінің мол тәжірибесімен ерекшеленетін білім ордасы саналады [1, б. 5]. Сыр өңіріне кеңестік билік ықпалымен 1937 жылы Қиыр Шығыстан көшірілген Корей педагогикалық институтынан бастау алатын университет бүгінгі күні жаңа Қазақстанның жаңарған келбетімен қанатын кеңге жайып, әлемдік білім кеңістігінде өзіндік орнын алып, білім, ғылым саласындағы таңғажайып жетістіктерімен ерекшеленіп келеді [2, б. 13].

1960-1980 жылдары Қызылорда облысы бойынша жалпы білім беретін мектептердегі және Балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріндегі дене шынықтыру мамандары 37,8%-ды құрап, ал Республика бойынша орта есеппен 70%-ды құрады. Алғашқы көрсеткіш Республикалық көрсеткіштен әлдеқайда төмен болды. Осы кезеңде Қызылорда облысында дене шынықтыру және спорт мамандарының жетіспеушілігі қатты сезілді. Бұл мәселені шешу үшін 1972 жылы Қазақ КСР министрлер Кеңесінің Қызылорда педагогикалық институты жанынан дене шынықтыру және спорт факультетін ашу жөніндегі ұсынысты Н.И. Шиндин арнайы мәселе етіп көтерді. Қаулы шыққанымен институттағы материалдық-техникалық базаның нашарлығы және ғылыми атағы мен дәрежесі бар мамандардың, білікті кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты қолдау таппады. Спорт базасының нашарлығы қол байлау болып, сол жылы Қызылордада ашылуға тиіс дене шынықтыру және спорт факультетін Талдықорған педагогикалық институтына ауыстырып жіберді. Сол факультет арада 16 жыл өткен соң 1988 жылы Н.В. Гоголь атындағы педагогикалық институтынан «Дене шынықтыру және спорт» мамандарын дайындау үшін факультет ашуға рұқсат берілді [3, б. 352]. Бұл факультетті ашуда бұрынғы облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы, Социалистік Еңбек Ері, КСРО Жоғарғы кеңесінің депутаты Е.Н. Әуелбековтің, облыстық дене шынықтыру және спорт комитетінің төрағасы, сол кездегі дене шынықтыру және спорт саласы бойынша 1987 жылы Мәскеудегі Н. Крупская атындағы педагогикалық институттың диссертациялық кеңесінде педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғаған, ғылыми дәрежесі бар жалғыз маман Н.И. Шиндинді институтқа ауыстыру жөнінде ұсыныс жасап, облыстағы дене шынықтыру және спорт саласын білікті мамандармен қамтамасыз етуде бұл мәселенің өте өзекті екендігін облыстық партия комитетіне нақты мысалдармен

дәлелдеп, үлкен жұмыстың басталуына себепкер болған сол кездегі институт ректоры, ф.м.ғ.к. А. Айтмухамбетовтың еңбегі ерекше [4, б. 159].

Бұл мақаланың жазылуына университетте дене шынықтыру және спорт факультеті құрылғаннан бері профессор Ж. Егізбаев пен доцент Ж.М. Есіркеповтың бірлі жарым БАҚ беттерінде, университет тарихын баяндайтын мерейтойлық кітаптарында ғана жазылып, жарияланған мақалаларынан басқа арнайы зерттеу нысанына айналмағаны себеп болды. Биыл университетте дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындайтын арнайы мамандықтың ашылғанына 36 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде мыңдаған білікті кадрлар дайындалып, облыс мектептерінде дене шынықтыру мен спорт мамандарының тапшылығы жойылып, еліміздің абыройын әлемге танытқан көптеген саңлақ спортшылар тәрбиеленді. Осы жетістіктерді зерделеп, жан-жақты мұқият талдап, «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының профессор-оқытушыларының сапалы мамандар даярлап, саналы тәрбие берудегі нәтижелі жұмыстары алғаш рет ғылыми тұрғыдан талданып, негіздеме беріледі.

Н.В. Гоголь атындағы педагогикалық институтында жаңадан құрылған кафедраға ұзақ жылдар облыстық білім басқармасында инспектор, облыстық дене шынықтыру және спорт комитетінің төрағасы болған Н.И. Шиндин кафедра меңгерушісі қызметіне тағайындалғаннан кейін институттағы дене шынықтыру мен спорттың тамырына қан жүріп, білікті мамандар дайындау бағытында ауқымды жұмыстар атқарыла бастады. Тәжірибелі маман, п.ғ.к. Н.И. Шиндинге педагогикалық ұжымды басқару, дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлауға жұмылдыру қиынға түспеді.

Жаратылыстану факультетінің базасында 1988 жылы ашылған «Дене шынықтыру және спорт» мамандығына ең алғаш 50 студент қабылданды [5, б. 10]. Бастапқы кезде теориялық дәрістер «Дене шынықтыру және спорт» және «Спорттық-педагогикалық пәндер және биология» кафедраларының базасында өткізілді. Практикалық сабақтар алғашқы кезеңде «Жүзу» пәнін жүргізуге облыс орталығындағы «Дельфин» жүзу бассейнін, «Жеңіл атлетика» мен «Футбол» сабақтарын өткізуге Ғани Мұратбаев атындағы орталық стадионын, «Спорттық пәндер» (баскетбол, волейбол, гандбол) бойынша Х. Бектұрғанов атындағы Балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің ойын залын жалға алып, пайдаланылды. Ал, гимнастика пәні институттың №1 оқу ғимаратының спорт залында, спорттық күрес түрлерінен практикалық сабақтар №6 оқу ғимаратындағы шағын күрес залында өткізілді.

Кафедрада жұмыс істеуге жоғары дәрежелі мамандар, тәжірибелі жаттықтырушылар мен қала мектептерінің білікті мұғалімдері шақырылды. Олардың қатарында: О.В. Кувшинова - гимнастикадан, Е.Н. Постникова - спорттық ойындардан, Р.Ж. Арғынбаева - медицина-биологиялық пәндерден, Ж.Ә. Егізбаев мен В.Б. Мұқашев - дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесінен, В.А.Тян - спорттық-педагогикалық пәндерден, В.В. Мошеев - жеңіл атлетикадан, Р.В. Нам мен Т.П. Бижанов - спорттық күрес түрлерінен, З.У. Оспанова мен Н.Б. Маханова - педагогика-психология пәндерінен және Е.И. Панова - кафедраның аға лаборанты қызметін атқарды. Бұл аталған оқытушы-қызметкерлердің жаңадан ашылған мамандықтың негізін қалап, бір жүйеге түсіп, қалыптасып кетуіне сіңірген еңбектері ұшан теңіз [6, б. 97].

1990 жылдан бастап кафедра өз алдына «Дене шынықтыру және спорт» факультеті болып құрылды. Факультет деканы қызметіне п.ғ.к., доцент Н.И. Шиндин тағайындалып, «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» кафедрасының базасында 3 кафедра құрылды: «Спорттық пәндер» кафедрасының меңгерушісіне Ж.Ә. Егізбаев, «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» кафедрасының меңгерушісіне З.У. Оспанова, «Ұлттық спорт түрлері» кафедрасының меңгерушісі қызметіне Т.П. Бижанов тағайындалып, білікті мамандар дайындау ісінде уақытпен санаспай қызмет жасады [7, б. 278].

Факультет ұжымының ғылыми-шығармашылық белсенділіктерін арттыруда факультет деканы Н.И. Шиндин тынымсыз ізденіспен еңбек етті. Ол факультеттегі

оқытушылардың ғылыммен шұғылдануына барлық мүмкіндіктерді қарастырып, өзі диссертация қорғаған Мәскеудегі жоғары оқу орнымен ғылыми-шығармашылық бағытта әріптестік байланыс орнатуға күш салды. Кадрлардың кәсіби біліктіліктерін арттыру мақсатында Қазақ дене шынықтыру институтының (қазіргі Қазақ спорт және туризм академиясы) сол кездегі ректоры, п.ғ.д., профессор Б.Қ. Қаражановтың қолдауымен арнайы келісім-шарт негізінде оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қол жеткізді. 1-кестеде көрсетілгендей Қазақ спорт және туризм академиясында Ж. Егізбаев, Б.Х. Тютөбаев, Ж.М. Есіркепов, А.И. Абдулхасанов сынды профессор-оқытушылар ғылыми ізденістер жүргізіп, ғылыми-зерттеу тақырыптары бойынша кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғады. Кафедра түлегі, ауыр атлетикадан 4 дүркін әлем чемпионы И. Ильин Қазақ спорт және туризм академиясының докторантурасында білім алып, жоғары білікті ауыр атлеттерді даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздемесін жасап, PhD докторы ғылыми атағын алды.

Қазіргі жаһандану кезеңінде білім беру саласында әлемдік білім кеңістігіне ену барысында озық технологияларды игеру, академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білікті мамандармен және студенттермен алмасудың, халықаралық байланыстарды нығайтудың маңыздылығы өте зор. Осындай қажеттіліктерді ескере отырып әлемдік білім кеңістігіне ену және білікті мамандар дайындау мақсатында кафедра Ресейдің Орынбор мемлекеттік университетімен, Қазан федералды университетімен, М. Танк атындағы Белорусь мемлекеттік педагогикалық университетімен, Будапешт мемлекеттік дене тәрбиесі және спорт университетімен және республикамыздың Алматы, Қарағанды, Тараз, Өскемен, Түркістан, Ақтау, Ақтөбе, Шымкент қалаларындағы әріптес жоғары оқу орындарымен, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі жанындағы Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығымен тығыз әріптестік байланыс орнатылды. Қазіргі таңда аталған шетелдік әріптес оқу орындарында кафедраның түлектері М.К. Мырзабеков пен Т.Д. Бимаханов Қазан федералды университетінде күндізгі аспирантурада білім алып, кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғап, PhD докторы ғылыми дәрежесін алды. Ал, Орынбор мемлекеттік университетінде педагогика магистрі, аға оқытушы Ш.Н. Қуатбеков күндізгі аспирантураны бітіріп, кандидаттық диссертациясын қорғауға дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Кафедрадан 4 ғылым кандидаты мен 3 PhD докторының шығуы кафедраның ғылыми мектебінің қалыптасып, ғылыми әлеуетінің жоғары екендігін көрсетеді.

1992 жылы «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша алғашқы 39 түлек бітіріп, облыстағы жалпы білім беретін мектептер мен спорт мектептеріне жұмысқа орналасып, маман тапшылығының азаюына үлес қосты. 1992-2023 жылдар аралығында кафедра 32 рет түлектерін бітіртіп, облыстағы дене шынықтыру және спорт мамандарының жетіспеушілігін толықтай шешіп, білікті мамандардан қамтамасыз етуде көш бастады. Түлектердің көбісі - Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген спорт шеберлері, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушылары, Қазақстан Республикасының спорт шеберлері, Халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, Халықаралық дәрежедегі төрешілер, Қазақстан Республикасының Жоғары Ұлттық дәрежедегі төрешілері, Әлем және Азия чемпионаттарының жеңімпаздарымен мен жүлдегерлері. Олар облыстық, республикалық, әлемдік деңгейдегі жарыстарда облысымыздың, Қазақстанның намысын лайықты қорғап келеді.

1996-1997 оқу жылында «Дене шынықтыру және спорт» факультеті және 3 кафедра «Жаратылыстану және экология» факультетінің «Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» кафедрасы ретінде қайта құрылды. Бұл жылдары 4 мамандық бойынша мамандар дайындалды: «Дене шынықтыру мұғалімі және спорт жаттықтырушысы»; «Дене шынықтыру мұғалімі», «Емдік дене шынықтыру және классикалық массаж»; «Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық мұғалімі» және «Спорт менеджері».

Кафедра 1996-1997 оқу жылынан бастап «031240 - Алғашқы әскери дайындық» бағыты бойынша арнайы мамандар дайындауды бастады. 1998-1999 оқу жылында кафедра «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» кафедрасы ретінде қайта құрылып, өңірдегі дене шынықтыру және спорт және бастапқы әскери дайындық саласына мамандар дайындау ісінде өзіндік үлесін қосып келеді.

Ректор Қ.А. Бисеновтың тікелей қолдауымен «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1-курс студенттері шаңғы спортынан оқу практикасын 2004-2020 жылдар аралығында үзіліссіз Ақмола облысы, Щучинск қаласындағы «Бурабай» шаңғы базасында өткізіп келді. Шаңғы спортынан оқу практикасын еліміздің ең ғажайып, табиғаты көркем өлкесінде өткізу республикадағы ешқандай оқу орнында қарастырылмағанын атап өткеніміз жөн. Бұл университет басшылығының болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарына қысқы спорт түрлерінің (шаңғы, коньки тебу, хоккей ойнау) қыр-сырын үйренуіне жасаған үлкен қолдауы болып табылады.

2017-2018 оқу жылында ректор Қ.А. Бисеновтың басшылығымен өскелең ұрпаққа салауатты өмір салтын насихаттап, Сыр өңірінен шыққан атақты спортшылармен таныстырып, оларды мақтан тұтып, үлгі алып, Туған Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастырып, спорттық даңқты әрі қарай жалғастыратын жастарды тәрбиелеу, насихаттау мақсатында университеттің №9 оқу ғимаратынан «Спорт даңқы мұражайы» ашылды. Мұражайда 200 ден астам үздік спортшы-түлектер мен 30 дан астам спорт мектептерінің директорлары, әртүрлі спорт федерацияларының Президенттері болған түлектердің суреттері, дипломдар, түрлі сувенирлер, елімізде және шетелде өткен әлемдік деңгейдегі жарыстардың бойтұмарлары, түрлі деңгейдегі жарыстардан жеңіп алған кубоктар мен медалдар, кафедраның негізін қалаған, профессор Н.И. Шиндин мен спорт ардагері, ғалым-педагог Ж. Егізбаевтың ғылыми-әдістемелік еңбектері қойылған стендтер, ҚР Еңбек сіңірген спорт шеберлері И. Ильин, Қ. Қоңқабаев, А. Сұлтанғали, М. Вольнова, А. Өтешов, Ә. Серікбай, Ә. Далиева, М. Жаңбырбай, А. Зайчиковтердің мұражайға табыстаған ескерткіш сыйлықтары, әлемдік спорт сайыстарында киген спорттық киімдері қойылған. Бұл мұражайдың Отанын шынайы сүйетін, намысшыл жастарды тәрбиелеуде университет пен облыс тарихында алатын орны ерекше.

2011 жылы ашылған «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені университеттің спорт саласындағы жаңа жетістіктерінің жарқын көрінісі деуге болады. Бұл әмбебап спорттық-сауықтыру кешенінің салынып, университет балансына берілуіне ректор Қ.А. Бисеновтың табандылығы мен іскерлігін, бастаған істі аяғына дейін жеткізетін қайсарлығын атап өтуіміз қажет. Кешеннің жалпы аумағы 3294,86 м<sup>2</sup> құрайды. Бірінші қабатында 36x18 м ойын залы, екінші қабатында тренажер залы, массаж кабинеті және 25x11 м жүзу бассейні бар. Бұл спорт кешенінде жыл бойы Республикалық және халықаралық деңгейдегі спорт жарыстары мен турнирлер, студент жастар мен оқытушы-профессорлар арасындағы дәстүрлі спартакиадалар, студенттерге арналған спорт үйірмелері, «Дене шынықтыру және спорт» БББ үшін арнайы практикалық сабақтар өткізіліп, мемлекет басшысының берген тапсырмасын орындауда жаңа мүмкіндік көзіне айналды.

2007-2011 жылдар аралығында Б.К. Момынбаев ректор болған кезеңде футболдан университет құрама командасы 2010 жылы тұңғыш рет Астана қаласында өткізілген ҚР БҒМ-нің ауыспалы кубогын жеңіп алды. Университет базасында республикалық деңгейдегі бірнеше жарыстар өткізіліп, спортшы-студенттердің спорттық шеберліктері шындалды. Командалық спорт түрлерінің бірыңғай спорттық киімдері жаңартылып, спорттық үйірмелердің саны артты. Профессор-оқытушылар мен қызметкерлер, студент жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, спорттың бұқаралығын арттыру бағытында кешенді іс-шаралар ұйымдастыру жалғасын тапты.

Қазіргі таңда университет ректоры Б.С. Каримованың басшылығымен университеттік ғылымды дамытуға баса назар аударылды. Университет алғаш рет QS World University Ranking - 2024 халықаралық рейтинг агенттігінің талдауы бойынша ТОП-1200-1400

орынды иемденді. UI Green Metric әлемдік рейтингіне қатысып, беделді тізімде 1015 орынға тұрақтады. Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі өткізетін «Сұранысқа ие жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингі» қорытындысы бойынша 7-орынды иелене отырып, ҚР ТОП-10 үздік жоғары оқу орнының қатарына кіріп отыр. Сонымен қатар, университет базасында Оңтүстік Корея Республикасы Үкіметінің қолдауымен Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетімен (SeulTech) ынтымақтастық аясында «Жасанды интеллект және информатика» жоғары мектебі ашылды. Бұл әлемдік білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті үздік университеттердің қатарына қосылып, жастардың білім деңгейін көтеріп, бәсекелестікке төтеп беретін сапалы мамандар дайындау ісінде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардың бір парасы деуге толық негіз бар [8, б. 1]. Сонымен қатар, ректор Б.С. Каримованың спортқа шынайы көзқарасының нәтижесінде университет территорияларында стандартты ашық спорт алаңдары салынып, жасанды төсенішпен жабдықталып, спорттық базаның нығаюына бағытталған ауқымды жобалар жүзеге асырылуда.

2012-2013 оқу жылының қорытындысы бойынша Ж.М. Есіркепов Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын жеңіп алып, грант аясында Санкт-Петербург қаласындағы П.Ф. Лесгафт атындағы Ұлттық мемлекеттік дене шынықтыру және спорт, денсаулық университетінің базасында кәсіби біліктілік арттыру курсынан, Мәскеу мемлекеттік дене шынықтыру және спорт университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті. Бұл кафедра тарихындағы үлкен жетістік ретінде профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-зерттеу жұмыстарын арттыру бағытындағы ізденістерін күшейтуге ынталандырды.

2023 жылы университеттің 85 жылдық мерейтойы аясында профессор Жақсыбек Егізбаевтың атындағы дәрісхана ашылды. Бұл дәрісхананың студенттерге сапалы білім мен тағылымды тәрбие берудегі маңызы өте үлкен. Дәрісхана дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі пәніне арналған көрнекілік стендтермен, спорттық нақыл сөздермен безендіріліп, тарихи суреттерден сыр шертеді. Қазақ спортының маңдайына біткен спорт саңлақтары Ш. Белтекұлы, Ә. Айханов, Ә. Нұрмаханов, Ғ. Қосанов, Ә. Тұяқов, Ә. Жармұхаметов, А. Бұғыбаев, О. Жарылғапов және қазақтан шыққан тұңғыш спорт ғалымы, профессор М. Тәнекеевтің өмір деректері мен жетістіктері жазылған арнайы стендімен жабдықталған.

Университетте 2001 жылдан бастап «Сыр сымбаты» спорт клубы жұмыс жасайды. Спорт клубтың басты мақсаты - студенттердің спорттық шеберліктерін шыңдау, әріптес оқу орындарымен байланысты нығайту, салауатты өмір дағдыларын ұстану, профессор-оқытушылар мен қызметкерлер, студент жастар арасында спорт түрлерінен жарыстар мен спартакиадалар, турнирлер ұйымдастыру [9, б. 237]. Университет басшылығы спорт клуб жұмысына әрдайым қолдау көрсетіп келеді. Оның нақты көрінісі Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындары студенттері арасында өтетін жазғы Универсиадаға белсенді қатысуы, университетте жүйелі түрде жүргізілетін спорт секцияларының жұмысын атап өтуге болады.

Кафедра өзінің 36 жылдық тарихында спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының 120 дан астам Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 180 нен астам Қазақстан Республикасының спорт шеберлерін шығарып, еліміздегі білікті мамандар даярлайтын үздік кафедралардың санатына қосылады. Түлектердің барлығы Республикалық және Халықаралық деңгейдегі спорт сайыстарында еліміздің намысын қорғап, мәртебесін көтеруде аянбай тер төгіп келеді.

Университетте осындай ауқымы кең, деңгейі биік жұмыстар нәтижесінде еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың берік негізі қаланып, әлемдік білім кеңістігіне іркіліссіз енудің барлық алғышарттары жасалуда. Университетте дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлайтын факультет, кафедра құрылғаннан осы кезеңге дейін мыңдаған кәсіби білікті мамандар даярлап шығарды. Олар еліміздің әр



өңірінде дене шынықтыру және спорт саласының қарыштап дамуына, аймақтағы жалпы білім беретін мектептер мен спорт мектептерінде ел игілігі үшін жемісті еңбек етіп, салауатты ұрпақ қалыптастыру ісінде атқарып жасатқан еңбектері ұшан теңіз. Түлектердің арасында атақты спортшылар, оқытушы-ұстаздар, ғалым-педагогтар көптеп саналады.

Бүгінде аймақтың білім, ғылым, мәдениет ордасы болып қалыптасқан университеттің болашағы жарқын, келешегі кемел деуге толық негіз бар.

### ***Әдебиеттер тізімі:***

1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті: Қалыптасуы мен даму жолдары / Құраст. Ғ.Тұяқбаев, Ж.Майгельдиева, Қ.Омаров. - Алматы: Фолиант, 2012. - 368 б.
2. Сыр еліндегі іргелі білім ордасы / Бас редакторы Қ.А.Бисенов. - Алматы: «Арыс», 2017. - 472 б. 159 б.
3. Егізбаев Ж. Шындық пен ақиқаттың ақ семсері. Жинақ. - Шымкент, 2011. - 440 б.
4. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті /Құраст. А.Жүнісов, Қ.Омаров. - Астана: Фолиант, 2022. - 215 б.
5. Азаматов С.Ж. Университеттің байырғы факультеті // Зерде, 2000. - №4. - 9-13 б.
6. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті / Құраст. Қ.Омаров. - Астана: Фолиант, 2017. - 192 б.
7. Мұстафаев С.Ш., Егізбаев Ж., Көпжасар Б.Ж. Тәуелсіздік жылдарындағы Қорқыт Ата университетіндегі дене шынықтыру мен спорттың дамуы және қалыптасу тарихы // Қазіргі заман және гуманитарлық ғылым. 9-шы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы: ҚазСТА, 2023. 7-8 қараша. - 277-281 б.
8. Кәрімова Б. Ғылыми әлеует артып, халықаралық байланыс нығаюда // Білімді ел. - Астана, 2023. - №48 (308). - 1 б.
9. Көпжасар Б.Ж., Мощеев В.В., Есиркепов Ж.М. Қорқыт Ата университеті: «Дене тәрбиесі» кафедрасы мен «Сыр сымбаты» спорт клубының қалыптасу кезеңдері және жетістіктері // Қазіргі заман және гуманитарлық ғылым. IX-шы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы: ҚазСТА, 2023. 7-8 қараша. - 236-240 б.

УДК 796.012.13

### **ҚЫСҚА ҚАШЫҚТЫҚҚА ЖҮГІРУ ТЕХНИКАСЫНЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН СИПАТТАМАСЫ**

**Ә.Ж. Тастанов - педагогика ғылымдарының кандидаты., доцент,  
М.А. Қасымбеков - педагогика ғылымдарының кандидаты., доцент,  
Ж.С. Аканбаева - педагогика ғылымдарының магистры,  
А. Әлімбек - « Жеңіл атлетика, қысқы және күрделі-техникалық спорт  
түрлері» кафедрасының 4-курс студенті,  
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ, Қазақстан**

**Аңдатпа.** Кез келген адам өз өмірінде белгілі бір уақыт арасында жеңіл атлетиканың жүгіру түрімен айналысады және бұл спортты бастағанда белгілі бір мақсаттар қойып соған қол жеткізуге тырысады. Мысалы адам бойына қажетті дене қасиеттерін арттыру ( төзімділікті, күштілікті, жылдамдықты) немесе жарыста топ жарып, жеңімпаз атану және т.б. Сол себепті мақаланың мазмұнында жеңіл атлетика спорт түріндегі қысқа қашықтыққа жүгіру техникасының мазмұндық ерекшеліктерінің сипаттамасына жан-жақты тоқтап байандауды жөн көрдік.

**Кілт сөздер:** Спортшының қозғалыс әрекетін, қысқа қашықтық, дене жағдайы, техникалық шеберлік, сәреден шығу, мөре сызығы.

## CONTENT FEATURES AND DESCRIPTION OF THE TECHNIQUE OF RUNNING SHORT DISTANCES

**A.Zh. Tastanov - candidate of Pedagogical sciences., associate professor**  
**M. A. Kasymbekov - candidate of Pedagogical sciences., associate professor**  
**Zh. S. Akanbayeva - master of Pedagogical Sciences**  
**A. Alimbek - 4th year student of the Department "athletics, winter and complex technical sports",**  
**Kazakh Academy of sports and tourism, Almaty, Kazakhstan**

**Annotation.** Any person between a certain time in his life is engaged in the running type of athletics, and when starting this sport, he sets certain goals and tries to achieve them. For example, improving the necessary physical qualities of a person ( endurance, strength, speed) or winning a competition, etc.

**Keywords:** motor activity of the athlete, short distance, body position, technical skill, exit from the shelf, finish line.

Кез келген адам жүгіру спорт түрімен айналыса бастағанда алдына белгілі бір мақсаттар қояды. Мысалы адам бойына қажетті дене қасиеттерін арттыру ( төзімділікті, күштілікті, жылдамдықты) немесе жарыста топ жарып, жеңімпаз атану және т.б. Спортпен айналысу барысында жоғарыда айтылған үміттің болмауы мүмкін де емес. Бірақ, әрбір спортшыға үнемі жеңіс пен жоғары жетістікке жету жазылмаған. Барлығы да жеңіске жетуді ойлағанымен, тек біреуі ғана жеңеді. Әрине, спорттың қандай түрінде болмасын сол спортшылардың ішіндегі ең мықты әрі дене қуаты дайындығы жоғары, ерік-жігері жетілген спортшы ғана жеңіс тұғырына шыға алады. Спорт дәл осындай қиян-кескі бәсекеге толы болуымен де тартымды бола бермек.

Спорт әрдайым спортшыны жеңіске жетуге мәжбүрлейді және бұл жерде тек қана күшті, шыдамдылықты дамыту, мінез-құлықты реттеулер аздық етеді. Жоғары жетістікке жету үшін спортшы өзі айналысатын спорт түрінің бес түрлі дайындығын толық жетілдіру керек. Олар: дене дайындығы, теориялық, техникалық, тактикалық, психологиялық және тағы басқада дайындықтарды талап етеді. Міне, спортшы өзі таңдаған спорт түрінде осы аталған дайындық түрліні жан-жақты жетілдіріп өз бойында жақсы қалыптастыра білсе, сөзсіз жоғары жетістіктерге қол жеткізе алады. Сол себепті бұл жұмыстың мазмұнында спорттың патшасы деп аталатын жеңіл атлетика спорт түрінің ішіндегі қысқа қашықтыққа жүгіретін жалалақтардың техникалық дайындығын жоғарылатудың тиімді әрі дұрыс жолдарын сөз етпекпін.

Қазақ спортының дамуына өзінің ерекше елеулі үлесін қосқан Амин Тұяқов ағамыз кезекті бір баспаға берген сұхбатында: «Жылдамдық деген о бастан Құдайдың күдіретімен берілетін нәрсе. Ал, енді оны ары қарай жалғастыру, көзін ашып дамыту жаттықтырушыға, талантты баланың өзінің табандылығына байланысты. Жұрт «тек жүгіре берсе, жақсы спортшы шығады» деп ойлайды. Шынында олай емес, техникасын қапысыз үйрену керек, ол – бір ғылым. Техниканы дұрыс жолға қоймаса талантты баланың түкке де қолы жетпей қалуы мүмкін. Қазір де Қазақстанда жақсы-жақсы спортшылар бар, бірақ олар неге биіктерден көріне алмай жүр? Өйткені, оларды биікке шығаруға бапкерлердің шамасы жетпейді. Біздің кезімізде бір жақсы бала көрінсе, ол тіке Мәскеуге мықты бапкерлердің қолына түсетін еді. Мен өз бетімше көп жаттықтым. Техника жағым ақсап жатты, соны жөнге салу керек болды. Мықты бапкердің қолына Мәскеуге барып, құраманың қатарына

жаттығып жүргенде іліктім», - деген болатын. Тұяқов Амин ағамыздың осы сөздерінен кейін техникалық дайындыққа үлкен мән беру керек екенін түсінеміз.

Ең алдымен, техникалық дайындық дегеніміз не екенін еске түсірейік. Техникалық дайындық деп жарыс жаттығуларын орындауды жоғары деңгейде меңгеру үрдісін айтамыз. Оның негізгі міндеті – спорт түріндегі негізгі қозғалысты шеберлікпен меңгеру, дағдылану. Жеңіл атлетикада сөреден шығу техникасы, бұрылыстармен жүгіру, негізгі арақашықтықты, толық бір арақашықтықты жүгіріп өту техникасы, мәре сызығын кесіп өту техникаларын атап көрсетуге болады.

Спортшы көрсетілген жаттығудың орындау техникасын негізге ала отырып, өз ерекшеліктерін (дене құрылысы, дене қуаты дайындығы, физиологиялық, психологиялық және т.б. қасиеттер) ескеріп орындау керек. Дегенмен, «эталондық» орындау үлгісіне ұмтылған жөн.

Спортшының техникалық дайындығы мынадай бөлшектерден тұрады:

- Техника көлемі
- Техниканың әржақтылығы
- Техника тиімділігі

Спортшының қозғалыс әрекетін әр түрлі жағдайда, әр қалыпта орындай алуын әржақты техникалық дайындығы деп аталады. Жарыс әржақтылығы жаттығу әржақтылығына қарағанда аз, төмен болып келеді. Техника әржақтылығының жеке белгісі тәсілдерді немесе жарыс жаттығуларын оң және сол жақпен орындай алу шеберлігі. Қозғалыс әрекетін орындағанда бір жақты ғана таңдап алу лотаралды орындау деп аталады.

Қозғалыс техникасының тиімділігі дегеніміз спортшының ол қозғалысты өз жеке басының мүмкіншілігін барынша қолдана орындау. Оның орындалуы көптеген себептерге байланысты:

- ұмтылысына
- тактикаға
- дене сапасының дайындығына
- дене мүшелерінің әртүрлілегіне байланысты

Біз техника тиімділігін талдаған кезде оның абсолюттік, салыстырмалы, орындалатын деп аталатын жақтарын да қарастырғанымыз жөн.

Абсолюттік тиімділік кезінде орындалған техника сол техниканың эталондық орындауға жету шегіне жақын орындау.

Салыстырмалы тиімділік кезінде спортшылардың тиімді орындаған қозғалыстарын салыстыру.

Орындалатын тиімділік дегеніміз жаттықтыруда орындалатын техниканы жарыс кезінде қаншалықты тиімді орындалуын тексеру.

Техникалық шеберлікті игеру. Спорттық жаттығу техникасын толық және бөлшектеп, яғни, оның жеке жүйелерін бөлшектеп қарастырады. Күрделі толық бір әрекетті үйрену үшін алғашында оның жеке бөліктерін орындағанда қойылатын қозғалыс талаптарын айқындап алу керек.

Жалпы іс-әрекетті жеке-жеке бөлшектеп игеру, оларда көрініс табатын қозғалыс сапаларын жетік дамыту спорттық-жаттығу техникасын үйретуде шебер орындауға жеткізудің негізгі жолы болып табылады. Жаттығуды талдау бүкіл оқу-жаттықтыру үрдісінде, яғни, бастапқы оқу-үйрету бөлімінен бастап, техникалық шеберлікке жету бөлімінде көрініс табады. Тұтас үйрету әдістемесінде жаттығуды үйрету барысынан тұтастай, яғни, жарыста орындалу қалпында, бірақ жиілігі төмендетіліп орындалады [1].

Ал, бөлшектеп үйрету әдістемесінде тұтас жаттығуды бірнеше қарапайым қозғалыс жүйелеріне бөлуден басталады. Оның әрқайсысы белгілі бір уақыт аралығында жеке жаттығу ретінде қарастырылады. Кейіннен тұтас және бөлшектеп үйрету әдістемелерін бағалау спорттық педагогика, физиология, психология мамандары үшін зерттеу нысанына айналды.

Аса құрметті ғалымдардың ішінен Н.А. Бернштейн бөлшектеп үйрету әдістемесіне мүлдем қарсы болған. Оның ойынша: «Оқу-үйрету мақсатында жаттығуларды бөлшектеу – уақыт пен еңбекті бос жоғалту» еді [2].

Спорттық педагогика мамандарының көбі өздерінің спорттық-педагогикалық тәжірибелері мен жүргізген зерттеулеріне сүйене келе бөлшектеп үйрету әдістемесін дұрыс деп тапты. Олардың ойы бойынша: «Егер біз аса үлкен нәтижеге ұмтылмай, спортшыны қарапайым қозғалыс әрекеттеріне (спорттық жүріс, жүгіру, секіру) үйрететін болсақ, жаттығудың бөлшектеудің қажеті жоқ. Ал, егер біздің мақсатымыз жоғары қимыл шеберлігіне жеткізу болса, онда міндетті түрде жаттығуларды бөлшектеп үйрету қажет»

Қысқа қашықтыққа жүгіруді күрделі бір жаттығу деп қарастырсақ, оның техникасын үйретуде мынадай бөлшектерге бөліп, осындай тәртіппен кезек-кезегімен бөліп қарастырған жөн болады:

- 1 Түзу жолмен жүгіру
- 2 Бұрылыстармен жүгіру
- 3 Жоғарғы сөре және сөрелік екпін
- 4 Төменгі сөре және сөрелік екпін
- 5 Сөрелік екпіннен негізгі арақашықтықты жүгіруге өту
- 6 Бұрылыстан түзу жолмен жүгіруге шығу
- 7 Бұрылыстағы төменгі сөре
- 8 Мәре сызығын кесіп өту

Жүгіру техникасына әсер етуші негізгі факторларды Жилкин А.И. өзінің «Жеңіл атлетика» атты еңбегінде атап көрсетті:

- спортшының жеке бас ерекшеліктері
- спортшының дене қуаты дайындығы деңгейі
- жүгіру арақашықтығы
- жүгіру жолы (төсеніш)
- жергілікті жердің жағдайы

Спортшының жеке бас ерекшеліктеріне:

- аяғының ұзындығы
- буындарының қозғалымы (әсіресе, жамбас, тізе буындары)
- жылдамдық пен төзімділікке әсер ететін қызыл және ақ бұлшық ет

жіпшелерінің арақатынасы

Спортшының дененің күш-қуатының дайындық деңгейі өсіп жоғарылаған сайын жүгіру техникасының тиімділігі мен нәтижелілігіне оң әсерін тигізеді. Бірінші кезекте жүгіру жылдамдығы жүгіру арақашықтығы мен қозғалыс міндеттеріне байланысты. Ал, жүгіру жылдамдығы өз кезегінде жүгіру техникасына әсер етері сөзсіз деп [3]. В.П Филин мен Н.А. Фомин өз еңбектерінде атап өткен.

Осы тұста спортшыларға қоршаған орта (климаттық жағдайлар) да ашық алаңда жүгіру техникасына елеулі әсер ететінін атап кеткен жөн. Мысалы, желдің бағыты мен күші жүгіру техникасының өзгеруіне жағымды да, жағымсыз да әсер етуі мүмкін. Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасына талдау. Қысқа қашықтыққа жүгіретін желайақтардың белгілі бір арақашықтыққа жүгіруін сөре, сөрелік екпін, аралық қашықтықты жүгіру және мәре (қашықтықтың аяқталуы, мәре сызығынан өту) деп бөліп қарастыруға болады.

Сөре. Қысқа қашықтыққа жүгіргенде төмегі сөреден шығу әдісі қолданылады. Төмегі сөреден шығу қалыптың орналасуы тәжірибелік жолмен спортшының жеке бас ерекшеліктеріне қарай, яғни оның бойы, қол-аяғының ұзындығына, сонымен қатар күш – жылдамдық қасиеттерінің даму деңгейімен анықталады. Алдыңғы аяқтың иілу бұрышы 40-50 градус, ал артқы аяқтың иілу бұрышы 60-70 градус, екі аяқтың арасындағы арақашықтық 18-20 сантиметрден аспайды. Ал сөре сызығына аяқ тірегін қондырғының орналасу қалпы әр түрлі болуы мүмкін. Қазіргі таңда негізінен бұл әдістің 3 түрлі нұсқа кеңінен қолданылады: қарапайым, жақындатылған, созылған. Қарапайым сөре кезінде алдыңғы

қалып сөре сызығынан бір немесе бір жарым табан алыс орналастырылса, созылған сөре кезінде екі қалып та сөре сызығынан біршама алыс орналастырылады. Ал жақындатылған сөреде артқы қалып алдыңғысына жақындатылып қойылады, араларындағы арақашықтық табан ұзындығынан аспайды [4].

Сөре сызығына аяқ тірегіштерді орналастыру нұсқасын таңдаған кезде келесі мәселелерді ескерген жөн. Егер аяқты тірейтін қондырғы сөрелік сызықтан алыс орналастырылса, «Дайындал!» бұйрығы бойынша спортшыға аяқтың тізе буынын едәуір түзетуге тура келеді, ал бұл өз кезегінде итерілу кезінде бұлшық етінің күшін пайдалануға кедергі болады. Ал аяқ тірейтін қондырғы өте жақын орналастырылса, спортшының денесі мен аяғы артық бұғу қалпына болып, сөреден шығу кезінде көп уақытын жіберіп алады. Сондықтан аяқ тірейтін қондырғыны орналастыру қалпын таңдағанда аса үлкен жауапкершілікпен қараған жөн.

Төрешінің «Сөреге шық!» бұйрығы бойынша спортшы:

1 Сөре сызығына келіп, аяқ тірейтін қондырғыға алдымен алдыңғы кейін артқы аяғын орналастырып отырады.

2 Екі қолды иық кеңдігінен гөрі кеңдеу ашып, сөре сызығының алдына тіреп қою керек.

3 Қол, шынтақ толық жазылған қалыпта болуға тиіс.

4 Белді аздап ию керек.

5 Дене салмағы қол саусақтары мен тізеге тең бөлініп түсуі қажет.

6 Басты еңкейтіп, көз сөре сызына бағыттау керек (1-сурет).

Осындай қалыпта бар назарды төрешінің «Дайындал!» деген бұйрығын күтуге аудару керек.

Төрешінің «Дайындал!» деген бұйрығы бойынша спортшы:


1 Кейін қойылған тізені аздап көтеру керек.

2 Бөксе екі иықтан сәл биіктеу көтерілсе, бұл дұрыс қалып болып саналады.

3 Дене салмағы төрт тірек нүктесіне (екі қол мен аяққа) тең бөлініп түсуі қажет.

4 Басты еңкейтіп, көзді сөре сызығына бағыттау керек (2-сурет).

Жүгіруді бастағанда найзағайдай атылу үшін бар назарды «Жүгір!» бұйрығын күтуге аудару керек.



Сурет 1 – Төрешінің «Сөреге шық!» бұйрығы бойынша спортшының іс-әрекеті



Сурет 2 – Төрешінің «Дайындал!» бұйрығы бойынша спортшының іс-әрекеті

Төрешінің «Жүгірі!» бұйрығын немесе тапаншаның атылуын естуімен спортшы жеңіл атлет:

1 Саусақтарын жерден серпіле көтеріп, сонымен қатар бір уақытта аяқ тірейтін қондырғыдан итеріледі алға ұмтылады.


2 Артқы аяқ тірейтін қондырғы тұрған аяқ алдыға ілгері ұмтылып, бірінші шығарылады.

3 Жартылай бүгілген екі қолды бар жылдамдықпен алға және артқа сермеу керек.

4 Денені бірден түзеуге мүлдем болмайды (3-сурет).

*Сөрелік екпін алу кезеңі.* Сөрелік екпін алу кезеңі дегеніміз спортшының арақашықтықты бастапқы бөлігін екпіндеп жүгіріп өтуі, оның аяғында үлкен жылдамдық алып, арақашықтық бойынша жүгіруге кірісуі. Мысалы, 100 метрге жүгіруде екпін алу кезеңі шамамен 20-30 метрді құрайды, бұл аралықта спортшы барынша жоғары (максималды) жылдамдықтың 90-95%-ын көрсетеді [4].

Арнайы зерттеулер нәтижесінде спортшы барынша жоғары (максималды) жылдамдықпен сөреден шыққаннан соң 5-6 секундтан кейін жететіні анықталған. Дайындығы жоғары деңгейдегі спортшы 50-60 метр арақашықтық шамасында барынша жоғары жылдамдықты алса, 10-12 жастағы балалар оған 25-30 метр арақашықтықтан кейін жететіні анықталған.



Сурет 3 – Төрешінің «Жүгірі!» бұйрығы бойынша спринтердің іс-әрекеті

Жүгіру жылдамдығы басқан қадамның ұзындығы мен жиілігіне байланысты екені белгілі. Сөрелік екпін алу кезеңінде жылдамдық басқан қадамның жиілігіне байланысты өссе, кейін ол басқан қадамның ұзындығына байланысты өседі. Сөреден шыққандағы бірінші басқан қадамның ұзындығы 100-130 сантиметрге тең. Бастапқы 8-10 басқан қадам ұзындығы бірден 10-15 сантиметрге өссе, кейін басқан қадамның ұзындығының көбеюі тежеліп, 4-8 сантиметрді құрайды.

Сөрелік екпін алу кезеңінде дененің алға еңкейген қалпын сақтау керек, себебі ол екпін алуға септігін тигізеді. Қолымыз тез және қысқа-қысқа серпін жасайды, басқан қадамның ұзындығы ұлғайған сайын қолымызды сермеу амплитудасы да өседі.

Кез келген дәрежедегі және жастағы спортшы 1-ші секундта жылдамдықтың 55%-ына, 2-ші секундта 76%-ына, 3-ші секундта 91%-ына, 4-ші секундта 95%-ына, 5-ші секундта 99%-ына жететіні анықталған [5].

*Негізгі арақашықтықты жүгіріп өту.* Қысқа қашықтыққа жүгіруде жетістікке жету жолы жүгіру жаттығуларын еш қиналмастан, еркін жүгіріп өтуге дағдылану болып табылады. Яғни, ол сол сәттегі белсенді жұмысқа қатыспайтын бұлшық еттерді бос ұстай білу.

Қысқа қашықтыққа жүгірудегі ең басты кезеңі (сатысы) – төрешінің белгі берілген соң алға серпіліп, итерілу шығуы. Адамның бір аяғы екіншісіне қарағанда серіппелі екені

белгілі. Осыны ескеріп, жүгірген кезде басқан қадымды неғұрлым кең ашып жүгіру үшін жақсы серпілетін аяқтың тізесін барынша толық жазуға тырысу керек.

Жүгіру кезінде дененің алға қарай біраз еңкеюі сақталады. Шынтақтан бүгілген қол әр басқан қадамның ырғағына қарай кезекпен ілгері-кейін қозғалыста болады. Саусақтар бос қана бүгіледі. Дәл осы сатыда ең жоғарғы жылдамдық байқалады.

*Мәре сызығын кесіп өту.* 100 және 200 метрге жүгіргенде барынша жоғарғы жылдамдықты арақашықтық аяғын дейін ұстап тұруға тырысу керек, бірақ негізінен мәреге 15-20 метр қалғанда жылдамдық 3-8%-ға азаяды. Қысқа қашықтыққа жүгірудің басқа да кезеңдерінде сияқты мәре сызығынан өтудің өзіндік техникасы мен ерекшеліктері бар.

Мәре сызығын кесіп өтудің ең тиімді тәсілі – соңғы басқан қадамда кеудемен шұғыл алға еңкеюі әдісі. Бұл әдіс дененің жалпы қозғалыс жылдамдығын арттырмайды, бірақ мәре сызығын кесіп өту уақытын жақындатады. Мәреге жақындай келе спортшы арақашықтық аралығында жеткен әр бір қадам жиілігі мен ұзындығын сақтай білген жөн. Демек мәре сызығынан өткенде жылдамдықты тоқтатпай барынша бойдағы күшті жұмсап жүгіріп өту керек.

*200 және 400 метрге жүгірудің ерекшеліктері.* Бұл арақашықтықты жүгіру 100 метрге жүгіруден сөрелік қалыптың орналасуымен және арақашықтықтың алғашқы бөлігін бұрылыстан өтумен өзгешеленеді.

Бұрылыспен жүгіргенде спортшы барлық денесімен айналымның ішкі жағына қарай біраз еңкею керек. Мұнда сол аяғымыз оң аяғымызға қарағанда тізе буынында көбірек бүгулі болады. Бұрылыстағы қолдың жұмысы түзу жүгіру жолымен жүгіргендегі ерекшеленеді, сонымен қатар иығымыз солға біраз бұрылған қалыпта болады. Бұрылыстан шығарда дененің солға еңкею бұрышы бірте-бірте азайады.

Қысқа қашықтыққа жүгіретін желайақтардың 200 метрге жүгіргендегі міндеті – бүкіл арақашықтық аралығында жылдамдығын сақтау. Бұл спортшының еркін жүгіруімен және күш-қуатын үнемді жұмсай білуімен сипатталады. Қазіргі кездегі қысқа қашықтыққа жүгіретін мықты желайақтар 100 метрді түзу жүгіру жолымен салыстарғанда 0,2-0,3 секундқа байау жүгіргеннің өзінде арақашықтықтың екінші жартысында жылдамдығын түсірме сақтаумен қатар арттырып та жатады.

400 метр жүгіру барысындағы ерекшелік – белгілі бір жылдамдықты алғаннан кейін, спортшы осы алған жылдамдығын жоғалтпай еркін, кең қадаммен жүгіруге ауысады. 400 метрге жүгірудегі спортшылардың жылдамдығын кескін түрінде көз алдымызға елестететін болсақ, бірінші 100 метрде жүгіру жылдамдығы жоғары көтеріледі, екінші 100 метр қашықтықта жүгіру жылдамдығы сақталады, үшінші 100 метрде жүгіру жылдамдығы біраз төмендейді, ал төртінші 100 метр қашықтықта жүгіру жылдамдығы әр спортшының жаттығу деңгейіне байланысты болады. Ал, мәреге 70-75 метр қалғанда спортшылардың жүгіру жылдамдығы бірден төмендейді немесе біраз жоғарлап арта түседі.

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

1. Тастанов Ә.Ж., Абилдабеков С.А., Рыскулов О.О. Жеңіл атлетика. Оқу құралы. «Полиграфия Сервис и К», Алматы 2010 92б
2. Кузнецов В.С. Анализ техники легкоатлетических видов. – Москва, 1985. – 78 с.
3. Тастанов Ә.Ж. Таңдаған спорт түрлерінің теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Алматы ТОО «Полиграфия-сервис иК» Алматы-2010.- 12,81
4. Филин В.П., Фомин Н.А. Основы юношеского спорта. – Москва: ФиС, 1980. – 146 с.
5. Филин В.П. Теория и методика юношеского спорта. – Москва: ФиС, 1987. – 128 с.

УДК 796.011.3

## **ИНДИВИДУАЛИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ МАРШРУТОВ В УСЛОВИЯХ КРЕДИТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ И МОДУЛЬНОГО ПОСТРОЕНИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ»**

**М.М. Заманбеков – магистрант, А.С. Канания - магистрант  
Е.А. Тулек – магистрант, Ш.А. Тыныштыкбек - магистрант,  
ОП 7М01401 «Физическая культура и спорт»,  
Жетысуский университет им.И. Жансугурова г. Талдыкорган, Казахстан**

**Аннотация.** Статья посвящена актуальным вопросам психолого-педагогического сопровождения образовательного целого, и образовательной программы «Физическая культура и спорт» в частности, в интересной и доступной форме раскрыли основы психолого-педагогического сопровождения образовательного процесса в условиях введения профессионального стандарта «Педагог» в Республике Казахстан; обосновали психолого-педагогические условия ОП для профессионального и личностного развития обучающихся; раскрыли индивидуализацию образовательного маршрута в условиях кредитной технологии обучения и модульного построения образовательной программы и разработали концептуальные маршруты формирования физического и психического здоровья обучающихся в вузе.

**Ключевые слова:** модернизация, профессиональное и личностное развитие, будущий специалист, физическая культура и спорт.

## **INDIVIDUALIZATION OF EDUCATIONAL ROUTES IN THE CONDITIONS OF CREDIT TECHNOLOGY OF TRAINING AND MODULAR CONSTRUCTION OF THE EDUCATIONAL PROGRAM «PHYSICAL CULTURE AND SPORTS»**

**M.M. Zamanbekov – undergraduates Zhetysu University named after I. Zhansugurov,  
A.S. Kanapiya – undergraduates Zhetysu University named after I. Zhansugurov,  
E.A. Tulek – undergraduates Zhetysu University named after I. Zhansugurov,  
Sh.A. Tynyshtykbek – undergraduates Zhetysu University named after I. Zhansugurov,  
educational program 7M01401 "Physical culture and sports", Taldykorgan, Kazakhstan**

**Annotation.** The article is devoted to topical issues of psychological and pedagogical support of the educational process in general, and the educational program "Physical Culture and Sport" in particular, in an interesting and accessible form, the basics of psychological and pedagogical support of the educational process in the conditions of the introduction of the professional standard "Teacher" in the Republic of Kazakhstan were revealed; psychological and pedagogical conditions of the OP for professional and personal development of students; they revealed the individualization of the educational route in the conditions of credit technology of training and modular construction of the educational program and developed conceptual routes for the formation of physical and mental health of students at the university.

**Keywords:** modernization, professional and personal development, future specialist, physical culture and sports.



Перед современным образованием, основной целью которого является удовлетворение культурно-образовательных потребностей личности, обеспечения общекультурной, научной и профессиональной подготовки специалистов в индустрии физической культуры и спорта, - стоит задача оказать помощь будущему специалисту в сознательном выборе своего профессионального пути, осуществления самоопределения в профессии, совершенствование творческого потенциала и профессионально-значимых качеств личности.

Индивидуализация в образовании провозглашается беспрестанно, особенно вследствие введения нового профессионального стандарта «Педагог» и утверждения приоритетности самостоятельности обучающихся в деятельности.

Установлено, что потребность школ в условиях нового содержания образования способна продвинуть науку быстрее высших учебных заведений. И задаваемые практикой вопросы подтверждают актуализацию потребности осознать, что есть индивидуальный образовательный маршрут и индивидуальная траектория развития, каким способом их можно выстроить для студентов образовательной программы «Физическая культура и спорт».

Стремление студента построить свой образовательный путь, в формировании которого преобладают жизненные ориентиры, личностное начало, прослеживается в последнее время все более отчетливо. Она довольно устойчива и разнообразна по проявлениям, что бесспорно свидетельствует о необходимости ее определения, и ее изучения.

Введение и анализ данного понятия позволяет приблизиться с других точек зрения к вопросу получения профессионального образования, которые связаны с тем, что образование рассматривается в тесной взаимосвязи с жизнедеятельностью студента и магистранта;

- с его ориентациями, целями, планами; с обнаружением вероятных типов, видов, вариантов маршрутов;
- с выявлением механизмов и закономерностей формирования и реализации маршрута;
- с исследованием системы взаимодействия преподавателей и студентов при его осуществлении;
- с изучением сущности сопровождения маршрута.

Универсального рецепта создания ИОМ в настоящий момент нет. Поэтому мы спроектировали и описали свое виденье данной проблемы, для последующего построения модели индивидуализации образовательного процесса на специальности «Физическая культура и спорт».

Концептуальную основу, разработанного нами индивидуального образовательного маршрута составляют индивидуальные способности, особенности, потребности, мотивы, склонности студентов и магистрантов образовательной программы «Физическая культура». В основу проектирования ИОМ мы запланировали следующие этапы:




Рисунок 1 – Этапы проектирования ИОМ студентов ОП «Физическая культура и спорт».

Предложенные этапы могут быть применены как к учебному процессу, так и к внеурочной деятельности обучающегося, а каждый «шаг» конкретизируется специальными техниками и приемами в зависимости от содержания деятельности и индивидуальных особенностей, уровня сформированности профессиональных компетенций в конкретном виде деятельности.

Целью результативного прохождения по ИОМ является достижение студентом определенного уровня образованности (профессиональной компетентности).

Понятие «индивидуального маршрута» применительно к вузу разработано на основе лично ориентированного подхода и рассматривается в качестве целенаправленной проектируемой дифференцированной образовательной программы, обеспечивающей студенту позицию субъекта выбора, разработки, реализации образовательной программы при реализации преподавателем помощи в профессиональном самоопределении и самореализации будущего специалиста в области физической культуры и спорта.

Также расширению проблематики исследований индивидуального образовательного маршрута способствует ориентационный подход, обращение к понятию «поддержка маршрута». Поддержка рассматривалась как система взаимодействия с бакалавром и магистром, позволяющая адресовать и оптимизировать прохождение маршрута. Эта дефиниция понятие, более ограниченная, чем сопровождение, и составляет его часть. Она заключалась в применении потенциала (кадрового, материально-технического, технологического и пр.) образовательной среды вуза, некоторых ее структурно-функциональных особенностей, форм и видов взаимодействия с обучающимся для реализации маршрута.

Для осуществления поддержки большое значение придается трем функциям образовательной среды:




Рисунок 2 – Функции образовательной среды

В ИОМ можно выделить структурные блоки, схожие с структурными составляющими образовательной программы (целевой, технологический, диагностический, организационно-педагогический, результативный).




Рисунок 3 – Структурные блоки образовательной программы «Физическая культура и спорт»

В образовательном маршруте выделены три основных этапа, отвечающие каждому из них периоды и линии продвижения при получении образования. Этапы связываются с осознанием студентов и магистрантов в новой образовательной среде, с погружением в нее и с усвоением среды.

Периоды ИОМ отражают следующие положения:

- осознание обучающимся важности получения образования;-познание и утверждение себя;
- приобретение и группирование знаний;
- дифференцирование учебных предметов (областей знаний);
- осознание себя как будущего педагогического работника;
- ориентация на деятельность в качестве учителя, подготовка к ней;
- ориентация на занятия научной деятельностью, подготовка к ней.

ИОМ может продвигаться по определённым векторам (линиям).

В маршруте мы выделили три линии продвижения:

- линия личностного роста;
- линия знаний;

- линия профессионального самоопределения.

Перечисленные линии являются векторами типов индивидуальных образовательных маршрутов:

**Я-центрированный** - маршрут, направленный на овладение знаниями, связанный с формированием студентом и магистрантом себя как человека образованного; связанный с формированием студентом и магистрантом себя как будущего специалиста физической культуры и спорта.

Уникальность индивидуально-образовательного маршрута студента и магистранта заключается в том, что он дает возможность на основании контролируемой самооценки, желания к совершенствованию своих знаний и умений, увеличить объем знаний при проектировании своей учебной и внеучебной деятельности.

Однако, исходя из потребностей типов ИОМ, не все студенты и магистранты, в конечном результате достигают окончательной цели в образовательном процессе вуза. Задача нашего исследования состоит в том, чтобы максимальная часть студентов и магистрантов, была переориентирована на последний (Я - профессионал) тип маршрута.

Непререкаемым законом развития каждого индивида выступает осознание себя как субъекта деятельности, автора собственной биографии. Это необходимо понимать, чтобы наши претензии на подготовку профессионалов в вузе корректировались правдой жизни. А она такова, что при выходе в профессиональный мир выпускник вуза сталкивается с рядом системных трудностей.

При выходе в профессиональный мир выпускник вуза встречается с рядом проблем.

**Во-первых**, у молодых людей отсутствует опыт трудовой деятельности, а работодатель не имеет понятия о качестве рабочей силы.

**Во-вторых**, наличествует проблема недостаточной квалификации выпускников, что приводит их к неконкурентоспособности со старшим поколением.

**В-третьих**, модернизируемое образование только приступило через разработку и внедрение новых профессиональных стандартов к преодолению разрыва между динамичными технологическими изменениями в производстве и уровнем подготовки студентов в вузах.

Этот контекст, требует приумножения психолого-педагогической поддержки личностно-профессионального становления будущих специалистов в области физической культуры и спорта. И здесь подключаются идеи модульно-компетентного подхода, личностно-ориентированного обучения и самое главное, персонифицированного образования, т.е. естественного, природосообразного, «скроенного по индивидуальным меркам».

Цель индивидуализации в вузе – адресно подготовить каждого студента к самостоятельной профессиональной деятельности в соответствии с его природными задатками и склонностями. Эту идею можно реализовать через разработку индивидуальных образовательных траекторий для каждого обучающегося.

#### **Список литературы:**

1. Ахаев А.В., Колесникова Н.В., Проскура Е.С. Компьютерные диагностики по определению психического, физического, соматического, валеологического здоровья человека. Усть-Каменогорск, 2002.
2. Ахаев А.В. Управление здоровьесберегающим образовательным процессом. Учебно-методическое пособие/ А.В. Ахаев. – Усть-Каменогорск: Издательство ВКГУ имени С.Аманжолова, 2004.
3. Ахаев А.В., Тихилова Н.В., Колесникова Н.В. Здоровье сберегающие технологии обучения. Усть-Каменогорск, 2003.
4. Баева И. А. Психологическая безопасность в образовании. СПб., 2002.
5. Баева И.А. Тренинги психологической безопасности в школе. СПб., 2002.
6. Бардиер Г.Л. Социальная психология толерантности. // Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора психологических наук Санкт-Петербург – 2007

7. Брехман И.И. Введение в валеологию – науку о здоровье. – М.: Наука, 1987. – 125 с.
8. Брехман И.И. Валеология – наука о здоровье. – 2-ое изд., доп. и перераб. – М.: ФиС, 1990. – 208 с.
9. Брехман И.И. Проблема обучения здоровью Валеология: Диагностика, средства и практика обеспечения здоровья.- Владивосток: Дальнаука. 1995. Вып.2. С. 40-49.
10. Дубровина И.В. Практическая психология образования; Учебное пособие 4-е изд. / Под редакцией И. В. Дубровиной — СПб.: Питер, 2004. — 592 с: ил.
11. Ефремов, О. Ю. Педагогика. — СПб.: Питер, 2009.
12. Ильин, Е. П. Мотивация и мотивы. СПб.: Питер, 2000.
13. Калменов Г.Е. Некоторые аспекты валеологической подготовки будущих учителей физической культуры/ В сб. трудов международной научно-практической конференции «Туркестан и этапы становления науки и образования в Средней Азии и Казахстане» - 2001. – часть II. – Шымкент. – С. 9-13.

УДК 796.012.1

## **ЗНАЧЕНИЕ СПОРТИВНОГО ТЕСТИРОВАНИЯ ДЛЯ ОЦЕНКИ ФУНКЦИОНАЛЬНОГО СОСТОЯНИЯ СПОРТСМЕНОВ ВЫСОКОГО КЛАССА**

**Е.К. Утегенов , С.С. Саутбай, А.Б. Болатов  
Жетысуский университет им. И. Жансугурова,  
г.Талдыкорган, Казахстан**

**Аннотация.** В работе были изучены особенности реакции тренированного организма на стандартные нагрузки, в частности реакция физиологических систем. Было обследовано 40 спортсменов различной спортивной специализации. Выявлены характерные для каждого вида спорта особенности реакции на различные стандартные нагрузки. Важную роль в системе контроля состояния тренированности спортсменов играет оценка состояния сердечно-сосудистой и дыхательной систем. Спортивное тестирование это есть оценка функционального состояния различных систем организма и уровня физической работоспособности. При проведении исследования основной целью является определение физиологических реакции организма на различные уровни нагрузки. Для решения поставленной задачи были использованы стандартные тесты, используемые для оценки работоспособности, выносливости спортсменов. Физиологические реакции тренированности организма определяются путем применения различных стандартных нагрузок, они позволяют вносить коррективы по ходу самой тренировки.

**Ключевые слова:** тренированность, адаптация, стандартные нагрузки, физиологические реакции.

## **THE IMPORTANCE OF SPORTS TESTING FOR ASSESSING THE FUNCTIONAL CONDITION OF ELITE ATHLETES**

**E.K. Utegenov, S.S. Southbai, A.B. Bolatov  
Zhetysu University. after name I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan**

